Kazakistan'da bağımsızlık sonrası uluslaşması ve tarih bilincinin gelişimini anlamak için mutlaka kurucu iradeyi temsil eden Nursultan Nazarbayev üzerinde özenle durmak gerekmektedir. 6 Temmuz 1940 doğumlu olan Nazarbayev'in ülkesi ve bölgesi için değeri kuşkusuz yıllar geçtikçe daha iyi anlaşılacaktır. Sovyetlerin çöküşüne yakından tanıklık etmiş ve yurtsever duygularını akıl ve nesnellik üzerine inşa etmiş olan Nazarbayev, diğer Sovyet sonrası cumhuriyetlerin kurucu liderlerinden farklı bir şekilde, Kazak halkının bağımsızlık yolunda giriştiği mücadelenin ortaya çıkardığı bir lider olması ile ayrışır.

İnsan hakları temelinde farklı kültür ve milletlerin temel hukukunu gözeten çağdaş bir anayasa özelliğine sahip Kazakistan Anayasası'nın 1. maddesine göre; Kazakistan demokratik, laik ve sosyal bir hukuk devleti olarak insanı, insan hayatını, temel hak ve özgürlükleri en yüksek değer olarak kabul etmektedir. Anayasa, dibacesinde "Ezeli Kazak toprağı" vurgusu yaparak başlar. Anayasanın 7. Maddesinin birinci bendine göre "Kazakistan Cumhuriyetinde devlet dili Kazakçadır".[17] Kazakçanın hızla etkinlik kazanması için Şehir, yer, nehir isimlerinin Kazakça söylenişleri, cadde ve sokak isimlerinin yine buna göre düzenlenmesi esas alınmıştır. Mesela Guriev olan şehir adı Atyrau, Ural nehri, Jayık/Yayık,

---

[16] Kazakstan Tarihı Köne Zamannan Buginge Deyin (Oçerkter), Almatı, 1994.

[17] *"Biz, Ortak tarihi kaderle birleşmiş Kazakistan halkı, Ezeli Kazak toprakları üzerinde devleti kurarak, Kendimizi özgürlük, eşitlik ve barış ideallerine adamış, barışsever ve sivil bir toplum olduğumuzun bilincine vararak, Dünya toplumu içinde hak ettiği yeri almayı arzulayarak, Bugünkü ve gelecek nesiller karşısında yüksek sorumluluğumuzun bilincinde olarak, Egemenlik hakkımızdan yola çıkarak, Bu Anayasayı kabul ediyoruz.",* Türk Cumhuriyetleri Anayasaları, TÜRKPA yayınları, Ankara, 2012, s. 59- 99.

Lenin Prospekti, Azattık Dangılı olarak değiştirilmiştir. İktisadi öncelikleri, güvenlik, nüfus gibi stratejik gerekçeleri yanında Kazakistan'ın bağımsızlığının güçlendirilmesi için gerçekleştirilen en büyük proje kuşkusuz, eski Akmola şehrinin çağdaş bir şehir olarak imar edilerek 1998 yılında başkent haline getirilmesidir. Astana, Sovyet geçmişini geride bırakan, Kazakistan'ın bağımsızlık yolunda kararlılık ve iradesini, imkân ve kabiliyetlerini gösteren bir simge durumundadır.

Kazak Türkçesinin bilim dili olarak kullanılmaya çalışılması, yabancı kelimelere karşı Kazakça karşılıklarının bulunması, milli tarihin bilimsel temellerde, milli bilincin en işlek unsuru olarak kullanılması bakımından Kazakistan sessiz bir kültür devrimi sürecinden geçmektedir. Bu yolda Kazakistan Tarihi, Kazakistan Arkeolojisi, Kazak Dili ve Edebiyatı alanlarında kitaplar, ansiklopediler, sözlükler hazırlanıp Kazakistan'daki tarihi eserlerin resterasyonuna başlanmıştır. Bu yönüyle Kazakistan'daki süreç, Türkiye'nin erken Cumhuriyet dönemi uygulamalarına büyük benzerlik göstermekte, Nazarbayev de kurucu lider olarak sıklıkla Atatürk'le kıyaslanmaktadır. Onun Kazakistan'ın geleceğini kendi nazarıyla birleştirdiği "Nurlı Jol/ Nurlu Yol" , Kazakistan 2030 ve Kazakistan 2050" ufku ile birlikte düşünüldüğünde bugüne kadar yapılanlar daha iyi anlaşılmaktadır. Dünyada gelişmiş 30 ülke arasına girmiş, Refah ve barış içerisinde her yönden gelişmiş bir Kazakistan'ı hedefleyen bu strateji içerisinde Tarihçiliğin çok işlevsel bir yerinin olduğu görülecektir. Nazarbayev'in kendisi de yukarıda zikredilen Bernard Lewis'in görüşüne uygun olarak; "Bugünü anlamak ve geleceği öngörmek için geçmişe bakmalıyız"[18]görüşünü hayatının merkezine koyduğu görülmektedir.

2004 yılında Kültürel Miras Programı kapsamında Kazakistan genelinde bulunan tarihi ve kültürel anıtlar ve eserler ayağa kaldırılmıştır. Yine 2013 yılında Halkın Dönüşüm Programı aracılığıyla dünya arşivlerinde bulunan Kazakistan milli tarihi ile ilgili bütün belgelerin toplanması gerçekleştirilmiş, bunlara dayalı köklü ve kapsamlı yeni bir tarih inşasına girişilmiştir. Milli yenileşme diye adlandırılan 30 yıla yaklaşan iktidarı süresince kurumlarıyla, sürdürülebilir bir kalkınma ve bağımsızlığını her şart altında yaşatma kabiliyetine sahip bir Kazakistan'ı oluşturmanın çabası içerisinde olan Nazarbayev, son bir buçuk yıl içerisinde yayınladığı iki makale[19] ile ülkesinin geleceğini nasıl şekillendirmek istediğini açık bir şekilde halkına hitap etmektedir. Bu makalelerinden ilki "Bolaşakga Bağdar: Ruhani Jangıru/ Geleceğe Bakış: Manevi Diriliş" başlığını taşımaktadır. Kazakistan'da bu yönde büyük bir atılıma vesile olan bu ilk hitabesi "rekabet edebilirlik kabiliyeti, Pragmatizm, Milli kimliği koruma, Eğitimin yükselmesi, Evrimsel bir kalkınma, dünyayla bütünleşmeyi hedefleyen Bilincin açıklığı" şeklinde özetlenebilir. Bu çizgide 2012 yılında öngörülen Latin alfabesine geçiş süreci başarıyla sürdürülmektedir. Bu konuda, Özbekistan'ın yaşadığı sorunların dikkate alınması, 1929- 1940 yıllarında kullanılan, Ahmet Baytursunov'un emeğine dayanan alfabenin ve 1991 yılında Marmara Üniversitesi Türkoloji Kurultayı'nda alınan kararların esas alınması kolaylaştırıcı bir yol olacağı söylenebilir. Nazarbayev'in söz konusu makalesinde ifade ettiği, Kazak dilinin kökenini Orhun –Yenisey Yazıtlarındaki Türk dilinde görmesi ve 5-15 yüzyıllar arasında Türk dilinin, Avrasya kıtasının büyük bir kesiminde uluslararası iletişim olduğuna dair görüşü Kazakistan için olduğu kadar tüm Türk dünyası için fevkalade önemlidir.

---

[18] «We need to look into the past in order to understand the present and foresee the future» N. S. Nazarbayev. https://e-history.kz/en/contents/list/87

[19] Nazarbayev'in makalelerinin Türkçe neşri için bkz. Nursultan Nazarbayev, Büyük Bozkırın Manevi Dirilişi, Ankara, 2018, s. 11- 78

Nazarbayev, Rus ve Sovyet geçmişini içeren 20. yüzyılı, halkı için yabancı bir modelin dayatıldığı, demografik yapısının darbe yediği, dil ve kültürünün yok olmaya yüz tuttuğu ve çevre felaketlerinin yaşandığı acı dolu, zorbalık ve zulüm asrı olarak tanımlar. Buna karşın bu yüzyılı sadece karanlıktan ibaret göremeyeceklerini, sanayileşme ve sosyal gelişmenin yaşandığı, yeni bir aydın kesiminin oluştuğu, ciddi bir yenileşmeye fırsat veren olumlu yönlerini de belirttir. Bu yaklaşım Kazak tarihçiliğinin de temel fikri durumundadır.

Nazarbayev'in 22 Kasım 2018 tarihin de yayınladığı İkinci hitabesi "Ulu Bozkırın Yedi Yönü/Ulı Dalañın Jeti Qırı" başlığını taşımaktadır. Akıl ve bilim süzgecinden süzülen, olgun bir devlet adamının derin devlet tecrübesi ve uzak görüşlülüğünü yansıtan bu makalesinde, yine tarih bilinci ve Türk tarihi vurgusu en temel işlevi görmektedir. Kazak etnik kimliğini Kazakistan bölgesinde yaşamış tüm halkların bileşeninden oluştuğu fikrini savunmaktadır. Kazaklarda bazı boyların ve ruların adlarının Kazak adından asırlarca önce var olması, tarihi köklerinin derinliğine işaret ettiğini belirtir. Burada başka ulusların rolünü küçültmek için değil, kendi büyüklüğümüzü göstermek için tarihi bilmenin mecburiyetinden bahseder. Bozkırla özdeşleşen tarihlerinin atlı göçebe kültürü, madencilik, hayvan üslubu, Altın adam başlıkları ile arkeolojik buluntulara dayanan en eski köklerini öne çıkaran Nazarbayev, Altay bölgesinin dünya ve Türk tarihindeki yerine vurgu yaparak, Kazakistan'ı Türk dünyasının beşiği olarak tanımlar. Bunu tamamlayan, Ulu İpek Yolu'nun Eski ve Ortaçağ dünyasındaki ticari ve kültürel rolünün gelecek için de ilham verici olduğunu belirtir. Yine Kazakistan'dan dünyaya yayılan elma ve lale üzerinden Türklerin dünya uygarlığına etki ve katkısını simgeleştirir. Nazarbayev'in her zamankinden daha yüksek bir vurgu ile Türk dünyası bakış açısını, tarih görüşünün merkezine yerleştirdiği bu hitabesinde Kazakistan'ı bütün Türk uluslarının "kutlu baba ocağı" olarak niteler. Türk dünyasının yakınlaşması yolunda yapılması gerekenler için Kazakistan'ın üzerine düşen görevin fazlasını yapmakta istekli olduğunu gösteren Nazarbayev'in bu çıkışı kısa ve uzun vadede Türk dünyasında etki uyandıracaktır. Türkiye'nin dönemsel sürüklediği bir yaklaşım olmaktan çıkıp Kazakistan'ın ortak olduğu bir bakış açısına dönüşmesi Türkiye'yi bu konuda daha kararlı hale getireceği gibi başta Azerbaycan ve diğer Türk bölgelerinde de etkisini göstereceği muhakkaktır. Nitekim daha önce ortak Türk Tarih görüşünün oluşturulması yönündeki, başta 6. Sınıfa kadar okutulmak üzere Ortak Türk Tarih kitabının yazımı gibi çalışmalar büyük bir ivme kazanmıştır. Yine, Astana'daki Türk Akademisi başta olmak üzere, Türk Keneşi, Türkpa, Türksoy gibi Türk dünyası ortak kuruluşların giderek etkinliğini artıracağı öngörülebilir.

ӘОЖ 94(574)(045)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бердіғожин Л.Б.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1836-1838 жылдары Қазақстанның батыс өңірінде болған Исатай Таймануұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған азаттық қозғалысы тарихының теориялық-методологиялық мәселелері баяндалады.

Түйінді сөздер: Бөкей Ордасы, азаттық қозғалысы, Исатай Таймануұлы, Махамбет Өтемісұлы, 1836-1838 жылдар

Өткен ұрпақтардың жалпы ұлттық биік мұраттар жолында жүріп өткен жолын, осы жолда жиған мол тәжірибесін, жеткен жетістіктері мен жіберіп алған қателіктерін

ой таразысынан өткізу – отандық тарихтану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Өмір сұранысына сай,жоғарғы ғылыми теориялық және методологиялық тұрғыдан жазылған тарихи зерттеу жұмыстарының қоғамның тарихи санасы мен тағылымының қалыптасуына, мемлекеттік идеологияға ықпалы зор болмақ.

Қазақстан тұрғындарында тарихи сананы қалыптастырудың мемлекеттік концепциясында бұл мәселе кезек күттірмес маңызды мәселе ретінде қойылды.

«Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы» атты ғылыми сессияда да: «Үшінші мыңжылдыққа аяқ басарда бізге өткен-кеткенімізді қайтадан сараптамасқа жағдай жоқ. Өйткені, тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-мағынасын ұғындыра түседі» делінген [1].

Отан тарихында еш уақытта өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі – ұлт-азаттық және әлеуметтік теңдік үшін қозғалыстар тарихы. 1836-1838 жылдары болып өткен Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс ұлт тағдырына тікелей қатысы бар осы екі бірдей, яғни ұлт-азаттық және әлеуметтік теңдік тоғыстырған қозғалыс болды. Бұл қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өміріндегі жаңа құбылыс болатын. Сондай-ақ, оның түп тамыры осы тарихи мезгілдегі Бөкей ордасының қайталанбас, нақты саяси экономикалық және әлеуметтік өмірінен туындап жатты. Яғни, біріншіден Ресей әкімшілік орындарының Бөкей ордасына тереңдеп еніп, оның ішкі өміріне араласа бастауы және соның салдарынан бұл аймақтағы елдің шаруашылық және қоғамдық өміріндегі әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісіп кетуі өзара қарсы тұрған күштер арасындағы қарулы қақтығысқа алып келді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған мерекелі жиында: «Қазақ халқының өзінің жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел ретінде сақталып қалғаны оның еркіндік сүйгіш ерік жігерінің, асқақ рухының арқасы. Осы жолда арғы-бергі замандарда орын алған бас көтерулердің, қозғалыс, көтерілістердің арқасы. Елі мен жері үшін жанын пида еткен боздақтардың арқасы. Исатай мен Махамбет басқарған халық қозғалысы солардың бірі емес, бірегейі» деген болатын [2].

2003 жылы 1836-1838 жылдардағы көтеріліс идеологы Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына байланысты ЮНЕСКО-ның шешімімен мерекелік шаралардың жүзеге асырылуы да біздер атап өткен құндылықтардың әлемдік сипатын ескеруден туындаған, сонымен бірге көтеріліс тарихнамасын кешенді түрде, жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеу қажеттілігін дәлелдейді.

Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақтардың 1836-1838 жылдары орын алған қарулы көтерілістерінің тарихына 185 жылға тарта уақыт өтіп, сан алуан еңбектердің пайда болуына, ол жөнінде түрлі көзқарастар айтылып, оның тарихнамалық проблемаға айналғанына қарамастан арнайы сараптамалық еңбектер жарық көрмеді.

Қазан төңкерісіне дейін жарияланған көтеріліс жөніндегі арнаулы еңбектер саусақпен санарлық болды, бірақ олардың өзінде тарихнамалық ізденіс жоқтың қасы. Бұл жағдай Н.Ф.Савичевтің еңбегіне де қатысты [3].

Аталмыш төңкеріске дейінгі 70-80 жыл аралығында жарық көрген нарративтік әдебиеттер, этнологиялық, географиялық шолулар Бөкей Ордасының әлеуметтік, экономикалық дамуына арналды да, ондағы саяси ахуалға сипаттама бергенде ғана Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, оларға ерген қараша халық «заңды өкіметке» қарсы шыққан «бүлікшілер» ретінде көрсетілді [4]. Бірақ осының өзін де тарихнамалық ізденістің бір белгісі, авторлар көзқарасын анықтауға қажетті элемент ретінде қарастыруға болады. Ол кезеңдегі әдебиеттің көпшілігі Жәңгір ханды ұлықтауға арналды, себебі орыс отаршылдығының басқару жүйесіндегі шенеуніктер, тіпті ресми көзқарастағы тарихшылар мен этнологтар оған Бөкей ордасындағы патша

үкіметінің сенімді өкілі ретінде қарады. Тарихнамалық талдау тұрғысынан қарағанда бұл бағыттағы ізденістер де қарсы жақтың көтеріліске қатысты ұстанымдарын, оның алғы шарттарын анықтауға септігін тигізетінін мойындау керек. Қозғалысқа объективтік баға қазақ авторларының, ақын-жырауларының еңбектерінде кездеседі, бірақ оларда да тарихнамалық талдау ұшыраспайды. Оның есесіне бұл сипаттағы шығармалар оқиға барысын және оның заңдылықтарын, көтеріліс жетекшілерінің мінез-құлқын, саяси көзқарасын, халық мүддесіне өмірін қиған тұлғалар ретінде баяндаудағы шыншылдығымен және дәлдігімен ерекшеленеді. Олардың ішінде ауызша тарихнаманың құнды ескерткіші ретінде Ығылман Шөрекұлының (1876-1931/32) «Исатай-Махамбет» дастанын ерекше атауға болады [5].

С.Бабажанов, М.Бекмұхамедов еңбектерінде де тарихнамалық ізденіске қажетті сыни көзқарастардың нышаны байқалады [6]. 1917 жылға дейінгі еңбектер проблеманың тарихнамасын қалыптастыра қойған жоқ. Тек патшалық Ресейдегі және дәстүрлі қазақ қоғамындағы «қоғамдық-экономикалық формацияның «ауыстырылғаннан кейін ғана Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісті, жалпы алғанда Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихын методологиялық және методикалық тұрғыдан қайта қарастыруға жол ашылды.

Тарихнамалық зерттеудің маңызды бөлігі болып табылатын теориялық-методологиялық мәселелер қазақ көшпелі қоғамының формациялық табиғаты және Ресейдегі азаттық қозғалыстың бірлігі, оны құрайтын орыс пролетариатының әлеуметтік күресінің шаруалардың аграрлық және орыстан басқа халықтардың ұлт-азаттық қозғалысының бір арнада дамығаны, олардың тұтастығы туралы концепция эволюциясына сәйкес өзгеріп отырды.

Кеңес дәуірінің бар кезеңінде де, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс қазақ қоғамында таптық қайшылықтардың болғандығының айқын белгісі, яғни Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауына берік алғы шарттары болғандығы туралы идея аясында баяндалды.

Көтеріліс тарихнамасының қалыптасуында өткен ғасырдың 20-жылдары жарық көрген Г.Сербаринов пен А.Ф.Рязановтың еңбектері үлкен рөл атқарып, кейінгі зерттеу барысына елеулі ықпал етті [7]. Бұл еңбектер алғаш рет мұрағаттық деректерді пайдаланып, іске қосуда екендігі тарихнамалық ізденістерде аталып өтілді. Бұл кезеңдегі ғана емес, жалпы алғанда бұл көтеріліс тарихнамасында Х.Досмұхамедұлының шығармалары ерекше орын алады. Ол Қазақстандағы ұлттық қозғалыстардың барлығында патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы бағытталғандығы, олардың бірін «прогрессивтік» деп, екіншілерін – «феодалдық-монархиялық қозғалыстар» деп бөлуге болмайтындығы, «бірыңғай ағым теориясы» тұрғысынан қарастыру керектігі туралы пікірді ұсынды [8].

Бұл тұжырымның әлем елдерінің тарих ғылымында танылғанына және тарихи шындықтан туындағанына қарамастан қазақ зиялыларының бұл секілді концепциялары марксистік-лениндік методологияға көше бастаған зерттеушілер тарапынан қарсылыққа ұшырады. Ғылыми ізденістер, сессиялар мен конференцияларда орын алған пікірталастар барысында 1836-1838 жылдардағы көтерілісті – шаруалар көтерілісі ретінде көрсетуге тырысушылық үстем жағдайға ие болды. С.Ж.Асфендияровтың, М.Ақынжановтың, М.Якуниннің, М.Вяткиннің, В.Ф.Шахматовтың еңбектерінде көтерілістің «бүлікшілік» сипаты да, «бірыңғай ағым» теориясынан туындайтын тұжырымдар да сынға алынып, оның таптық сипаты баса көрсетілді. Тарихи ой-пікірдің эволюциясындағы бұл межелік кезеңді А.И.Зевелев пен Ш.Абдуллаевтың 1951 жылғы «Отарлық кезеңдегі Орта Азия мен Қазақстандағы ұлттық қозғалыстың сипаты туралы пікірталастар» деген мақаласы көрсетті [9].

1950-жылдардан толық үстемдік құрған осы концепция тарихи ой-пікірдің дамуының кейінгі кезеңдеріне де тән болды. Ол өткен ғасырдың 60-80-жылдары дүниеге келген Е.Бекмахановтың, С.З.Зимановтың, Ф.Дахшлейгердің, С.Е.Толыбековтың, И.Кенжалиевтің, Ж.Қасымбаевтың, т.б. ғалымдардың нақтылы еңбектерінде, алғы сөздері мен ғылыми түсініктемелерде көрініс тапты [10].

1970-80-жылдарда көтеріліс тарихын зерттеуге арналған еңбектерді жүйелеу қысқа шолуларда эмпирикалық түрде жүргізілумен қатар, бұл бағытта біршама ілгерілеу байқалды. Көтеріліс тарихының кейбір қырлары Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының барысы мен сипатына арналған Д.И.Дулатованың «Революцияға дейінгі Қазақстан тарихнамасы» деген еңбегінде, осы тақырыптағы докторлық диссертациясында, түрлі ғылыми жинақтар мен конференциялардың материялдарында баяндалды. Олар көтерілісті зерттеудегі жоғарыда аталған концепциялық тұжырымға күрделі өзгерістер енгізе қойған жоқ [11].

Қазақстан тарихын, оның ішінде қарастырылып отырған тақырыпты да зерделеуде, тарихи ой-пікірдің дамуында тарихнаманың құрамдас бөлігі және теориялық негізі болып табылатын методологиялық ізденістердің орнын атау керек.

1980-жылдардың аяғында 1990-жылдардың бас кезінде бұл салада Ж.Қасымбаевтың, Н.Е.Бекмахановтың, А.К.Бисембаевтің мақалалары жарияланды [12]. Бұл авторлардың ізденістері кеңірек түрде З.Алдамжаровтың «Тарих: пайым мен тағылым» деген 2003 жылы жарық көрген түрлі мақалалар жинағында жалғасын тапты. Ондағы тарихтың методологиялық мәселелеріне арналған бөліміне К.Л.Есмағамбетов пікір білдірді. Ол жөнінде баспасөз бетінде де рецензия жарияланды [13]. Дегенмен бұл сала отан тарихының терең де, жан-жақты зерттеу нысанына айнала алмай келеді.

Кеңестік дәуірдегі тақырып бойынша тарихи ой-пікірдің дамуын түйіндеп көрсек, өзара қайшылықта екі үрдістің орын алғанын көреміз. Біріншісі – мұрағат деректерін кең түрде ғылыми айналымға қосу; екіншісі – осы деректерді пайдалану, сұрыптау мен пайымдауда таптық принципке негізделген маркстік методологиялық танымдық деңгейінің біржақтылығы, оның үстіне тарихи шындыққа негізделген қазақ зиялылары Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедұлының, М.Тынышбаевтың, Т.Шонанұлының және басқа да ХХ ғасырдың бас кезіндегі еңбектердегі тұжырымдарға тоталитарлық режимнің тиым салуы көтерілістің шынайы тарихнамасының қалыптасуына үлкен кедергі болды.

Көтеріліс туралы зерттеулердің деректік негіздері ауызша тарихнама мен халық жадында сақталған мәліметтермен толыға түсті. Өткен ғасырдың 20-30-жылдары Ы.Шөрековтың, А.Маметовтің, Т.Байшеркешовтің шығармалары мен ізденістері, жазушылар Қ.Жұмалиевтің, Б.Аманшиннің, Ә.Сарайдың еңбектерінде жалғасын тапты. Бұлардың жұмыстарында мұрағат материалдарын да пайдалану да сезіледі, бірақ олардың басты кемшілігі – салыстырмалы талдаудың, яғни деректерді ішкі, сыртқы сынға алудың аздығы. Соңғы жағдай, яғни аталмыш авторлар еңбектерінің ғылыми-анықтама аппаратымен жабдықталмауы оларды тарихнамалық тұрғыдан талдауды қиындатады.

ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап Қазақстандағы идеологиялық және саяси жағдайдың өзгеріске ұшырауы, тарихшы ғалымдар маркстік методологиядан плюралистік көзқарасқа негізделген өркениеттік теорияға және «көп факторлы» теорияға көше бастады. Бұл үрдіс тарихи санамен тығыз байланыста екендігін айқын көрсетті.

Өткен ғасырдың 20-жылдары ұсынған Х.Досмұхамедұлының «бірыңғай ағым теориясын» басты методологиялық принцип ретінде қарастыруы, біршама авторлардың көтерілістің тек әлеуметтік сипатта болғандығы туралы кеңестік концепцияны ұстануымен қабаттаса жүруде. Соңғы ағым өкілдері ретінде В.З.Галиевті,

Ж.Қасымбевты атауға болады [14]. Көтерілістің ұлт-азаттық сипатын және оның алғы шарттарында әлеуметтік қайшылықтарға негізделген факторлардың да болғандығын тану М.Қ.Қозыбаевтың, М.Қойгелдиевтің, Х.Әбжановтың, Н.Е.Бекмаханованың т.б. авторлардың еңбектеріне тән [15]. Зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей қатысы болмаса да, оны Қазақстан тарихының басқа проблемаларына орай қозғап өтетін тарихнамалық және деректанулық еңбектер пайда болды [16].

Соңғы кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінде К.Л.Есмағамбетовтың «Азат рухтың күрескері» атты монографиясы дүниежүзілік тарих ғылымының жетістіктерін, Ресей және Қазақстан мұрағаттарындағы материаалдарды кеңінен пайдалануымен, көтерілістің нақтылы тарихын тарихнамалық ізденістермен ұштастыруымен ерекшеленеді [17]. Сонымен қатар автордың «Махамбет әлемі» сериясынан «Арыс» баспасынан шыққан кітаптарға жазған алғы сөздері мен ғылыми түсініктемелерін атау керек.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының, оның ішінде Исатай Таймануұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістің шетелдік тарихнамасы толық зерттелді [18].

Зерттеліп отырған тақырыпқа қатыстылығы жөнінен Ғ.Д.Мұхтарованың «XVIII ғасырдың соңғы ширегі – XIX ғасырдың 70-жылдарындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі» деген кандидаттық диссертациясын және осы тарихнамалық проблема бойынша жарияланған мақалалары ғана бар [19]. Көтеріліс жөнінде және Бөкей хандығының тарихы жөнінде құжаттар жинағы жарық көрді [20]. Осыған қарамастан «Бөкей хандығының тарихы» жинағының алғы сөзінде аталмыш көтеріліс жай ғана «қарсылық қозғалысы» болды деген пікір жалғастырылады [21].

Отандық тарихнамада орын алып келе жатқан кейбір қайшылықты пікірлер мен Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына байланысты өткізілген ғылыми-теориялық конференциядағы баяндамаларда да 1836-38 жылдардағы халық қозғалысы туралы тың ойлар ортаға салынды [22].

Мұның өзі де 1836-1838 жылдары Бөкей ордасында, кейін Жайық өзенінің азиялық бетінде орын алған Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің барысы, заңдылықтары мен ерекшеліктері, сипаты мен оның қазақ қоғамына тигізген ықпалы, ұлт-азаттық қозғалысындағы орны мен рөлін бір жарым ғасырдан астам уақыт зерттеп келе жатқан тарихшылар, этнологтар, географтар, жазушылар мен басқа да авторлардың еңбектерін бір арнаға түсіріп, олардың ізденістерінің теориялық-методологиялық негіздерін анықтауды, арнайы жүйелі зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы: Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары. А., 1999.
2. Егемен Қазақстан. 2003. 16 қараша.
3. Қараңыз: Савичев Н.Ф. Исатай Тайманов – старшина внутренней орды // Уральские войсковые ведомости. 1876. N46-51; 1877. N1.
4. Қараңыз: Ханыков Я.В. Очерк состояния внутренней орды // Зап. ИРГО. КН. 1-2. 1849. с 121-148; Бларамберг И.Ф. Военно-статическое обозрение земли киргиз-кайсаков внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) Орды Оренбурского ведомства.СПб, 1848; его же. Очерки волжского низовья // Журнал МВД. 1852. Т. 39; Мейер Л. Киргизская степь Оренбурского ведомства. СПб, 185; Еврейнов А. Внутренняя Или Букеевская Киргиз-казачья Орда // Букеевской Орде 200 лет. Кн. 4. А., 2001; Алекторов А. Очерки внутренней Киргизской Орды // Изв. Оренбургского отдела ИРГО. 1893. 2-е изд. с 25-26.

5. Шөреков М. Исатай–Махамбет. А. 2001. 240 б.

6. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. А., 93. 80-б; Әлімгереев Ө. Мақаш әкім. (Ганюшкино селосы, Атырау облысы). Г., 1992; 116-б.

7. Сербаринов Г. Исатай Тайманов (Очерк народного движения в Букеевской Орде в 1836-1838 гг.). Оренбург, 1925. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимоость казахского народа (1797-1838 гг.). В 2-х книгах. Кзылорда, 1926; его же. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг.). Очерки по истории национального движения Казахского народа // Труды Общества изучения Казахстана. 1927. Вып. IV. I. VIII. (Бұл еңбек 1991 ж. қайта жарияланды).

8. Досмұхамедұлы Х.Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет; Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат; Исатай кім? // Таңдамалы.А., 1998. 29-65 беттер.

9. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Т. 1.А., 1936 (Екінші басылымы – 1993. 304 б); сонькі. Қазақстан тарихының очерктері. А., 1994. 120 б. (Еңбек 1935 жылы дайындалған. Автордың қуғынға-сүргінге ұшырауына байланысты жарық көрмей қалған). Ахинжанов М. Народный батыр // Социалистическая Алма – Ата. 1938. 8 апреля; Ахинжанов М., Джусупбеков С. Восстание казахов под руководством Исатая-Махамбета // Ленинская смена. 1939. 10 ноября; Якунин А. Освободительное движение трудящихся казахов // Болшевник Казахстана. 1939. N6.С. 24-36; его же. Исатай Тайманов, вождь национального освободительного восстания казахов в 1836-1838 годах // Исторический журнал. 1940. N4. с. 73-81; Вяткин М. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова // Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. Том I. С древнейших времен до 1870 г. ОГИЗ. Госполитиздат, 1941. с. 214-263; его же. К вопросу о крестьянских войнах в Казахстане // Вопросы истории. 1945. N3-4. с. 19-26; Шахматов В. Некоторые новые данные к биографии Махаамбета Утемисова // Литература и искусство Казахстана. 1941. N5. с.60-66; его же. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. А-А., 1946. с. 254; Зевелев А.И., Абдуллаев Ш. Дискуссии о характере национальных движений в Средней Азии и Казахстане в колониальный период / Вопросы истории. 1951. N9. С. 173-177.

10. Бекмаханов Е. Ішкі Орда шаруаларының 1836-1837 жылдардағы көтерілісі // Коммунизм заңы. 1956. 9 мамыр; Дахшлейгер Г.Ф. Историяграфия Советского Казахстана. А-А., 1968. 192 с. Кенжалиев И.Тайманұлы Исатай. А., 1977. 111 б.; Сонькі. Махамбет Өтемісұлы.А., 1979. 104 б.; Сонькі. Исатай-Махамбет. А., 1991. 192 б.; Толасбеков С.З. Кочевое общество казахов в XVII – начало XX вв. А-А., 1971. 673 с. Шойынбаев Т. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. А-А., 1982. 279 с.; Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. А-А., 1982. 171 с.; Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.). Орта мектеептің 9-класына арналған оқулық. 2-басылымы. А., 1993. 191 б.

11. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.). Автореферат дис. ... д.и.н. М., 1986. 61 с.; ее же. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг). А-А.; Наука, 1984.272 с.; Народно освободительное движение в Казахстане в XVIII – XX веках. Актюбинск., 1992. 104 стр. Национальные движения в условиях колониализма. Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ. Целинонград, 1991, 120 стр.

12. Қасымбаев Ж.К.Основные проблемы и задачи изучения классовой борьбы казахского крестьянства в советской историографии // Вопросы историографии и источниковедения (дореволюционный период). А-А., 1988. с. 5-24; его же. Главный девиз: Обьективность. О проблемах истории Казахстана XIX – начала XX вв. // История Казахстана: Белые Пятна. А-А., 1991. с. 332-346; Бекмаханова Н.Е. К методологии изучения национально-освободительного движение в Казахстане и Северном Кавказе в

первой половине XIX в. // Народно-освободительное движение в Казахстане в XVIII – XX веках. Актюбинск, 1992. с. 64-66; Бисембаев А.К. К вопросу об изучении национально-освободительных движении XIX – начала XX вв. в Казахстане // Казахстан в начале XX века.А., 1993.

13. Қараңыз: Алдамжар З.А. Тарих пайым мен тағылым. А. 2002. 288 б.; Есмағамбетов К.Л. Отан тарихының өзекті мәселелері хақында // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2003. N2(29). 165-168 б; Жұмаханұлы Қ. Пайым мен тағылым // Қазақ әдебиеті. 2003. 14-20 қараша.

14. Галиев В.З. Восстание казахов под предводительством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова // Исторический опыт защиты Отечества. А., 1999. с. 119-126; Қасымбаев Ж. Исатай мен Махамбет бастаған халық-азаттық көтерілісі // Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3-том. А., 2002. 337-344 беттер.

15. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. А., 1994 (Мұнда автордың Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы туралы тұғырнамасын 115-125-беттерден қараңыз); Бекмаханова Н.Е. Россия и Казахстан в освободительном движении (последняя четверть XIII – первая половина XIX в.). М., 1996. 256 с; Мәшімбаев С.М. Патшалы Ресейдің отарлау саясаты. А., 1994. 135 б; сонымен: Кіші жүз жеріндегі Ресей империясының әкімшілік-отарлау саясаты (XIX ғ. 20-30-жылдары) // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. 1996. N3. 17-25 бб; Сонымен. Патшалы Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы (XVIII ғ. 30-ж.ж. – 1868 ж.). Тарих ғыл. докторы ... авторефераты. А., 2001; Қойгелдиев М., Исатай старшын және Жәңгір хан // Егемен Қазақстан. 2003. 6 қыркүйек; Әбжанов Х. Ұлттың ұлы ұраншысы // Сонда. 2003. 12 қыркүйек.

16. Кентбеков С. Проблема историографии и основные принцы периодизации истории досоветского Казахстана. Автореферат ... к.и.н. Костанай., 1996. Стр. 19; Нұргалиева Л. 1917-1937 жылдардағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде. Тарихнамалық зерттеу. Тарих ғылымының кандидаты ... авторефераты. А. 1998. 23-б; Мұхатова О.Х. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы (XIX ғ. соңы – XX ғ.). Тарих ғыл. докторы ... авторефераты. А., 1999. 50б; Сәулембекова М. Қазақ мерзімді басылымдарындағы тарихи мәселелер: Тарихнамалық талдау. (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы). А., 2002. 32 б; Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 ж.ж.). А., 2000. 358 б; сонымен. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2003. 286 б.

17. Есмағамбетов К. Азат рухтың күрескері. А., 2003. 176 б.

18. Есмағамбетов К.Л. Алы сөз // Махамбет әлемі. II кітап А., 2003. 7-18 б; Ғылыми түсініктеме / Сонда 322-324 б.; Алғы сөз // Махамбет әлемі 9-кітап. Исатай-Махамбет (1801-1848). Құжаттар. А., 2003. 7-21 беттер. Есмағамбетов К.Л. Национально-освободительные движения казахов в трух западноевропейских и американских исследователей // История. Сб. статей. А-А, 1970. Вып. IV. с. 144-154; его же. Действительность и фальсификация (англо-американская историография). А-А., 1976. 200 с.; его же. Историко-этногрофическое изучение дореволюционного Казахстана в Англии и США. Дис. ... на соискание уч. степени к.и.н. В форме научного доклада. М., 1990. 26 с.; его же. Что писали о нас на западе. А-А., 1992. 152 с.; сонымен. Қазақтар шетел әдебиетінде. А., 1994. 240 б.; его же. Зарубежная историография истории Казахстана (с древнейших времен до 90-х годов XX в.). Автореферат ... д.и.н. А., 2000. стр. 48;

19. Мухтарова Г.Д. К методологии изучения движений протеста против царизма в Казахстане в последней четверти XVIII – XIX вв. // Вестник КазГУ. Сер. ист.1993. Вып. 2. Ее же. В поисках критерия оценки движений протеста царизма в Казахстане // Теоретико-методолическое проблемы истории Казахстана: Доклады и тезисы

межвузовской научной конеренции. А., 1993. Ее же. Национально-освободительная борьба казахского народа в последней четверти XVIII – 70-е годы XIX вв. (Актуальные проблемы историографии). Авторефер. дис. ... к.и.н. А., 1997. 27 с.

20. История Букеевского ханства 1801-1852 гг. Сб. док. и материалов. Сост. Б.Т.Жанаев, В.А.Иночкин, С.Х.Сагнаева. А., 2002. 1120 с.; Махамбет әлемі, 9-кітап. Исатай-Махамбет (1801-1848). Құжаттар. А., 2003. 347 с.

21. См: История Букеевского Ханства. С. 17.

22. Махамбет: Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. А., 2002. 171 б.; Ер Махамбет. Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихының өзекті мәселелері» атты аймақтық ғылыми практикалық конференциясының материалдар жинағы. Қостанай, 2003. 242 б.; Махамбет: Ерлік пен елдіктің өшпес рухы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Атырау, 2003. 1-бөлім. 304 б.; 2-бөлім. 260 б; 3-бөлім 100 б.

ӘОЖ 94(574) (045)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ермұқанов Е.Н., Әуелбеков Ө.С.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихының жеткілікті көңіл аударылмай келе жатқан кейбір мәселелері қарастырылады. Әсіресе,автор көтеріліс тарихнамасына, сипатына, көтеріліс барысындағы ұлтаралық қақтығыстарға, көтеріліс салдарынан ауа көшкен қандастарымызға қатысты мемлекетаралық келіссөздерге, тыл жұмысына шақырылғандардың жөнелтілу проблемаларына назар аудартады.

Түйінді сөздер: ұлт-азаттық көтеріліс, ұлтаралық қақтығыс,көтеріліс сипаты, мемлекетаралық келіссөздер.

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы отандық тарихнамада біршама зерделенгенімен әлі де назар аударарлық тұстары аз емес.Соның ішінде көтерілістің аймақтар бойынша зерттелуі аса өзекті.Өйткені бізге белгілі Жетісу, Торғай облыстарынан басқа өлкелерде де ірі қарулы көтерілістер болғанымен жекелеген өңірлер зертеу нысанына айнала қоймағаны жасырын емес.Мәселен, академик М.Қ.Қозыбаев өз еңбектерінде ерекше көңіл бөлген Мерке-Шу ошағы өз зерттеушісін әлі де күтуде.Қазақстанның орталық аймағындағы ірі бас көтерулер мен Қытаймен шекаралас шығыстағы көтерілістерді де жан-жақты зерттеу уақыт еншісінде қалып келеді.

Көтеріліс тарихнамасында оны алғашқы зертеушілер туралы да мардымды ештеңе айтылмайды. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті зертеу көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың сонау 1920 жылдардың ортасында жарық көрген «Шығысты азат ету жолындағы күрес тарихынан» деген ең алғашқы мақаласынан[1] бастау алады. Ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығына орай Қызылорда қаласынан басылып шыққан Т.Рысқұловтың «Орта Азиядағы түздіктердің көтерілісі» деген екі томдық еңбегі [2] көтеріліс тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерделеген зерттеу жұмыстарының бірі. Сондықтан Тұрар Рысқұловты 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті

ең алғаш зерттеген тарихшыларымыздың бірі деп есептеуімізге болады. Және Т.Рысқұлов жай жалаң түрде емес, жан-жақты, әсіресе осы көтеріліске алып келген алғышарттарды, көтерілістің салдарларын тереңірек ашып көрсете білді.Т.Рысқұловтың бұл еңбегі қалың көпшілікке әлі де кеңінен таныс емес. 1990 жылдардың ортасында аталмыш еңбекті тарихшы О.Қоңыратбаевпен бірге орыс тілінен аударып, «Лениншіл жас» газетіне үзінділерін жариялаған едік.Бірақ еңбек тұтастай күйінде жарық көремей келеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын зерттеу бүгінгі таңда да толастаған емес. Өйткені, көтерілістің барлық аймақтары кейінгі кезде айналымға қосылған архив деректері негізінде жан-жақты толықтай зерттеліп болған қойған жоқ.

1916 жылы бүкіл қазақ даласы көтерілді.Көтеріліске қатыспаған қазақ ауылы, қазақ азаматы кемде-кем.Тіпті, қазақ жерінде көтеріліске қатыспаған аймақ жоқ десе де болады.Алайда бүкілқазақстандық сипат алған көтерілістің жекелеген аймақтары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеле бастады. Мәселен, Қазақстанның Батыс аймағындағы көтеріліс тарихын марқұм, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің доценті Беркін Құрманбеков зерттеп, осы еңбегін 1998 жылы сәтті қорғады. Зерттеушінің пікірінше, еліміздің Батыс аймағында да көптеген көтеріліс ошақтары болған. Оның ішінде Ырғыздағы көтеріліске ерекше бөле жара тоқталады. Ырғыз уезіндегі көтеріліс Торғайдағы көтеріліс сияқты 1917 жылдың ақпан төңкерісіне дейін жалғасқан көтерілістердің бірі деп көпшіліктің назарын аудартады. Әсіресе, бұл жақта Кенжеғара болысының ханы болған Айжарқын Қанайұлы бастаған көтерілісшілер Ақпан төңкерісіне дейін күресін тоқтатпағанын және бұл аймақтардағы көтерілістерге бірнеше хандардың басшылық жасағанын атап көрсетеді. Оның ішінде, Аманкөл болысында Әжіке Қаражановты, Тәуіп болысында Әйімбет Шобановты, Қызылжар болысында Тайшым Орысұлын, Кенжеғара болысында Айжарқын Қанайұлын, Бақсайыс болысында Жұмағазы Жүргеновті, Талдық болысында Сейсекен Тілегеновті, Белқопа болысында Көптілеу Қосқұлақовты халық өздеріне басшы етіп, хан сайлаған[3]. Бас көтерген ел өздері сайлаған хандарының соңынан ерді. Бұлар патша өкіметіне қарсы күресін табанды түрде жүргізді. Бір айта кетерлігі көтеріліс кезінде бүкіл қазақ даласында 50-дей көтеріліс басшылары-хандар сайланғаны айтылады.Алайда анықталғандары әлі де сол санаулылар.

Ырғыз өңіріндегі ірі шайқастар негізінен қараша айында басталған.

Өйткені халық жаппай көтерілгеннен кейін патша өкіметі қазақ жеріндегі тыл жұмысына алуды алдымен 15 қыркүйекке дейін, ал Торғай мен Ырғызда 15 қарашаға дейін шегерген болатын. Сондықтан да 15 қарашадан кейін Ырғыз аймағында ашық көтерілістер кең етек алды.

Жұмағазы Жүргенов бастаған Бақсайыс болысының көтерілісшілері 27 қарашада Қарақұдықтан бес шақырымдай жерде патша әскерімен кездесіп, ірі шайқас болады. Ырғыз көтерілісшілері де жасақтарын ондық, жүздік, мыңдық деп бөліп, соғыс жүргізудің әскери тәсілдерін пайдаланған. Әрине, патшаның зеңбірекпен, пулеметпен, винтовкамен қаруланған сақадай сай жазалау отрядына қарсы тұру қиын. Бірақ, бұлар осындай мұздай қаруланған әскер келе жатыр-ау деп қаймықпай, сол әскерге қарсы шығып, шайқасқан. Жұмағазы Ақтөбе түрмесіне жабылып, патша құлаған соң түрмеден босатылады. Бірақ ол 1930 жылдары тағы да халықты көтеріліске бастап шығып, ақыры советтің түрмесінде қайтыс болады.

Бұдан кейін Ырғыз уезіндегі Аманкөл, Тәуіп, Қызылжар болыстарының біріккен күштері Қожакөл деген жерде Ақтөбеден келген фон Розенің әскерімен шайқасып, көтерілісшілер 800-дей адамынан айырылады. Бұдан кейін 3 желтоқсанда көтерілісшілер Қаракөл деген жерде фон Розенің әскеріне тағы да қарсы шығып, көтерілісшілер 500-дей адамынан айырылады.

Айжарқын Қанайұлы басқарған Кенжеғара болысының бес мыңдай көтерілісшілері 24 қарашада Қызылкөл деген жерде патша әскерімен соғысады. Жазалау отрядтары да бүкіл әскерін төгеді. Кейбір деректерде зеңбіректерден 2200-ге дейін оқ атылғаны жазылады. Қызылкөлдегі шайқаста жеңілсе де Айжарқын патша әскерлеріне берілмей, Арал жағына қарай шегініп кетеді де, патша тақтан түскенше күресін тоқтатпайды[3,23-39 бб.].

Отандық тарихнамада қазірге дейін зерттелмей келе жатқан аймақтардың бірі– Мереке-Шу өңірі.Ырғыз уезіндегідей қанды шайқас Әулиеата уезінде де орын алды. Мәселен, Әулиеата уезінде Аккөз Қосанов бастаған көтерілісшілер патша әскерімен кескілескен шайқастар жүргізеді. Академик Манаш Қозыбаев Қазақстандағы көтерілістің Меркі-Шу бойы арқылы Орта Азияға ұласқандығы жөніндегі пікірі негізсіз емес. Меркі-Шу бойындағы көтерілісшілер де патша әскеріне қатты қарулы қарсылық көрсеткен.

Кейінгі кездерде Ташкент мұрағатынан біраз құжаттар табылды. Сол деректерде Меркі-Шудағы көтеріліске шамамен он мыңдай адам қатысқандығы айтылады. 29-30 тамыз күндері Меркі түбінде үлкен шайқас болады. Деректерде осы аймақтағы көтерілістің 38-дей басшысы болғандығы айтылады[2,37 б.].

Кескілескен үлкен шайқастардың бірі 15-17 қыркүйек аралығында Шу-Талас бойындағы Аманкөл деген жерде болып, оған 3 мыңдай көтерілісші қатысады. Бұл көтерілісшілерге хан сайланған Нұрлан Қалыбеков, Урбанбақ деген кісілер басшылық жасайды.

Қазақстан тарихында ат үсті айтылғаны болмаса арнайы зерттелмеген аймақтардың бірі–Далалық өлке.Яғни Ақмола және Семей облыстары. Ақмола мен Семей облыстарында да үлкен шайқастар болды. Ақмола мен Семей жеріндегі көтерілісті басуға патша әкімшілігі генерал Ягодкин, полковник Ивановтар бастаған әскерлерін жіберді. Бұл әскерлер құрамында 12 атты әскер жүздігі, 11 жаяу әскер ротасы бар болатын. Олардың барлығы винтовкамен, пулеметпен, зеңбірекпен мұздай қаруланған. Қаша жүріп соғысатын көтерілісшілерді тез қуып жету үшін жоғары жақтан автокөлік сұрап,жеңіл машинаны да пайдаланған.

Негізі, Ақмола облысы қазақтың ең бір қатты отарланған жерлерінің бірі болатын. Жалпы, қазақ жеріне 1,5 миллиондай орыс переселендері әкелінсе, солардың 56 пайызы осы Ақмола облысына орналастырылған. Міне, патша жарлығы шыққаннан кейін осы аймақтардағы қазақтар «Әскеріңе де, қара жұмысыңа да бармаймыз! Өлсек, өз жерімізде соғысып өлеміз!» деп қолдарына іліккен қаруларын алып, көтеріліске шығады.

Ең соңғы ірі шайқас қарашаның 30-ы күні Ереймен болысының Төрежал деген мекенінде болады. Ереймен мен Қоржынкөл болыстарының төрт-бес мың көтерілісшілері патша әскерлерімен қаймықпай соғысады.

Шығыс өңірдегі қақтығыс Георгиевка деген жерде басталады. Одан кейін 19 шілдеде Тайынты болысында үш мыңдай көтерілісші патша әскеріне бас салады.

Патша әкімшілігі мұндай қарсылықтың боларын алдын ала болжап, бес қаруы сай әскер алып келген. 30 қыркүйектегі қақтығыста қазақтар 60-тай адамынан айырылады.

Атбасар уезіндегі Қаражар деген жерде де үлкен шайқас болды. 23 қыркүйекте полковник Ивановтың әскеріне қарсы Қаражардағы шайқас екі күнге созылады. Екі күндегі ұрыста қазақтар жүзге жуық адамынан айырылады. Патша әскерлеріне қарсы екі мыңдай көтерілісші шайқасты.

Шайқас Павлодар уезінде де орын алды. 23-29 қыркүйек аралығында Павлодар уезінің Алабас деген жерінде қазақтар патша әскеріне жеті күн бойы қарсылық көрсетеді.

Патша әскеріне қарсылықтар Ақмола уезінде 3 қазанда Айнабұлақ деген мекенде болады. Бірен-саран шиті мылтықпен қаруланған көтерілісшілер қаймықпай, келесі 4 қазанда қайтадан шайқасқа шығады.

Ақмола уезіндегі көтеріліс үлкен сипат алды. Қорғалжынның маңында көтерілісшілерден отыз мыңдай адам қатысқан үлкен шайқас болады.

Ақмола уезіндегі көтеріліске Нұрлан Қияшев басшылық жасады. Шілде-тамыз айларында Қарқаралы уезінің Қызылтау болысында алты жүздей адам бас қосқан жиында Нұрлан Қияшевті осы аймақтағы көтерілістің басшысы етіп, хан сайлайды. Көтерілісшілер тегеурінді, ұйымдасқан қарсылық көрсеткендіктен, патша өкіметі бүкіл әскерін осы аймаққа төкті. Қазан айы бойы осы аймақтан әскерін шығарған жоқ. Соңғы бір шайқастарында жеңілген Нұрлан Қияшевтің кейінірек Қытайға өтіп кеткендігі туралы деректерде кездеседі[4].

Көтеріліс тарихында назар аударар тағы бір мәселенің бірі-көтерілістің қозғаушы күштері болатын.Кеңестік әдебиеттерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс империалистік езгіге және жергілікті феодалдарға қарсы бағытталды де баға берілді. Бұл баға шындықтан алыстау болатын. Бүкілресейлік революциялық қозғалыстың бір бөлшегі деп танылған азаттық қоғалысының кеңес дәуірінде басқаша бағалануы әсте мүмкін де емес-тін. Қоғамда үстемдік еткен қасаң таптық пайымдау бір жағынан сол кездің уақыт талабы да.Шын мәнінде архив қорларындағы деректер керісінше, елдегі ауқаттылардың көтерілісті қолдағанын айғақтайды.Көтеріліске басшылық еткен болыстар мен билер,қожа мен старшындар аз болмады. Елге сөзі өтетін, ел басқарған, беделді тұлғалар осы әлеуметтік топтар болатын. Мысалы, Меркідегі көтеріліс басшысы-Аққөз Қосанов, Ақмоладағы 30 мың көтерілісшіні басқарған Нұрлан Қияшев бұрын болыс болған. Зайсан уезіндегі көтерілісті басқарған Мірсәлім Бектенов дәл сол кезде болыстық қызмет атқарған, 12 болысқа ықпалы бар беделді адам болатын. Зәкәрия Есеналин деген адам да өзінің аймағын басқарып отырған. Сәкен Сейфуллиннің еңбегінде келтіретін далалық өлкедегі көтеріліс басшылары-Әлсен Шушумов, Оспан Шонов та қажылыққа барып келген ықпалды адамдар.

Ел басына күн туған кезде қазақтардың қай-қайсысы болсын мүдделерінің ортақ екендігіне көздері жетті. Бұл – халықтың ұлттық санасының өскендігінің көрінісі. Көтерілісшілердің сана-сезімі ұлттық мүдделерді түсінетіндей деңгейге жетті деп бағалауымыз керек.

Биыл көтеріліске 105 жыл толғалы отыр. Бірақ біз кезінде Тұрар Рысқұловтардың көтеріліске қатысты пайымдауын әлі күнге дейін айта алмай жүрміз. «Бұл көтеріліс кімге қарсы бағытталды?» деген сұраққа мықты, белді деген зерттеушілеріміздің өзі «империяға қарсы» деп жауап береді. «Қандай империя?» Ресей империясы. «Ресей империясы деген кім?» Арғы жағын нақтыламаймыз. Шынына келгенде кімге қарсы көтерілдік?

Кең ауқымдағы тұлға Тұрар Рысқұлов «Бұл –орыс билігіне, орысқа қарсы көтеріліс» деп ашығын айтады. Біз соны айта алмаймыз қазір. Тіпті өткен ғасырдың 20-жылдарындағы зерттеушілерден де төмендеп, құлдырап кеткендейміз. Олардың айтып, жазып кеткенін айтудың өзіне қазір рухымыз жетпейді.

1916 жылдың шілденің 17-сінде А. Куропаткин генерал-губернатор болып келгеннен кейін Түркістан аймағы соғыс жағдайында деп жарияланды. Бұл не деген сөз? Патшаның жазалау отрядтары осы уақытта қазақ даласында кезіккен жергілікті тұрғындарды әскери-далалық сотқа тартып отырды. Енді олар жолай ұшырасқан қазақтарды ұстап алып, «көтеріліске қатысты» деп айыптап, сотсыз, тергеусіз өздері шешім шығарып, 24 сағаттың ішінде атып тастайтын болған.

Мысалы, мына бір деректе подполковник Алтарцев басқарған отряд Күтемалды стансасында Аманқұлов пен Еркінбаев деген екі қазақты ұстап алып, екеуін орыс

әскеріне шабуыл жасады деп айыптап, оларды дарға асуға үкім шығарады. Және де олардың шығарған үкімі 24 сағаттың ішінде орындалады.

Мұндай деректер өте көп. Бұл мәселені тереңірек зерттеген Ғайрат Сапарғалиев ағамыздың 1966 жылы шыққан «Патшалықтың Қазақстандағы жазалау саясаты» деген еңбегінде Түркістан өлкесінде көтеріліске қатысты үш мыңдай іс қозғалғандығы туралы айтады[5]. Бұл тек Түркістан аймағында ғана. Ал бүкіл Қазақстан бойынша қаншама іс қозғалды? Ал іс қозғалмай атып тасталғандары қаншама? Өйткені, көтеріліс кезінде тұтастай ауылдарды бір адамын қалдырмай өртеп жіберу, кездескен қазақтарды атып кету – орыс әскері үшін қалыпты жағдай болған.

Сол бір қырғыннан аман қалудың өзі оңайға түскен жоқ. Негізі, отарлаушы халықты отарланған халық аса жақсы көре қоймайды. Бір-біріне үнемі жаулықпен қарады. Осы көтерілістің кезінде де орыстарды жақсы көре қойған жоқ. Бұл С. Сейфуллинің естеліктерінде де бар. «Кейбір орыс селолары «кім келе жатыр?» деп, сырттан келгенге үрке қарап отырды»,-деуінде ащы шындық жоқ емес.

Көтеріліс тарихнамасында көңіл аударылмай келе жатқан мәселенің бірі бас көтеру кезіндегі қазақ-орыс қатынасы.Мұрағат деректерінде бұл кезде қазақ-орыс қатынасының шиеленісе түскенін айғақтайтын деректер көптеп кездеседі.Соның кейбіреулеріне назар аударайық.Мәселен, далалық өлке облыстарындағы көтерілісті басуға атсалысқан Войсковой старшина Ивановтың отряды Арғанатыға беттеген жолда 20 шақырымға созылған 20 ауылды өртеп, 30 шақты адамды жер жастандырады. Әсіресе, халық тоқуын басуға шыққан жазалау отрядтарының қимылдары шектен шықты. Оларға қазақ ауылдарын қарсылық көрсетті деген желеумен жермен-жексен ету еш қиындық тудырмайтын. Мәселен, 1916 жылдың 13 қарашасында Ақмола уезі Қопабай мекенінде тұратын Әлмұхамет Тұлабов пен оның туысқандарын Николаев селосының арбакештері Павел Иванов, Павел Кадушников және тағы басқалар мен 30 солдат ауылды толық талқандап, дүние-мүліктерін алып кетсе, 16 қарашада уездің Ереймен болысындағы Мұрса, Шурман ауылдары өртке оранады. Шурман аулы тұрғындарының бас сауғалаған сәтін пайдаланып, Благодатный селосының шаруалары иесіз ауылдың мүлкін тонап, жем-шөптерін ұрлайды. Оларды жолай 1 стан приставының өзі тоқтатып, 13 адамды ұстайды[6].

Казак отрядтарының мұндай шектен шыққан әрекеті елдің құрметті ақсақалдарын қатты алаңдатады. Олар жоғары мәртебелінің атына жеделхат жолдап өлкедегі қалыптасып отырған жағдайды былайша баяндайды: «Біз Ақмола, Қарқаралы уездерінің Ақшатау, Қызылту, Нұра және Мойынты болыстарының ақсақалдары, яғни 15 болыс өкілдері атынан казактардың қаладан шықпай жатып,өздеріне қарсы кезіккен қазақтардың атын, тамақтары үшін ұсақ малдарын тартып алу сияқты жүгенсіздіктері елдің наразылығы мен қарсылығын туғызбай қоймайтынына алаңдайтындықтарын мәлімдей келе, казактарды елден кері қайтаруды өтінеді[7].

Отарлық билік бейбіт халықты жазалап, қырғынға ұшыратып қана қоймай, оларды көтеріліс барысында орын алған ұлтаралық қақтығысқа кінәлі деп таниды. Және олардан орыс тұрғындарына келтірген шығынды өндіруге күш салады.

Көтеріліс тарихында жеткілікті көңіл бөлінбей келе жатқан проблеманың тағы бірі –Далалық өлкенің шекаралас аудандарынан бас сауғалаған қандастарымыздың тағдыры. 1916 жылы Далалық облыстардың өзінде де үркіншілік болды. Осы мәселе шекаралас мемлекеттердің қатты алаңдатты. Патша үкіметі мен Моңғолия үкіметінің, Қытай үкіметінің арасында үлкен келіссөздер болды.Бұл туралы деректер архив құжаттарында бар. Ол 1916 жылдың қыркүйегінің басынан қозғала бастады. Келіссөзде: «Мына халық шекаралардан өтіп жатыр. Не істейміз?» - деген мәселелер көтерілді. Әсіресе Қытай жағы бұл мәселеге алаңдады. Өйткені, патша үкіметінің Зайсан аймағындағы, Шығыстағы 500 шақырымға созылған шекаралық бөлегін ұстап

тұратындай қауқары болған жоқ. 500 шақырымға созылған шекараны бар жоғы 150-дей ғана патша үкіметінің әскері қорғады. Өлкелік генерал-губернатор Сухомолинов Моңғолия үкіметіне: «Сіздер, қандай шараны қажет деп табасыздар, сол шараны қолданыңыздар», - деп айтады. Қытай елімен екі ортада да осындай мәселе туындайды.Шекара арқылы өтіп жатқан бодандарына Құлжа консулдығы арқылы орыс үкіметі : «Сіздер қажет деп тапқан шараны қолданыңыз», -[8,120-122 бб.] деп қарсылығын білдірмейді.Сөйтіп олардың қару қолдануына қарсы бола қоймайды.

Көтеріліс тарихындағы нақтылауды қажет ететін мәселелердің бірі әр облыстан майданның қара жұмысына алынғандардың саны.Бір ғана Ақмола облысы бойынша, 1917 жылдың 10 қаңтарына дейінгі мәліметте, майданға алуға жоспарланған 48мың адам болса, алынғаны 7900-дай екен.

Тыл жұмысына алынғандардың өзі тиісті жеріне уақытында жеткізіле қойған жоқ. Мысалы, Семей облысынан алынған қазақтар майданға жөнелтілмей, екі айдай жатып қалған. А.Керенскийге Семей облысынан келіп түскен шағымдардың бірінде: «Біз екі ай болды жатырмыз. Міне, қаңтардың басы. Не дұрыс тамақ жоқ, арамызда жұқпалы аурулар шығып жатыр. Не алынсын? Не кері қайтайық», -[8,123 б.] деп хат жазады. Содан А.Керенский үкіметке мәселені шешуін сұрап, хат жолдайды. Барлық тылға алынғандарды бір барактың ішіне тығады. Тыл жұмысына алынғандар сол барактың ішінде екі айлап жатып қалған.

Сонымен зертеушілеріміздің алдында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихының шешімін таппаған, нақтылау мен жүйелеуді қажет ететін әлі де көптеген мәселелері тұрғанын көреміз.Көтерілістің бұл мақалада көтерілмеген проблемалары да аз емес.Оларды зерделеу болашақ зерттеушілер мен уақыт еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рыскулов Т. Из истории борьбы за освобождение Востока //Новый Восток.1924,№6.
2. Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы.Полное собрание сочинений.Т.1.-392 бет.-Алматы: «Қазығұрт»баспасы, 2007.
3. Б.Ж.Құрманбеков Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс.Ақтөбе,2003
4. Е.Н.Ермұқанов. 1916 жыл бүкіл қазақ көтерілді //Аңыз адам.мамыр,2016 жыл,№10
5. Сапаргалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане /1905-1917 гг./-Алма-Ата,1966.с.
6. РОМТМ(Ресей орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты) ,1405-қ,530-т,927-іс,193-п.
7. ҚР ОММ,64-қ,1-т,1303а-іс,522-п.
8. Е.Н.Ермұқанов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихының кейбір мәселелері (Семей облысы материалдары бойынша) «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс:тарихи маңызы,тағлымы мен зерттеудің перспективалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.Тараз, 21 қазан,2016 ж.

ӘОЖ 9(574)

РЕСЕЙЛІК ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТҚА ҚАРСЫ ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ: ЖЕҢІЛУ СЕБЕПТЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ

Құрманалин С.Б.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ халқының XIX ғасыр бойы дүркін-дүркін ірі көтерілістерге шығып, өз тәуелсіздігін қорғап бағуы қазақ тарихының жарқын да қасіретті беті. Тең емес күштің салдарынан барлық қарсылық жеңіліске ұшырады. Мақалада империяға қарсы қарулы күрестің жеңілу себептері талданады. Қазақ көшбасшылары бастаған көтерілістердің ұлт тарихындағы тарихи маңызы, ортақ заңдылықтары, өзара байланыстары зерделенеді.

Түйінді сөздер: отаршылдық, ұлт-азаттық, тәуелсіздік, батырлар, билер.

XIX ғасырдағы Қазақстандағы халық бұқарасының патша өкіметіне қарсылық қозғалыстары жеңіліспен аяқталды. Ол кезде басқаша болуы мүмкін де емес еді. Тарихшы А.Ф.Рязанов айтқандай «шығыстан жаңа отар, жаңа рынок іздеген жаулап алушы ірі мемлекет Ресейді кең дала аймақтарында шашырап жатқан, экономикасы төмен дамыған, нашар ұйымдасқан көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар мен халықтар өздерінің әлсіз күшімен тоқтата алмады» [1, с.22]. Шындығында да сол кездегі ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктерімен сақадай-сай қаруланған орыстың тұрақты әскери құрамына некен-саяқ мылтығы бар, негізінен қылыш, найзамен қаруланған Есет жасақтарының төтеп беруі мүмкін емес еді. Бірақ бұл тарихи күрес елдің бостандығы мен намысы үшін күресі еді.

Қазақ ұлт-азаттық көтерілістерінің бірқатар жетекшілері Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы өз кезегінде Кіші жүздегі барлық көтерілісшілер отрядтарының бастарын қосуды мақсат еткен жоқ. Өздерінен жақсы қаруланған, арнайы әскери тәртіппен дайындықтан өткен патша жазалаушы күштерімен арпалысу қиын еді. Көтерілісшілердің сан жағынан артықшылығы, дұшпан күштерімен шайқастағы батылдықтары жеткілікті болғанмен де, күрес тактикасы мен әскери ұйымдасуы жағынан кемшін тұстары көп болды. Қарулы күрестің партизандық әдіс-тәсілдері мен қозғалыстың шешуші кезеңдерінде үнемі патша әскерлерінен қашып жүріп соғысу нәтижелі жеңіске жеткізген жоқ. Мысалы Есет көтерілісінің жеңіліс табатындығы патша өкіметі үшін тарихи сөзсіз мәселе еді. Өйткені көтерілістің шығу себептері айқын болғанмен, нақты саяси бағдарламаның жоқтығы олардың жеңіліске ұшырайтынын алдын-ала айқындап, көптеген күрделі құбылыстарға киліктірді. Сондай-ақ көтерілістің жеңілуінің негізгі себептері бәрінен бұрын көтеріліс болған кездегі ішкі саяси жағдайда жатыр, яғни дәл осы кезеңде орталықтандырылған тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруға деген талпыныстың сәтсіздікке ұшырауы жағдайында, яғни аса қуатты Кенесары қозғалысының күйреуінен кейін болған Есет көтерілісінің жеңіске жетуі мүмкін емес еді.

XIX ғасырдағы қазақ азаттық қозғалыстарында көтерілісшілердің іс-қимылдарының стихиялылығы басым болды, шешуші сәттерде бір жердің шеңберінен аспай қалуы өкімет әскерлеріне қазақ сарбаздарымен күресте үлкен жеңілдік туғызды. Көтерілісшілер бір ғана жерден бой көрсеткендіктен патша жазалаушылары да сол жерге шоғырланып, көтеріліс ошағын тез арада, оңай жоюға жол тауып отырды.

Сондай-ақ жазалаушы күштердің бейбіт елді жазықсыз, шектен тыс қырып-жоюы да көтерілісшілерге үлкен моральдық соққы болды, көтеріліс басшыларын дағдарысқа тіреді. Оның үстіне патша өкіметінің қазақ руларын бір-біріне айдап салған саясатының көтеріліс барысында әдейі өршітілуі де қозғалыстың жеңіліске ұшырауына әсер етпей қоймады.

Бізге белгілі жағдай, ол – көтерілісші халықтың көшпелі мал өсіруші қауым екендігі. Сондықтан көтерілісшілердің қимыл-әрекеті малдың ауанына толық тәуелдітін. Көтерілістер барысында елдің Үстіртке, Хиуа шекарасына шегініп аман қалғанымен де, бұл жағдайдың үнемі сәтті болуы да мүмкін емес еді.

Атап айтқанда біздің зерттеулеріміз көрсеткендей Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс он жылдан астам уақытқа созылды. Бұл біршама ұзақ уақыт. Ал көтерілістің осыншама мерзімге созылуы патша өкіметі басшыларының Есет көтерілісіне қатысты ұстанған тактикасына байланысты еді. Бұл зерттеушілер үшін үлкен ең бір елеулі мәселелердің бірі болып табылады.

Алғашында Есет көтерілісін Орынбор әкімшілігі жете бағаламады. Батырдың барлық іс-әрекеті бұрынғы кезеңдердегідей жәй ғана кедергі деп ойлаған өкімет «бүлікті» басуды билеуші сұлтандарға тапсырды. Бірақ дала әкімдерінің көтерілісті басу әрекеттерінен ештеңе шықпағаннан кейін, ондаған жылдар бойы үкіметке танымал «бүлікшінің» жоғары маңыз алып кетуінен қауіптенген Орынбор әкімшілігі бұрынғы ұстанған тактиканы өзгертуге мәжбүр болып, мәселеге терең мән бере қарауды дұрыс көреді. Әйтсе де өкімет билігіндегілер көтерілістің күшін ешқандай да менсінген жоқ, күрестің қауіптілігіне де сенген жоқ. Патша әкімшілігі бастапқыда Есеттің іс-әрекетін «өзінің үйреншікті тонаушылығы» деп бағалады. Оның қимылын уақытша деп білген билік басындағылар Есет қаншама тырысса да одан келіп-кетер саяси қауіп жоқ деп ойлады.

Келіссөз жүргізіп, алдап-сулап, өз жағына тартуға жасалған барлық әрекеттерінен ештеңе шықпаған соң ғана, көтерілісті жоюға тікелей бағытталған экспедициялар шыққан болатын. Ал, осыған сәйкес белгілі тарихшы-ғалым Ж.Қасымбаевтың Кенесары Қасымұлы қозғалысын зерттей келіп «қазақ даласының кеңдігі, көтерілісшілердің өз өңірінің бұта-шұңқырына дейін білуінің нәтижесінде жазалаушылардың оларды іздестіріп, ұрыс жүргізуі мейілінше қиындаған» [2, 217 б.], - деп айтқан сөзі қазақ батырлары бастаған басқа да ұлт-азаттық көтерілістеріне қатысты.

1847-1858 жылдардағы батыр Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүздегі халық көтерілісін арнайы зерттей отырып біз мынаған көз жеткіздік. Көтерілісті тоқтатуда патша өкіметінің 1855 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде ұстанған бағытындағы бір ерекшелік мынада: ол билік басындағылардың үнемі көтерілістің көсемін алдап қолға түсіруді ойластыруы. Есетті қолға түсірсек болды, көтеріліс өз-өзінен басылады деп ойлаған өкімет, көтеріліс басшысын тұтқындауды ұдайы бірінші кезектегі мәселе етіп қойды. Ал оны тірілей, не өлілей қолға түсірудің мүмкін еместігіне көздері әбден жеткен Орынбор әкімшілігі сонда барып көтерілістің кең құлаш жайып кетуінен сескеніп, оны әскер күшімен басып тастауды мақсат етті.

Көтеріліс барысында отаршыл өкімет қолданған олар үшін тиімді болған тәсіл мынада еді: көтерілісшілердің жеке отрядтарын қуып жетіп олармен майдан ашып соғыспай-ақ, қыстаудан жайлауға, жайлаудан қысқы қонысқа қайтқан бейбіт ауылдарды шапқынға ұшыратып, бала-шағасына қарамай қырып кету. Мұндай тағылық әрекет отаршылдық дәуірдегі қазақ азаттық күресінің басшыларының өзін көп емес серіктерімен бірге оқшаулап тастап отырды.

Қарсылық қозғалыстарын архив деректері арқылы зерттеуге ден қойған кез келген ізденуші академик М.Қозыбаевтың «қырғыз даласына үзбей жіберіліп отырған жазалаушы әскери қосындары казактардың жасақтары қазақ сахарасын өртеп, жүздеген

ауылдарды тып-типыл қылып құртып жібергені архив құжаттарында хатталған» [3, 18 б.] - деген пікіріне көз жеткізген болар еді.

1855-1857 жылдар барысында атты-казак жазалаушы отрядтары бейбіт елді ойрандап «қырғыз-қайсақтар арасында тыныштық орнатамыз», «қарақшылардың бүліншілігін жоюға жұмсалған әскери шығынды өтейміз» деген желеумен Кіші жүздегі ұзын саны 320-ға жуық ауылдарды қырып-жоя тонап, мал-мүлкін айдап әскери шеп базарларына сатып, жалпы көлемі 125241 сом пайда түсірген [4, 63 п.].

Қазақ халқының өткен тарихи кезеңдері әрқашанда қоғамдық – саяси сананың ажырамас бөлігі болып келеді. Сол себепті ұлт-азаттық қозғалыс мәнін жете түсіну, ұғыну ұлттық санамызда ерекше орын алады.

Қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдерінде Қазақстан тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мәселесі бір-бірінен бөлшектеніп қаралды. Атап айтсақ Сырым Датұлы бастаған ұлттық қозғалыс «қазақ шаруаларының көтерілісі», Исатай – Махамбет әрекеті «Бөкейлік мал бағушы шаруалардың хан өктемдігіне қарсы бас көтеруі», Жанқожа Нұрмұхамедұлы көтерілісі «Сырдария егіншілерінің толқуы», Есет батыр қозғалысы «Шекті руы қазақтарының наразылығы», ал тегі төре әулетінен шыққан, яғни XIX ғасырда қазақ сұлтандары басшылық жасаған қозғалыстардың бәрі де антиорыстық реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалыстар ретінде бағаланып, тарихи зердеге осылайша қалыптастырылды.

Ал соңғы отыз жылдағы тәуелсіз ұлттық тарихнаманың қалыптасуы жағдайында Ресей империясына қарсы бағытталған көтерілістер және олардың бір-бірімен өзара байланысы, сабақтастығы мәселелердің өзекті қырына айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында проблеманы жаңа методологиялық тұрғыдан қарастыруды ұсынған бірегей ғалым М.Қозыбаев болатын. Оның « … біз Қазақстан тарихшылары осы кезге дейін ұлт-азаттық қозғалысын біріншіден жеке-жеке қарап келдік. Ал шын мәнінде, Исатай мен Махамбеттің (1836-1837), Кенесарының (1837-1847), Жанқожаның (1856-1857), Есеттің (1855-1858) көтерілісі Атырауды, Арқаны, Сыр бойын, қазақ елін тұтас қамтып, бірі бастаса, екіншісі жалғап жатқан жоқ па? Ал осы қозғалыстардың өзара байланысы, негізгі арқауы, шешуші мотиві бір емес деп кім айта алады» [3, 21 б.] - деген пікірі Ресей отаршылдығына қарсы барша қазақ халқының көтерілістерін бір-бірімен сабақтастыра зерттеуге ден қойғызды.

Жүз елу жылға созылған қазақ халқының патша отаршылдығына қарсы күрес кезеңінде жеке қайраткерлер басқарған көтерілістердің бір-бірімен байланысы барлығына шүбә келтіруге болмайды.

Отаршылықтың аты – отаршылдық, отардың аты отар. Сондықтан күшті мемлекеттің уысына түскен ел – ол отар ел. Ал сол отар елдің отарлаушы мемлекетке қарсылығының тууы тарихи заңдылық. Отар елдің отаршылдарға қарсы қандай да болмасын әрекеттерінің бәрі, мейлі ол қарулы немесе идеялық күрес, я болмаса тар шеңбердегі көтеріліс, әйтпесе аз уақытты қамтыса да, ол әйтеуір езілген ұлттың қанаушыларға қарсы күресі болып табылады. Ал мұның барлығы ұлт-азаттық күрес деген ұғымға сыяды.

Қазақ еліндегі азаттық қозғалысының бір ерекшелігі бар, ол Ресейдің Қазақстандағы алғашқы отаршыл акциясының басталуынан 1917 жылғы патша өкіметінің құлауына дейін ұлы далада тәуелсіздік үшін күрестің үзіліссіз жүруінде, бір сәт те толастамауында. Патшалық Ресейдің қазақтың азаттық жолындағы бүкілхалықтық қозғалысын басып тастай алмауының бірқатар объективті себептері бар. Біріншіден, қазақ халқының отарлық бұғауға түскенге дейінгі қалыптасқан ұлттық қасиеті – жауынгерлігі, қырағылығы, қанға сіңген өршілдігі мен рухани қуаттылығы. Екіншіден, ұлы даланың табиғи-географиялық жағдайы қазақ көтерілісшілеріне, ұлт

тәуелсіздігін қорғаушыларға сеп болды. Қазақтың сайын даласы кей сәттерде отарлаушыларға үрей туғызса, өз перзенттеріне қорғаныш болды.

Қазақстандағы ұлт азаттық қозғалыстар мәселесін зерттеу революцияға дейінгі кезеңде басталып, кеңес дәуірінде де өз жалғасын тапқанымен әлі де болса оның тарихында ақтаңдақтар аз емес. Өткен дәуірдегі партиялық талаптар бұл проблеманың өрісін тарылтып, кейбір мәселелердің, әсіресе ұлттық көтерілістердің бір-бірімен байланыстылығының, сабақтастығының ашылмай қалуына және әр түрлі бұрмалаушылықтарға әкеліп соқты. Міне осы қиын тарихи процестерге дұрыс баға беру біздің тәуелсіз жас мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңі үшін, республиканы мекендеуші түрлі ұлттар мен ұлыстардың бірлігі үшін, қазақ халқының ұлттық тұтастығы мен ұрпақтық жалғастығы үшін аса маңызды екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеушілер үшін бүгінгі таңда бұл көтерілістердің бір-бірімен байланыстылығына баса назар аудару керек. Ресей империясының XYIII-XIX ғасырлардағы Қазақстандағы саясаты түптеп келгенде қазақтардың халық ретінде өмір сүруіне, ұлттық қадір-қасиетіне нұқсан келтірді. Патша өкіметі тарапынан жүргізілген территорялық-әкімшілік реформалардың нәтижесінде басталған ұлттық менталитеттің бұзылуы өлкедегі барлық қозғалыстардың негізгі бастапқы нүктесі, итермелеуші себебі болды. Сырттай қарағанда бұл қозғалыстар бір-бірінен ерекше болғанымен олардың алғашқы нүктесі осы менталитеттің бұзылуы болды. Барлық басқа себептерді айтпағанда ұлттың тағдыры таразыға түскен мезгілде, кең далада тұтанып, өршіген қарулы қозғалыстардың түпкі мақсат-міндеті біреу-ақ еді. Ол тәуелсіз өмір сүру.

Жүз елу жылға созылған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарын бір-бірімен байланыстыра сабақтастырып тұрған жәйт ол – туған жер және осы мәселедегі патша үкіметінің отаршыл саясаты. Т.Шонанов айтпақшы қазақтың жауынгерлігінің тамыры, міне, осы жерде [5, 62 б.]. Патша өкіметінің Жайық бойын империя меншігіне айналдырмақ әрекеті Әбілқайыр ханның қаза болуынан кейін-ақ басталды. Осы Жайыққа талас Кіші жүздегі кез-келген патшаға қарсы қимылдардың негізі. Жер мәселесі – ел мәселесі. Жер үшін соғыс – ұлт-азаттық көтерілісінің өзегі. Ендеше Кіші жүз қазақтарының Жайық үшін күресі 150 жылға созылған ұлы күрестің мән-мазмұны болып табылады. XYIII ғасырдың аяғында Сырым Датұлы бастаған көтерілісшілер патша үкіметі алдына ғасырлар бойы қалыптасқан жерді пайдалану жүйесін қалпына келтіруді алға тартып, Орал казак әскерінің қазақ жерлерін басып алуын тоқтатуды талап еткенде олардың көксегендері осы атақоныс – Жайық өңірі болатын. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың басында тұрған Сырым көтерілісінде күн тәртібіне көтерілген осы жер мәселесі бұдан кейінгі қазақтар қозғалысының барлығында да бірінші кезектегі көтерілісшілердің мақсаты еді. Батыс Қазақстан өлкесінің сәніне, қазақ көшпенділері шаруашылығының мәніне айналған бұл құйқалы атамекен үшін күрес Есет Көтібарұлы, Әзберген Мұңайтпасұлы, Сейіл Түркебайұлы қозғалыстарында да көтерілісшілердің көкейкесті талабы болып қала берді.

XIX ғасырдағы халық наразылықтарында қозғалыс жетекшілерінің басты тірегіне айналған, азаттық үшін соғыстың негізгі қозғаушы күштерінің бірі Шекті мен Табын руының XIX ғасырға дейінгі мекені Орынбор қаласы пайда болуына байланысты біздер Орынбор губерниясы деп атап кеткен Оңтүстік Орал өңірі болатын. Бұл аймақ Кіші жүздегі Шекті мен Табынның ғана емес, сондай-ақ Әлімұлы және Жетіру тайпалық бірлестіктеріндегі басқа да бірнеше рулардың жаз жайлауы еді. Сонымен қатар, Оңтүстік Орал өңірі бағзы замандардан-ақ бір-бірімен этникалық және мәдени байланыстары қатар өрбіген ондаған туыстас халықтардың мекені болған. Кейбір ұлыстар бірнеше тайпалық бірлестіктердің негізінде этникалық тұтастығы мен ұлттық белгісін қалыптастырып, бір тудың астына біріксе, енді бір тайпалық одақтар

тарихы – саяси құбылыстар әсерінен бөлініп, бөлшектеніп түрлі туыстас халықтардың құрамына сіңіп кетеді. Мәселен, Оңтүстік Орал өңірін қоныс етіп келе жатқан қазақ және башқұрт этностарының арасында салт-дәстүрлері мен тілдік ортақ белгілері сақталған Арғын, Қыпшақ, Тілеу, Тама, Тана, Алшын тәріздес тайпалардың ұшырасуы, тіпті олардың тайпалық таңбаларына дейін бірдей болып келуі бұл екі халықтың түп негізі бір екендігін меңзейді [6].

Міне, осы Оңтүстік Орал өңірінен, яғни Орынбор өлкесінен Кіші жүз халқын патша өкіметінің отарлық саясаты XIX ғасырдың бірінші жартысы бойы ығыстырып келді. Бұл озбыр саясаттың жүзеге асырушылары Орынбор губернаторлары князь Волконский, генерал Эссен және граф Перовский болды. Ендеше осы үш губернатордың Орынбор өлкесіндегі билігі кезіндегі Кіші жүзде лаулаған қазақтар көтерілістері бір-бірінен бастау алып, жалғасып жатты. Орынбор, Ор жағындағы Жайықтың солтүстік бөлігінен қазақтардың айырылуы Сырым Датұлының да, Қаратай Нұралыұлының да, Қайыпқали Есімұлының да, Жоламан Тіленшіұлының да атқа қонуына алғышарт жасаса, сондай-ақ XIX ғасырдың ортасында Есет Көтібарұлының патша әскерлерімен соғыстарының себебі осы аталған ата-қоныстан туындаған еді.

Ұлт-азаттық көтерілістер тарихы өткен дәуірімізде бір-бірінен бөлшектеніп, олардың ортақ сипаттық белгілері айтылмай, бір-бірімен сабақтаспайтын оқиғалар ретінде айтылғанымен де және осы бағытта ғана зерттеуге партиялық қысым жасалғанымен де қазақтың көрнекті зерттеушілерінің бірқатары өлкедегі ұлт-азаттық көтерілістердің біртұтастығына баса назар аударды. Солардың бірі Т.Шонанов «Үкіметтің жатық тілі мен тәтті сөздерін қазақ өзінше жорыған. Ішіңді тыныштатамын дегені – бостандығыңнан айырамын дегені, ортаңа қала салып, жақын жерде тұрып жарылқаймын дегені – қалған-құтқан тәуір жерің болса тағы да телімге саламын дегені деп ұғынып, үкіметке сенбей, қытықсынып, жаратпаған, үкіметтің күле кіріп, күңірене шығатын сырын қазақ жақсы түсінген. Атты казакқа жер бермеске ұмтылып, қонысын қызғышша қорғап, тартыс-талас шығарған. Есет, Жанқожа, Сырым, Кенесары көтеріле бастады. Шеген бидің Ахмет сұлтанға жазған тарихи хаты, Ертісте Құлеке, Малайсарылардың атты казактармен соғыстары осы қоныс таласы болатын» [6, 32-33 бб.], - деп әділ тұжырымдаған.

Тарихшы қауым ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттегенде мына жағдайды есте ұстау керек.

Исатай Таймануұлы мен Махамбет Өтемісұлының және оның қасына ерген бірнеше серіктерінің Жайық сыртындағы далаға өтуі - Кіші жүзде сұлтан Кенесары Қасымұлы көтерілісіне орай басталған ірі халықтық толқумен тұспа-тұс келді. Осы жәйттерді айтса керек, Т.Шонанов “Исатай көтерілістері - Орта жүз, Кіші жүз бұқарасына ортақ көтеріліс. Бүтін қазақ даласын шарпыған көтеріліс. 1838 жылы Кенесары, Есет көтерілістері де болған” [6, 65 б], - деп бұл азаттық жолындағы арпалыстардың тарихи сабақтастығын меңзейді.

1838 жылдың басында Кенесары сұлтан өз ауылдастарымен бірге Орта жүзден Торғай, Ырғыз өңіріне қоныс аударды. Осы жылдың көктемінде Орынбор ведомствосы қазақтары арасында да толқулар басталады. Көтеріліс толқыны Арғын мен Қыпшақ руларының қазақтары қоныстанған Орданың Шығыс бөлігін қамтып, сосын Жағалбайлы руына жетті де, ақырында Елек өзені бойын қоныстанған Табын руының ауылдарын да қамтыды. Осы арадан батыр Жоламан Тіленшіұлы патша әкімшілігіне бағынбай Кенесары Қасымұлына қосылуы үшін өз руымен Торғай өзеніне қарай беттейді.

Халық толқыны бірте-бірте Кіші жүздің Шығыс және Орта бөлігін қамти келе ақыр аяғында Батыс бөлігіне де еніп кетті.

Сонымен бірге бұл мезгілде Маңғыстау адайлары қолдаған сұлтан Қайыпқали Есімұлы да Ресейге қарсы көтерілісті қайта бастайды.

Міне, XIX ғасырдың 30-жылдарының аяғында Кіші жүз азаттық үшін ұлы күрестің от-жалынына оранды деп айтуға негіз бар. Бұл кезеңде Қазақстан тарихында елеулі із қалдырған аталмыш тұлғалар бастаған ұлт-азаттық көтерілістер бір-бірімен байланысты өрбіді деп айта аламыз. Исатай мен Қайыпқали да және Кенесары мен Жоламан да, Есет пен Әзберген де осы кезеңдегі қарулы қозғалыстарын, үгіт жұмыстарын Жем, Ырғыз, Елек, Қиыл, Сағыз, Ойыл өзендері мен Мұғалжар тауы және Борсық құмдары өңірін жайлаған алты аталы Әлім мен жеті аталы Жетірудың қалың ортасында жүзеге асырды. Әсіресе Шекті руы жоғарыда аталған көтерілістердің бел ортасында жүрді. Бұл жерде біз Шекті руын белгілі бір көтеріліс көсемін дәріптеу үшін жалған мадақтап отырғанымыз жоқ, шындығында бұл рудың Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың басты тіректерінің бірі болғандығын белгілі тарихшы-ғалымдардың өздері жазған болатын. Мәселен, А.Рязанов Шекті руын XYII ғасырдағы украин халқы азаттық қозғалысының ұйтқысы - Запорожье казактарына теңейді. Ол былай деп жазды: “Шекті руы өздерін XYII ғасырдағы Запорожье Сечінің құрамындамыз деп ойлады, казактар ауруханасы осында шоғырланған болатын және орыстың шекара линиясына батыл да нағыз шапқыншылық осы жерде ойластырылған еді” [7, 147 б.].

Сонымен, Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы бірте-бірте жүзеге асырылды, империя үшін қазақ елін отар қылу оңайға түскен жоқ, мұнда патша өкіметінің отарлау саясатына қазақ халқының ғасыр жарымға жуық қарсылық көрсетуі шешуші рөл атқарғаны мәлім. Патша саясаткерлеріне Орта Азия аймағындағы Ресейдің әлемдік отаршыл жүйедегі белгілі мемлекеттермен бақталастығын шешуден гөрі, қазақ халқының азаттық жолындағы дүркін-дүркін тұтанған көтерілістерін басу қиынға түсті. Қазақстанның тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болуының бастауы – қазақ халқының азаттық жолындағы ғасырлар бойғы толассыз күресінде жатыр. Міне сондықтан да жылдар бойы азаттықты армандап, әділеттің ақ жолын аңсап, ата-бабаның қасиетті қонысы кез келгеннің қолында кетпес үшін күрескен ерлер есімін құрметтеу – ұрпақ парызы, елдіктің белгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рязанов А.Ф. Набеги хивинцев и туркмен в киргизскую степь в 1848 году. - Оренбург, 1925. – 23 б.
2. Қасымбаев Ж. Көтерілістің көзден таса беттерінен // Хан Кене: тарихи толғамдар мен пиеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
3. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
4. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, 6-қор, 10-тізім, 7176-іс.
5. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. - Алматы: Санат, 1995.-224 б.
6. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1826) T.IY.М.-Л.:АН СССР, 1940.-543 б.; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа.- Ташкент:Восточное Отделения Киргизского Государственного Издательства, 1925.-65 б.; Соколов Д.Н. Оренбургская губерния. Географический очерк. –Москва, 1916.
7. 194. Рязанов А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі (1836-1838). – Алматы: Қазақстан, 1996. – 176 б.

1-СЕКЦИЯ. 1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

ӘОЖ 94(574)(045)

1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ КӨТЕРІЛІСІ ХАҚЫНДА

Бақытова Н., студент
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік ұғымының халқымыз үшін маңыздылығы, осы тәуелсіздік үшін болған көтерілістердің бірі Алаштың айтулы азаматтары Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған Маңғыстау көтерілісі, оның тек Маңғыстау өлкесін мекендегендердің ғана патшалық режимге қарсы бас көтеруі емес, бұл сонымен қатар, бүкіл қазақ қауымының Ресей империясының отарлаушылық тойымсыз ындынына қарсы тойтарыс беруді мақсат еткен ең ірі де, ең ақырғы айқастарының бірі екендігі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Тәуелсіздік, ұлт-азаттық көтеріліс, Досан Тәжіұлы, Иса Тіленбайұлы, «Досан батыр» дастаны.

Бодан болып өмір кешіп келген елдің тәуелсіздік үшін күресінің бүкіл ұлт тарихында ерекше орны болуы заңды. Жәнібек пен Керейден бастап Кенесарыға дейінгі қазақ хандары мен батырлары Досан мен Иса да қарап жатпады. Барлығы да елінің тәуелсіздігі мен халқының тыныштығы үшін қажымай-талмай күресті. Тәуелсіздікті қорғап қалу, оны өміршең ету ел басында тұрған азаматтардан үлкен саяси алғырлықты, көрегендік пен қажыр-қайраттылықты талап етті. «Тәуелсіздік үшін тәніңді де, жаныңды да аяма. Ең қасиетті күрес – тәуелсіздік үшін күрес екенін ұмытпа!» – деген ой да маңызды. Өскелең ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелеуде Маңғыстау тарихындағы елеулі оқиғалар болған орындарға ескерткіш белгілер орнатқан жөн сияқты. Қазақ елінің сан елмен шектес жатқан аймақта орналасуы, «Жау жоқ деме – жар астында» дегендей, халқымыздың тәуелсіздік үшін күресін, жас ұрпақтың ұлттық тарихты білуі оны отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде зор рөлі болары даусыз.

Жалпы қазақ халқы, оның ішінде Адай елі де ешкімге қарсы қол жинап барып бірінші жау болып тиіспеген. Сауран айналып «жеті жұрт» өткен Маңғыстауға келгенше Адайдың аға буыны батырлары алаш азаматтарымен тізе қосып қас жауы қалмақтан қорғанды. Адайлар Маңғыстауды мекендегеннен кейін орыс жеріне іштен еніп кеткен қалмақтармен 1740 –1770 жылдар қалмақтардың ата-мекені Жоңғарияға шұбырған кездегі қақтығыстары болмаса қиян-кескі соғыстары болған жоқ. Адай еліне қанды жорықтарды Хиуа ханы ұйымдастырып отырған. Сол соғыстардың сылтауы көп болғанмен, себебі бір – ол Маңғыстаудың ұлан-байтақ жер-суы, мыңғырған малына иелік ету, елден көбірек алым-салық алу, қызын күң, ұлын құл ету. Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған 1870 жылдың көктемінде 22 наурызда бұрқ ете түскен Маңғыстау қазақтарының патшалық Ресей отарлаушыларына қарсы ұлт азаттық көтерілісі – тарихи маңызы зор оқиғалардың бірі [1].

1870 жылғы Маңғыстау көтірілісінің XIX ғасырдағы патша отарлаушыларына қарсы көтерілістер ішіндегі ең бір елеулісі болғандығы сөзсіз. Себебі бұл өлке талай тарихымызға куә болған, біздің ата-бабаларымыздың талай ұрпағының өмірінде із

қалдырған мекен. Соның барлығының түбі қайырлы болып, өзіміздің тәуелсіздігімізге аман жеттік. Соған осылай аман жетуімізге және қазіргідей қалыпта жетуімізге үлкен үлес қосқан, елеулі ықпалы болған да екі теңіз арасында көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыздың ең дүлдүлдері, батырларының да білектілері, билерінің де мықтылары, байларының дәулеттілері, өнерлілерінің де саңлақтары бір кезде табатын ең бас сахнасы, ең бас саясат алаңы, ең бас базары, ең бақ сынайтын жері де осы Маңғыстау өлкесі болды. Осы Маңғыстауда біздің халқымыздың өткен ғасырдағы көптеген ұлдарының аттары танылды. Осы жер біздің, өзіміздің халқымыздың алғашқы саяси-аумақтық билікке жеткен жері болды.

Бұл көтеріліс жайында халық жыршысы Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» дастаны бар. Сәттіғұл Жанғабылов 1876 жылы Маңғыстау уезі, 2-Бозашы болысында қазіргі Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылында дүниеге келіп, атамекені Маңғыстауда 90 жасында дүние салады. Келешек ақынның балалық шағы қиыр түбекте, күнел тісі кем, білімнен кенде жарлы ауылда өтеді. Жас Сәттіғұлдың көкірегіне берік ұялап, сезіне, көре өскені – мехнатты еңбек, ел өнерпаздарының жыры мен күйі, жоқшылық азабын тартқан абзал жандардың ауыр өмірі. Сол тұрмысын ақын бейнелейді: Бес атадан бері қарай Мал бітпеген сорлымын. Өзімнің әкем Жанғабыл Сорқұдық, Теппе-ойлардан, Егін салып, жер қазған, - Шертетін көрген қорлығын. Мен де көрдім жарлықтың, Әрбір түрлі тарлығын. 1896 жылдары тұрмыс тарымшылығынан Бозашы мекенін тастап, Хорезмге босқан жарлылармен бірге Жанғабыл, үйі де кетеді. Сол жақтан мақта жинайды, егін салады, жалдамалы кәсіп етеді, қайтсе де еңбектері жанбайды. Қайда барса да ауыр тұрмыс арнасынан шыға алмаған Жанғабыл үйі біраз жылдан соң қайтадан Бозашыға оралады. Сол жылдар Сәттіғұлдың әкесі мен ағасы дүние салады. Енді екі үйлі жанды асырау міндеті Сәттіғұлға қалады. Абыл мен Ақтанның, Қашаған мен Елбайдың бірқатар жыры халық мұрасының алтын сандығындай көненің көзі. Сәттіғұл айтуымен жеткен. Ақын жаздырған мұралар мен жүздеген толғаулары, айтыстары мен «Досан батыр» дастаны – қазақ әдебиеті қорына қосылған елеулі үлес, қымбат қазына [2].

«Досан батыр» – тарихи дастан. Досан хикаясы – ел аузындағы аңыз, әңгіме ғана емес, нақты шындық, болған оқиға. XIX ғасырдың жетпісінші жылдары Маңғыстау қазақтары үрдіс қысымға кезігіп, бас көтерді. Бұл – патша өкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ереже» реформасына қарсы наразылық еді. 1870 жылы Маңғыстауда болған көтеріліс – отаршылық езгіге қарсы, әсіресе салықтың өсуіне және жер, өріс, қонысқа шек қоюға қарсы шыққан стихиялық шаруалар көтерілісі болды. Бұл – Иса, Досан бастаған бұрқаныстар еді. Бұл оқиғаны Сәттіғұл былай жырлайды: Тарих қылып тасайын, Әңгіме кеңес бастайын. Бұрынғы өткен ерлерден, Ертеде ерлер көп өткен. Көк сүңгісін өңгерген, Көңілі көшіп желденген. Қалған екен бұл мекен Елдің арты Айладырды аударып, Маңғыстаудың қара ойын, Адай халқы жерленген. Сол күнде болған батырлар: Атағозы, Есет пен Тәңірберген, Бердібек, Мыңбай, Текеш, Құлыбек, Балунияз, Қармыс, Ер Төлеп, Шотан, Шабай, Ер Қонай, Солардың жалғас ең соңы, Досан мен Иса ер соңы. Құлдығыңа көнбен деп, Патшаменен қас болып, Қырна жігітке бас болып, Інісі Шабай қасында, Досан шықты алдынан. Тұлпар мініп қарғыған. Кескір қылып көк найза Жауыменен қастасқан Соғысам деп майданда, Кездескен жері Үш ауыз, Шығанақ теңіз айналма. Рукиннің сол жерде Отряды көрінді. Қарасына қауіп етіп, Жолдастары Досанның. Кейін қарай шегінді. Уәдем бар айтқан деп, Мың да болса қайтпан деп, Досан жалғыз бөлінді. Тұлпарын шу деп тебінді. Ойламады өлімді. Араласып өтулі Бораған оқтың ішінен, Қаза тапқан Рукин Найзасының ұшынан.

Орыс бодан қылғысы, Адай бостан болғысы келіп жүрген итіс-тартыс заманда 1868 жылы патшаның Орынбор және Батыс Сібір облыстарын басқару жөніндегі жаңа ережесі шықты. Осы Ережемен таныстыруға Оралға екі дистанция бастықтары

шақыртылды. Жаңа Ереже бойынша түтін басына 3 сом 50 тиын салық жинау (бұрын 1 сом 30 тиын), жерді мемлекеттік меншік деп тану, елдің көші-қон жерін шектеу, ру-ру орнына болыс пен ауылдарға бөлу, билеушілерді сайлап қою, паспорт жүйесін енгізу, уездік соттар тағайындау іске асырылатын болды. Уақытша Ереже бойынша Орынбор өлкесі енді Орал, Торғай облыстарына бөлінді. Облыстар уездерге бөлініп, оның бәрін орыс офицерлері мен шенеуніктері басқарды. Тек бұрынғы дистанция Орынбордағы әскерлерін тік көтеруге мәжбүр етті. Бұл көтерілісшілер тегеуірінінің алып орыс империясының өкпесіне қадалған тікендей әсер еткендігін танытады. Көтерілісшілердің ерлігін олармен соғысқа түскен әскер бастықтары да еріксіз мойындаған. Бұл көтерілістің дүмпуі Ресей шеңберінен шығып, шетелдерге тез тараған. Ағылшын авторлары: армия полковнигі Барнаби «Хиуаға сапар, Орта Азияға саяхат және бастан кешкендер» және Аверинг Маккей «Батыс Түркістан жөнінде», француз этнографы Жирар де Риал «Орталық Азия туралы жазбалар» деген кітаптарында осы көтеріліс жайлы нақтылы деректер келтірген. Отарлаушы саясаттың белсенді өкілі, қанды қылыш жауынгері Рукиннің өлімі отарлаушыларға халықтың басқыншылық әрекетке бас шұлғып көне бермей, қасқайып қарсы тұра алатындығын, ол үшін еш нәрседен де тайынбайтындығын танытты. Полковник шеніндегі пристав деген үлкен шендегі патша үкіметінің жергілікті жердегі дөкей өкілін өлтіру сияқты қантөгіс, тосын оқиға, қазақ жеріндегі бұдан бұрын-соңғы көтерілістерде естілмейді.

1870 жылғы Маңғыстау қазақтары көтерілістің орыс патшалығын дүрбелеңге түсіріп, оның дүмпуінің Ресей шеңберінен асып, шетелдерге жетуі де осы Рукин өліміне байланысты болса керек. Сонымен қатар, көтерілісшілердің жеңіліс тапқанына қарамастан, төрт жыл бойы қаруын тастамай, жазалаушыларға қарсы жанкештілік ұрыс жүргізуі де Маңғыстау адайларының қайтпас қаһармандығын, тәуелсіздік жолында табандылықпен тірескендігін паш етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау. Е.Өмірбаев. А.,1980.
2. Абдоллаев Н. Қазақстан тарихы. А., 2005.

ӘОЖ 929(09)045

КАРЕЛИН ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ

Ағниязова А.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау жеріне қадам жасаған Г.С.Карелин экспедициясының ролі өте маңызды болды. Ол Каспийдің шығыс жағалауын топографиялық картаға түсіре отырып, адай халқының сеніміне кіріп ,тіл табысып, сауда-саттық қатынаста болғаны және де хиуалықтар мен қазақтардың арасындағы шиеленске көзқарасы, патша өкіметінің Маңғыстаудың бар байлығынан айыруы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Г.С.Карелин, Маңғыстау, экспедиция, отарлық саясат, адайлар.

Шығысқа қарай басқыншылық ниетпен жылжыған орыс империясының Маңғыстау жеріне қадам басуында Г.С.Карелин бастаған экспедицияның атқарған ролі зор болды. Ол басқарған үлкен экспедиция 1832-1836 жылдар арасында үзіліс жасай

отырып, Каспий теңізінің шығыс жағалауында «Орал балық аулау аралдарын зерттеу мақсатымен» деген желеумен тыңғылықты жұмыс жүргізді. Бекініс біткеннен кейін (1801-1872жж.) Г.Карелин Адайлардың сеніміне кіруге күш салған. Алғашқы кезде қазақтар бұларды ауылдарына жолатқысы келмеген. Қалай еткенде де, жергілікті халықтың сеніміне кіру үшін тіпті қымыз ішкісі келіп, ауылдарға өз беттерінше барған солдаттарына ел адамдарының көзінше дүре соқтырған. Осылайша ол жергілікті қазақтарды баурап, сауда-саттық жасауға тарта бастайды. Адайлар қой сатуға, яки айырбастауға біртіндеп келе бастағанмен, түйе, жылқы сияқты ірі малдарын сатудан бас тартады. Бірақ жалға беруге келіседі. Бұл қарым-қатынасты орнатуға әсіресе. Г.Карелинмен астыртын байланыста болған Мая Әнетұлының еңбегі зор еді. Сонымен бірге Хиуадан көп зорлық көрген Сүйінқара батыр да Г.Карелинге үлкен сенім артқан. Бекініс салынып біткен соң, ежелгі тапсырма бойынша Хиуаның ау-жайын байқау үшін Г.Карелин 1834 жылы Тұрпаев деген кісіні саудагер ретінде аттандырады. Оның қасына өзіне қызмет көрсетіп жүрген Мая бидің баласы Бәймембетті қосады.

Бұл экспедиция жайында кейін пікірлер айтылып, Г.Карелинді өлкеміздің терең зерттеушісі ретінде мадақтап жүрдік. Ал, шын мәнісінде, оның түпкі мақсаты, оған берілген құпия тапсырма – Ресейдің басқыншылық саясатын іске асырудың қамы еді. Нақтылап айтсақ, Г.Карелин экспедициясының түпкі мақсаты – Ембі өзенінің құйылысынан бастап, Парсы шығанағына дейінгі аралықтағы Каспийдің шығыс жағалауларын топографиялық картаға түсіріп бекініс орналастыратын қолайлы жер іздестіру, жер-су жағдайын шолу, онда мекендеен жауынгер Адай елінің психологиялық жай-жапсарын білу және олармен сауда қарым-қатынасын жасауға жол ашу, сөйтіп, бірдіндеп сенімдеріне ие болу еді. Г.Карелин басқарған экспедиция Бозашы, Маңғышлақ жарты аралдарын және Ембі өзені құйылысы маңын мекендеген Адайлар жайлы мәлеметтер жинақтап үлгерді. Осы мәліметтер бойынша ғана қорытынды жасаған Г.Карелин бұл аймақтың Ресейдің Орта Азиямен сауда-саттық және саяси байланысына кілт бола алатындығын айтады. Бірақ түбегейлі келіп, қоныс тебуге, Адайларды колония жасауға үміттің аз екенін білдіреді. (Г.Карелин «Путешествие по Каспийскому морю).

Осы жағдайды білген орыс мемлекеті Орта Азияға жылжитын бірден-бір мүмкіндікті пайдаланып қалғысы келіп, тезірек бекініс салуды ұйғарды. Бірақ Азия комитетіне «өте сақ қимылдау, жергілікті халықты шошындырып алмауды» қатаң ескертеді. Сөйтіп Астрахань қаласында біраз әзірліктер жасап алған Г.Карелин экспедициясы 1834 жылы 500 әскермен Гурьевтен бес кемемен жолға шыққан. Оларды 3 крейсер қорғап жүрген. Экспедиция сол жылдың 2-ші мамыры күні Қарасу шығанағына келіп, тұмсық тірейді.

Олардың келгеніне үрейлене қараған жергілікті Адайлар жағаға көптеп жиналған. Өйткені бұл өңірге 1825 жылы дәл осындай ретпен келген Ф.Ф.Берг бастаған экспедиция таңырқап келген жергілікті тұрғындарды «теңіз қарақшылары» деп қырып жойып, ауылдарының ойран-ботқасын шығарған еді.

Ал Г.Карелин өзін қарсы алушыларды жылы қабылдады. Бірақ тиісетін болса, оқпен жауап беретіндерін ескертуде де ұмытқан жоқ. Адайлар өзара ақылдаса келіп, жөндеріне кеткен. Одан кейін Г.Карелин экспедициясына күдік келтірмеген. Өйткені, Г.Карелин 3 жәшік жібек мата, 3 мың сомдық ақша (базарлық) үлестірді. 1834 жылдың мамырында басталған бекініс құрылысы екі ай ішінде-ақ аяқталған.

Патша өкіметінің бұл бекіністі жеделдете салуға аса зор маңыз беру себебі- ол Ресейді Махашқаламен, Шағадаммен, Астрахань, Гурьевпен (қазіргі Атырау) су жолы арқылы қатынауға, сондай-ақ, дала жолымен Хиуамен байланысуға мүмкіндік беретін ыңғайлы жерге, өкпе тұсқа орналасқан еді. Осы бекініс үшін қолайлы орынды Г.Карелинге көрсетіп берген Адай тайпасының салдары Сүйінқара батыр (1756-

1841жж.) болыпты. Өйткені, ол «Хиуа хандығының озбырлығынан әбден мезі болған Маңғыстау қазақтарының ендігі жерде орыс патшалағына арқа сүйеуі қажет» деп түсінген... Бірақ бекініс салынып, оған жайғасқанмен де, патша өкметі Сүйінқара ойлағандай маңғыстаулықтарды Хиуа шапқыншылығымен қорғай алған жоқ...

Патша отарлаушыларының түпкі арамдық пиғылын әбден түсінген хан Кіші жүз қазақтарын, оның ішінде Адайларды да орыс әскеріне азық-түлік, жылқы бермеуге үгіттеді. Бірақ Адайлар хан сөзіне құлақ асқан жоқ. Бұған ерегескен хан Адай ауылдарын қайта-қайта шабумен болды. Адайлар мен түрікпен старшындарынан «орыстарды қууды» талап етеді. Бірақ Адайлар тарапынан орыстарға қарсы белсенді әрекет бола қоймады. Амал жоқ, Маңғыстауға жайғасқан орыстарға қарсы ханның өзі шапқыншылық әрекетке кіріседі. 1839 жылдың жазында Маңғыстауға келген хан әскерлері 120 орысты тұтқындап, бірқатар қайығын суға батырып, бірқатарын алып кетеді. Көпестердің тауарларын тонайды. Ал 1840 жылы Форт-Александровскіге таяу маңда азық- түлік, басқа да тауарлар тиелген кемені тонайды. Мұхаммед Әмин хан да Адайлардың дүркін-дүркін тонауға кірісті. Адайлар еркіншілікпен көшіп-қона алмайтын, бекініспен сауда-саттық қарым-қатынас жасай алмайтын күйге түсті. Ресеймен жасалған келісімшарт бойынша Адайлар- Хиуа хандығының боданы. Сондықтан да олар Ресей өкіметіне бағынып, салық төлеуге тиісті емес. «Мұны орындамайтын болса, Адайлардың аузына қорғасын құйылады, ешқандай да аяушылық жасалмайды»,-деп мәлімдейді. Екі оттың ортасында қалған Адайлар патшаның жергілікті әкімшілігіне шағымданған.

1842 жылы Қалби би Ново-Александровск бекінісінің комендантына былай деп хат жолдаған екен: «Ақ патшаның жарлығымен жерімізде бекініс салынды. Оған сіз комендант болып отырсыз. Сіздер- мәртебелі адамдарсыздар, ал біз- әлсіз халықпыз. Ақ патша бізді Аллақұл ханның қолынан босатып алды ма, жоқ па, сіз білетін боларсыз. Бізге сол жайында хабардар етсеңіз екен. Патша бізге не бұйырса да, тыңдаймыз және оның қорғаушы қол астына еркімізбен барамыз. Егер Аллақұл ханның жарлығы бойынша әрекет етер болсақ, орыстарға өздеріміз зиянкестік жасайтын түріміз бар, Онда ерікті түрде патшаның жазасын қабылдамақпыз». (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архиві, 2171-іс. 132-бет). 1842 жылы Аллақұл хан өлгеннен кейін Хиуа ханы болған Мұхаммед Әмин орыс патшалығы үшін тиімді (Ресеймен әкелінген тауарлардан 5 процент қана түсім алып тұруға) сауда келісімшартын жасайды. Сөйтіп, екі оттың ортасында қалған Маңғыстау қазақтары Хиуаға да, Ресейге де салық төлеуге мәжбүр болды. Бұл ауртпалыққа шыдай алмаған Адай билері 1844 жылы бекініс комендантынан Ресей мен Хиуа хандығының шекарасын анықтап беруді өтінді. «Хиуа хандығының бодандығынан құтылу үшін жандарын құрбан етуге де әзір екендіктерін» білдірді. Бірақ орыс патшалығының жергілікті әкімшілігі Хиуа хандығының Маңғыстау қазақтарын тонаушылығына тосқауыл жасағысы келген жоқ. Қайта қазақтар мен хиуалықтар арасының неғұрлым шиеленісе түскенін жақсы көрді. Қақтығыста хиуалықтардан қолға түскен мүлік қазақтардың өз иелігінде қалатындығын, әрбір өлтірілген не қолға түсірілген хиуалық үшін 3 сомдық күміс ақша төленетінін, сондай-ақ әрбір арғымақ ат үшін де жақсы сыйлық берілетінін айтып, маңғыстаулықтарды Хиуа хандығына айдап салды. Аллақұл ханның Маңғыстауға орын тепкен орыстарға соқтығуы бұдан кейін де жалғасады. Сөйтіп, ол Каспий теңізінің шығыс жағалауының Ресей иелігінде болуына үзілді-кесілді қарсылық жасайды. Адайлардың Маңғыстауды қыстайтын бес бөлімшесі Төменгі дистанцияға кірді. Оның бастығы Адайлардың ірі биінің бірі Ғафур Қалбыұлы болды. Ал Үстіртті, Бесоқты, Сенек, Сұмса құдықтары маңында қыстайтын үш бөлімше Жоғарғы дистанцияға енді. Оны Бәймембет Маяұлы басқарды. Олардың екеуі де Ново-Александровск комендантының тікелей көмекшілері болып есептелді. Айтарлықтай

әкімшілік құқықтарға ие болды. «Жағымсыз адамдарды» қамауға алуға да ерік берілді. Дистанция бастықтары елден салық жина, дау-шар мәселесін шешу сияқты қызметтік міндеттерін орындау кезінде қастарына 40 адамнан құралған әскер алып жүретін болды. Адайлардың өрісі жан-жақтан тарыла түсті. Олар түрлі салық төлеумен қоса патша өкіметінің жергілікті шенеуніктеріне тегін қызмет көрсетуге де тиіс болды. Маңғыстауға Астрахань, Саратов, Орынбор және басқа да губерниялардан орыстар келіп қоныстанып, балық аулау кәсіпшілігін иемдене жөнелді.

1858 жылға дейін 49 орыс отбасы қоныстанып үлгерді. 1868 жылы 25 орыс отбасында 109 қайық, 267 мың қармақ, 6700 ау және 60-қа жуық мал болды. Келімсек балықшылар қызыл балық пен итбалықтың майына мұрттарын матырып, сауда-саттықпен айналысты. Бекіністер алғашқы кезде Ново-Петровск аталса, 1859 жылы Форт-Александровск, 1939 жылы Форт-Шевченко аталады. 1869 жылы Маңғыстау приставствосының, ал 1882 жылы уез орталығы болды.

Адайлар бекініске таяу жердегі су көздерін де пайдалану құқынан айрылды. Олар амалсыздан бұл маңнан көшіп кетуге мәжбүр болды. Күнкөріс әбден қиындаған қазақтар казак линияларына шұбырды. Бірақ олар линияларда тұрақты мекендей алмады. Өйткені, онда оларға егін егіп, шаруашылықпен айналысып, тәуір тұрмыс құруға жол берілмеді. Патша өкіметі Адайлардың кедейлерін болмашы жалақыға қара жұмысқа, балық аулауға, жүкшілікке, итбалық союға, көмір өндірушілікке, тас кесушілікке, құрылыс жұмысына аяусыз пайдаланады.

Патша отарлаушылары осылайша Маңғыстаудың жер-суын, малы мен байлығын, адамдарын басыбайлы иемденіп алғаннан кейін де Хиуа хандығының шапқыншылығынан қорғағысы келген жоқ. Хиаулықтар дүркін-дүркін шапқыншылық жасап, елден ұшыр, зекет жинап әкетіп тұрды.

Міне, патша өкіметінің қазақ даласын басқару жөніндегі «Уақытша ережесі» шыққан 1868 жылға дейінгі Маңғыстау қазақтарының саяси-әлеуметтік жағдайы осындай еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы.Көне замананнан бүгінге дейін.3 том,1997ж.

2. Естерек Жаманбайұлы,Сайын Әділханұлы.Досан батыр/Егемен Қазақстан,1992 ж.

3.М Тұрсынова XIXғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары Алматы,1977ж.

ӘОЖ 94(574)(045)

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ XIX АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДА БӨКЕЙ ОРДАСЫ ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗДІҢ БАТЫС БӨЛІГІНДЕГІ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ

Бекешов С.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ресей империясының Қазақстанның батыс бөлігіндегі отарлау саясаты талданады.Әсіресе, аймақтағы әскери бекіністердің салынуы,орыс помещиктері мен жергілікті басқарушылардың (хан-сұлтандар) тұрғындарға озбырлығы,халықтың жер үшін таласы мен шектен тыс түрлі алым-салықтарға қарсы наразылығы деректер арқылы зерделенеді.Сондай-ақ казак әскерлерінің іс-әрекеттері

мен жергілікті әкімшіліктің бассыздықтарына қарсы шаруалардың бас көтеруі де қарастырылады.

Түйінді сөздер: әскери линиялар, казактар, помещиктер, хандық билік,ру басылары.сұлтандар, ұлт-азаттық көтеріліс, жерге талас, алым-салық.

XIX ғасырдың бірінші жартысында патша өкіметінің отарлау саясаты Қазақстанда, әсіресе оның батысында өрістеп, күейе түсті. Бұл кезде Орал қазак-орыс әскері Жайық жағалауын патшаның қолдауымен толық иемденіп алып, Самар даласының солтүстігіндегі Жанарыстан (Еруслан), Ырғыз өзендеріне дейінгі далалықты да қосып алды, онан Қара өзен, кейінірек (1813 жылы) Сары өзен бойларына әскери линияларын орнатып, (ол Узенская немесе Внутреняя линия деп аталған) бұл төңіректегі шүйгінді жерге қожалық етті. Өзен немесе ішкі Орал линиясына казак-орыс әскерлері көшіріліп, олар бос жатқан жерге үй-жай, бекініс салып, қарауыл, бақылау жұмысын атқаруға тиісті болды. Олар егіншілікпен айналыспай, тек балық аулап, шөп шауып, мал өсірді.

Патша өкіметінің саясатына казак-орыстардың ішінде де наразылар болды. Казактар игеріп алған жайлы қоныстарын тастап, Сары өзен (т.б. жерлерге де) бойына барғысы келмей қарсылық көрсетті. 1803 жылы Жайық қазақ әскерін басқару туралы патша өкіметі жаңа тәртіп енгізді, енді олар кәдімгі әскер есебінде әскери қызмет атқарып отыруға міндетті болды. Бұған Орал казақтары қарсылық білдіріп, мұның ақыры көтеріліс жасауға дейін барды. Бірақ патша өкіметі Оралға әскер жіберіп, (1807, 1825, 1837 жылдары) казактардың наразылығын күшпен басты [1].

Каспий теңізі жағалауындағы мал өсіруге қолайлы жерлерді Безбородно, Багратион, Юсупов секілді помещиктер әуелі балық аулауға деп алып, соңынан толық иеленіп кетті. Иесіз жатқан бұл жерлерді помещиктер алғашқыда қазақтардың жайлауына қарсылық етпесе, келе-келе арсыздыққа салынып, жалдап беретінді, немесе әр түрлі жұмысын істетіп алатынды шығарды.

Ордаға Жәңгір Бөкейұлы билік еткен кезеңде жер шонжарлар мен ауқатты шаруалар меншігіне берілді.Хандықта жеке меншік нығая түсті. Ханның туысқандары, сұлтандар,рубасылары (Қарауылқожа Бабажанов,Балқы Құдайбергенов, Меңдігерей Бөкеев, Шыңғали және Мүшеғали Орманов,т.б.) су мен құдықтары бар ірі өңірлерге ие болды[2].

Россия орталығына жақын және іргелес жатқан Астрахань, Болхуны, Камышин, Шортанды, Орал базарларына қазақ байлары малдарын сатып, ақша айналымы өрістеді. Ақша-товар қатынасының өрістеуі байлардың жерге деген құлқының ашып 20-30 жылдары жерге деген жеке меншіктілік күшейе түсті. Хан жердің шұрайлысын өзінің сенімді, тірек болатын адамдары мен ауылдарға бере бастады. Сары өзеннің жоғары жағалауының құнарлы жерін Жәңгір өзінің сенімді тірегі Ноғайларға берді, өзі Тарғын мен Жасқұстан жер алды. Қалған жерді ең алдымен сұлтандарға, одан кейін қожалар мен билерге, сосын жағынған байларға берді.

Старшиналардың жер көлемі әр түрлі болды, олардың арасында жерге деген талас күшейді. Жайылым жетпегесін, әсіресе қыста көптеген ауылдар Орал, Астрахань казак әскерлерінің, Саратов губерниясының бос жерлеріне малдарын айдап барып, жайып шығады. Бірақ мұның ақыры үлкен дауға ұласатын.

Хандық билеушілерінің XIX ғасырдың алғашқы жартысында көп жерді жеке иелікке беруі, Орал казактарының Қосөзен бойындағы бірқатар жерлерге ие болуы жер қатынастарында жағдайды шиеленістіріп,қауымдық-рулық жер иеленуге үлкен соққы берді. Мал басы мен адам санының одан әрі өсуі, жердің тең дәрежеде бөлінбеуі, жайылым сапасының төмендеуі, ауылдарда әлеуметтік жіктелісті терең қоғамдық еңбек бөлінісінде басқа кәсіп түрлерін меңгерушілер мен хандыққа шектес жерлердегі

кәсіпшіліктерге жұмыс одан әрі әбден тереңдеді және жер жалдап кетушілер де көбейді. Ғасыр соңына қарай казактармен және орыс шаруаларымен шаруашылық саласындағы қатынастың тереңдей түсуіне байланысты жер өңдеуді, егіншілікті дамыта түседі. Бірақ хандықтың солтүстік аумағында ғана Талов, Қамыс-Самар бөлімдерінде егіншілік дамыған және ол ішкі қажеттілікті өтеуден аспаған [3].

Ру басылары мен билер, байлар салықтың неше түрін ойлап шығарып, өз шығындарын халық үстінен жинап, ауыл старшиналарына да маза бермеді. Адай, Беріш руларының билеушісі Қарауыл қожа өз қарауындағы старшиналардан бір-екі жылқының қазысы, шай-қантыма деп 5 сомға дейін ақша жинап алған. Балқи би онымен де қоймай, басқа рудан келетін қонақтарын атқару үшін ауыл старшиналарынан қаржы жинаған. Ханнан келген өкілдер 1835 жылы Махамбеттің, тағы басқалардың бір-бір жылқысын өрістен алып кеткен.

Сұлтандар мен байлардан халықты қанауға молда, қожалар да қалыспады. Патша өкіметі ислам дінін кеңінен уағыздап, елдің ішіне – әрбір ауылдарға дейін молдалар жіберіп, діни уағыздарды өрістетті. Молдалар халықты патшаға бағынып, сөзсіз қойылған талаптарды орындауға шақырды.

Хандықтың әлеуметтік өміріндегі өзгеріс-сұлтан,би, старшынға жер үлестіріп,әлеуметтік тірек табуды көздеуден туған, өте терең ойластырылған бұл әлеуметтік саясаттың жүзеге асырылуы барысында ру басқарушыларының ықпалы әлсіреп, тарих сахнасына шыққан жаңа әлеуметтік топ өеілдерінің ықпалы көтерілді. Бұлар хан саясатын қолдап, жүзеге асырушы топ болды. Бұл топтың қатарында хан енгізген жаңа атақ-дәрежелерді иеленді. Жаңа атақ- дәрежеге ие болушылар түрлі міндеткерлік пен алым-салықтан босатылғандықтан және хан тағайындаған жаңа қызметіне сәйкес белгілі бір өкілдік дәрежесіне байланысты түрлі қосымша табыс, пайда табу мүмкіндігіне ие болды, әсіресе, жаңа ру басқарушылар, сұлтандар, билер, старшындар қосымша «тархан», «хан биі», «хан қызметкері», т.б. атақтарға ие болып көп жеңілдіктер иеленді[4].

Патша өкіметі сұлтан, қожалармен қатар ел ішінде өз тірегі етіп старшиналар мен билерді пайдаланды. Билермен қатар әр ауылға, руға старшина, ру басын сайлау енгізілді. Бұл атақты ханның, аға сұлтан-правительдің ұсынумен Шекара комиссиясы, Орынбор соғыс губернаторы бекітті. Мысалы, Тоқтамыс Өтемісұлы 1819 жылы Беріштің бір ауылына старшина болып сайланды, Сығай сұлтанның ұсынуымен шекара комиссиясы оны 1819 жылыбекітті, одан кейін 1820 жылы Орынбор соғыс губернаторы старшина атағын беріп, қолына мөр, куәлік беруге рұқсат етті.

Хан, сұлтандар өзіне жақпаған адамды старшиналыққа сайлатпады. Мысалы,1822 жылы Бекмұқамбет Өтемісұлы өз ауылына старшина болып сайланған, Сығай оны бұл жұмысқа бекітіп, старшина атағын беруді сұраған. Бірақ Жәңгір хан оның орнына басқа адамды сайлатып, Бекмұқамбетті бекітпеу туралы Орынбор шекара комиссиясына әдейі хат жазған. [5]. Сұлтандар мен ханның билерінің елге орасан алым-салық салуы үстіне басқа озбырлықтары да жетіп жатты. Ел ішіндегі ұрлық, барымта, жесір дауы т.б. даулы мәселелерді шешуге келген сұлтандар мен би, старшиндар ойына келгенін істеді. Мысалы, Балқы Құдайбергенов кедей адамынан ешқандай шағым алмайды, ал ауқаттылардан ақша алып, істі ешбір тексерусіз бітіреді...

Мұнымен де қоймай Балқы би әр шаруадан соғымға қой, 1 сом ақша, әр старшинадан бір-бір жылқы, 5 сом ақша талап еткен. Қарауыл қожа да 6 сом ақша, ірі қара мал сұраған. Мұндайдан мезі болған старшиналар алым-салық төлеуден бас тартады. Олардың ішінде Исатай, Махамбет, Уса Төлегенов, Есмұқамбет Жантөлин, Қабыланбай, Иманбай Қалдыбаевтар, Тінәлі Тайсойғанов тағы басқалары бар.

Отарлық езгі мен феодалдық қанаушылыққа қарсы Кіші жүз шаруалары өздерінше күресті. Шаруалардың бірқатары қанаушыларға наразы болып, басқа жерге

көшіп кетті. Ал басқалары ашық күреске шығып, байлардың, би-старшин, сұлтандардың өздеріне шабуыл жасады. Кейде старшиналар мен сұлтанды шаруалар өлтіріп те кетіп жүрді. Бұл күрестер әр жерде, әрқалай бір-бірімен байланыссыз болып жатты. Олардың ашық, айқын күрес жаспары болмады. Сондықтан мұндай қарсылықты басу патша өкіметіне онша қиын болмады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.А.И.Белый. «Политика царизма в Приуралье в последние четверти XVIIIи нач. XIX в», Автореферат канд. Диссертации. Ленинград, Ордене Трудового Кпасного Знамени пелинститут им. А.И.Герцена. 1970.

2.Т.Рысбеков,Б.Бірімжаров,С.Құрманалин,Ж.Жақсығалиев,С.Рысбекова Батыс Қазақстан облысының тарихы.Орал,2002 ж. 80-80 бб.

3.Т.Рысбеков,Б.Бірімжаров,С.Құрманалин,Ж.Жақсығалиев,С.Рысбекова Батыс Қазақстан облысының тарихы) 62 б.

4.Т.Рысбеков,Б.Бірімжаров,С.Құрманалин,Ж.Жақсығалиев,С.Рысбекова Батыс Қазақстан облысының тарихы) 57 б.

5.ҚР ОМО, 4-қор, 1- тізім, 4214- і, 21-бет.

ӘОЖ 94(574)(045)

ҚАЗАҚСТАНДА ДІНИ ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРГЕ ҚАРСЫ КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ЖАЗАЛАУ САЯСАТЫ (ХХ Ғ. 20 ЖЫЛДАР)

Бегасилова Ж.А., магистрант
Ғылыми жетекші: Ермұқанов Е.Н.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1920 жылдары Қазақстанда діни ұйымдар мен мекемелерге қарсы кеңестік биліктің жүргізген жазалау саясаты талданады. Авторлар мешіттер мен шіркеулерді жабуға бағытталған биліктің шараларына, оның ішінде ОГПУ-дың шіркеуге шабуылы және оларға қарсы халықтың қарсылығы архив деректері негізінде сараланады.

Түйінді сөздер: діни ұйымдар мен мекемелер, конфессиялық саясат, саяси репрессия, діни қозғалыстар, сектантар, ОГПУ.

Бүгінгі Қазақстандық, тіпті шетелдік тарихнамада сталиндік диктатура кезіндегі саяси репрессиялардың көптеген мәселелері әлі де өз деңгейінде зерделене қойған жоқ. Бұл 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы совет мемлекетінің мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастар саясатын саралауға да қатысты. Оның үстіне аталған тақырыпқа байланысты ғылыми айналымға бұрын құпия болып келген мұрағат деректерінің тартылуы 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы діни ұйымдар мен діни қызметкерлерге қарсы жүргізілген саяси репрессияларды объективті тұрғыда талдау жасауға мүмкіндік береді. Аталған мәселенің осы уақытқа дейін Қазақстан тарихнамасында дербес зерттеу нысанына айналмауы да оның қаншалықты өзекті екенін аңғарта керек.

1920 жылдардағы Қазақстандағы діни ұйымдар мен мекемелерге қарсы советтік биліктің жазалау саясатының әдістері мен құралдарына, сондай-ақ Қазақстанда дін қызметкерлеріне қарсы 1930 жылдардағы саяси репрессияға кең көлемде талдау соңғы кездері ғана қолға алына бастады.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін қарсаңында халықтың демографиялық жағдайы күрделі үдерістерді бастан кешті.

1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқының этникалық және конфессиялық құрамы үлкен өзгерістерге ұшыраганын санақ мәліметтерінен айқын аңғаруымызға болады. 1926 жылғы бүкілодақтық санақ мәліметі бойынша республика халқының саны 6197,9мың, адам болса, оның 57% (3 717 394) қазақ, 19,6 % орыс (1 279 979), 13% (860 872) украиндар құрады[1,367]. Ал 1930 жылдары этнодемографиялық жағдай күрт өзгерді. Ірі шаруа қожалықтарды тәркілеу, кулактарды тап ретінде жою, жаппай ұжымдастыру, Алаш зиялыларына қарсы қуғын-сүргін, 1931-1933 жылдардағы алапат аштық салдарынан 1939 жылы жергілікті халықтың үлесі 38%-ке, орыстар 40 %, украиндардың 11 % пайызға өзгеруіне әкелді. Оның үстіне 1930 жылдары Қазақстанға Ресей мен Орта Азия аудандарынан қоныстандыру орын алды. 1932 жылы 2318 отбасы көшіріліп әкелінсе, 1935 жылы Қазақстанда поселкалар күштеп қоныс аударылғандар есебінен өсе түсті. Осы жылы Солтүстік Кавказдан Оңтүстік Қазақстанға 655 кулак отбасы (3275 адам), УССР-ң шекаралық аудандарынан поляк, немістер көшіріліп әкелінген. 1936 жылы көшіріліп әкелінген 69 283 адамның 64 319 Солтүстік Қазақстанға, 4964-і Оңтүстік Қазақстанға орналастырылды. 1937 жылы Қиыр шығыс өлкесінен Қазақстанға 20 170 отбасы, яғни 95 256 адам әкелінген. Халықтың құрамына ерікті миграцияның да ықпалы болды. 1925-1940 жылдар аралығында 509 мың адам келген[2,5].

1939 жылғы бүкілодақтық халық саны бойынша Қазақстанда конфессиялық жағдай жоғарыдағы факторларға байланысты өзгеріске ұшыраганын аңғарамыз. Мемлекеттік конфессиялық саясат және оның Қазақстанда жүзеге асырылу механизмдеріне келетін болсақ, аталған саясаттың сол кездегі екіжақтылығы біздің назарымызды аудартады. Оны кеңестік биліктің хронологиялық кезеңде қабылдаған шараларынан да айқын байқаймыз.

Мәселен, 1917 жылы 2 қарашада, Ресей халықтары құқықтарының декларациясында барлық ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулер алынып тасталса, ал осы жылдың 20 қарашасында Ресей және Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне үндеуінде мемлекет дін ұстанатындардың құқықтарын қорғайтындығын мәлімдеп, мұсылман халықтарды алдарқатқанын аңғаруға болады.

1917 жылы 18 желтоқсанда «ар бостандығы, шіркеу және діни қоғам туралы» Халық комиссарлары кеңесінің декретінде шіркеу мемлекеттен бөлектеніп, барлық мемлекеттік оқу орындарында діни оқытуға тыйым салынады, шіркеудің жеке иеліктеріне құқы шектеледі. Бұл кезде, яғни 1918 жылы 17 қаңтарда ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанынан мұсылман істері бойынша комиссариат құрылады.

1919 жылы КазЦИК құрбан айтты тойлауға рұқсат береді. Бұл комиссариат ақгвардияшылардан азат етілген аудандарда 1,2 басқыш 1650 мектептер ашады[3,31].

1920 жылы Қазақстанда түрлі діни мекемелер – мешіт, медресе, шіркеу, храмдар салынып, діни мектептер қызмет еткен. 1920 жылдың басындағы кейбір өңірлердегі аштыққа көмекте билік бар назарды шіркеу құндылықтарына аударады. 1922 жылы 23 ақпанда ВЦИК-ң қаулысымен ашыққандарға көмек жөніндегі орталық комиссия қорына діни мекеме мүліктерін алады. Губерния комитетінің хатшылары сол жылы құпия нұсқауды алысымен жиналған көмекті мемлекеттік сақтауға уақтылы жеткізуге міндеттеледі. Әрине бұл шараның жүзеге асуы оңайға түспеді. Дін қызметкерлерінің келісімінсіз, құнды, қасиетті мүліктерді шіркеу, храмдардан алу уақтылы іске аса қоймады. Әйтсе де күштеу шаралары арқылы бір ғана Семей губерниясынан 25 пұд күміс Москваға жөнелтілген[4]. Ал мұндай алтын, күміс бұйымдар мұсылман мешіттерінен табылмаған. Совет үкіметінің шіркеу құндылықтарын күштеп алуы

экономикалық емес саяси шара болатын. Бұл шара діни мекемелер беделін көпшілік алдында түсіру, оларға қарсы жаңа ілік іздеу, шіркеудің өзарасына іріткі салуды күшейтуден туындаған болатын.

Қазақстанда 1920-1930 жылдары дін ұстанатындарды басудың құралы ретінде мешіттер мен шіркеулерді жабу елдегі конфессиялық саясаттағы өзгерістерден туындаса,1920 жылдың аяғындағы совет мемлекеті басшылығының социалистік құрылысқа қарқын беру мақсатындағы директивті жоспарлауға бағытталған жаппай науқаны да осындай мақсаттардан орын алған еді..

1929 жылы 23 майда ВКП(б) ОК дінге қарсы комиссия мәжілісінде совет халқының 80 % дінге сенетіндігі туралы цифр келтіреді[5,73]. Міне осыдан кейін дінге қарсы майдан, «идеологиялық майдан», «мәдени майдан», тағы да басқа майдандармен дінге қарсы социалистік шабуылды күшейтеді. Осы жылдардағы жаппай ұжымдастырумен қатар шіркеуді жаппай жабу да жүргізілді. Орталық комитет саяси бюросының «өте құпия» нұсқауында шіркеулерді жабу, діни қозғалыстар мен күресті қатаңдатуға екпін берілді.

1930 жылдың басында діни бірлестіктерді жою жаппай, әрі күштеу арқылы жүргізіле бастады. Мұндай саясат түрлі қарсылықтарға да тап болды. Бас көтерулер орын алды. Алматы қаласында 2-3 айда 2 шіркеу жабылған. Шіркеу қызметкерлері округке, атқару комитетіне, орталыққа шағым жолдаумен шектелген. Және қала маңындағыларды қарсылыққа шығуға шақырып, биліктің заңсыз әрекеті жөнінде «қауесеттер» таратады. Биліктің қысымы 1929 жылы 8 сәуірдегі «Діни бірлестіктер туралы» қаулыдан кейін қарқын алды. Оған қарсылық ретінде 1920 жылдың аяғы 1930 жылдардың басында халықтың ашық бас көтерулері етек алды. Әйтсе де діни мекемелерді жабу елдегі жағдайға байланысты «астық сақтайтын орын»,«мәдени қажеттілік» үшін деген желеулермен жүргізілді. Билік діни мекемелерді олармен келіспей-ақ алып қойды. Әрі діни қызметкерлерді де тұтқындай бастады. Шіркеулер, қойма, клуб, мектеп, әкімшілік үйі, атқора, шаруашылық қажеттеріне алынды. Шіркеуді жабу жалаң-ерікті сипат алды.

Шіркеуді алу үшін түрлі мекемелердің басын қосып жиналыс өткізіп, соның шешімімен жүзеге асырылып отырған. Алматыда Казанск-Багородский шіркеуі қаладағы кәсіпорын, мекемелер қолдауымен іске асырылған. 1931-1932 жылы осыған орай 12 рет жиын өткізген[6,52].

1929 жылғы қаулы діни мекемелерді жабу мен қызметкерлерге қысым жасауда басты құрал болды. Діни мекемелер «күрделі жөндеуге қаражаттың болмауынан құрылыстар бұзылуға әкелген, құнды мүліктердің жоғалуы мен орынсыз шығындар» желеуімен де жабылған. Мәселе жоғарыдағыдай айыптаулар Алматы кафедралық соборы мен Татар мешітін жабарда да негіз етіп алынған. Осы 2 мекемеге қатысты КазЦИК-тің 1929 жылғы 4 қарашадағы қаулысында аталған себептер баса көрсетілген. Осындай ойдан құрастырылған шектеулер мен айыптар тағылып отырған. Ал Алматыдағы Ұйғыр мешітіне бірнеше мекемелер таласып, оларға тіркеуден өтпеді, діни қауымдастық туралы ережелерді орындамаған деген себеп жабылуға негіз болады. Қаладағы архиерий шіркеуін жабу тыныш өтсе, әскери шіркеу 70-тей адамның наразылығын туғызды. Ақыры қаулы орындалды. Осындай наразылық Қаскелең, Есік, Ұзынағаш, Қастекте орын алып, ешбір ескертусіз халық жабуға қарсы қол жинайды. Басқа сиынатын үй сұрайды. Билік күшейе түскен конфессияның алауыздығын да тиімді пайдаланып, жауып отырған.

Шіркеулердің жабылуына қарсылықтарды шіркеу қызметкерлері бастады. Шіркеу поптары астық дайындау науқанына қарсы ашық үгіт жүргізсе, енді бірі коммунистерді соққыға жығуға, совет үкіметіне салық төлемеуге шақырды. Мұндай

көріністер тек Семей округінде ғана емес Алматыда да орын алды. Қалада Покров шіркеуін ешбір келісімсіз қирату олардың діни сенімдерін аяқ асты ету еді.

1935 жылы Ұйғыр мешітін жабуды Сталин атындағы колхоз тұрғындары клуб құрылысы материалдарына сұрады деген желеумен жаппақ болады. Ақыры КазЦИК қаулысымен мешітті діни-ағарту мақсатында пайдалануға шешім шығарылады[7,69].

Алматыда Дұнған көшесіндегі мешіт қалалық денсаулық бөліміне абортарий үшін беріледі[8,1]. Мешіт құлағалы тұр, бар болғаны 4 адам қызмет етеді деп тіркеуден өтпейді. Мұндай негіздеме басқа діни мекемелерге де қолданылды. Мешіттің мектеп, клуб емес аборт жасайтын мекемеге пайдаланылуы дінге сенушілерді қорлау еді. Мешіттің құрылыс материалдарын отын ретінде пайдалану да орын алды. Жалпы діни мекемелерді жабу Қазақстанның рухани өміріне үлкен зардаптар әкелген еді.

Қазақстанда діни конфессиялар мен ОГПУ-дың (біріккен мемлекеттік саяси басқарма) күресі партияның нормативті-құқықтық құжаттарына,нұсқаулықтарға,аса құпия бұйрықтарға негізделді.

1922 жылы қаңтарда ВЦИК декреті орыс православ шіркеуін жоюға бағытталды.1922 жылдан 1925 жылға дейін партияның дінге және шіркеу ұйымдарына қатысты басты бағыты айқындалып, жүзеге асырыла бастады. Оны негізінен ОГПУ атқарды. Большевиктер шіркеу қызметкерлерін негізгі жауымыз деп білді. Дінге қарсы насихат, дінге сенушілерді мансұқтаумен қатар жүргізілді. Шіркеумен күресте жасырын әдістерге сүйенді, әсіресе шіркеуді іштен іріту, түрлі ағымдарды қарсы қою, шіркеу мен дін басшыларының халық алдында беделін түсірумен қатар жүргізілді.

Шіркеудегі түрлі топтардың 1920 жылдың ортасында күшейе түскеніне ОГПУ сарапшылары ерекше назар аударады. Әсіресе обновленцтердің (православияның ішіндегі ағым) Сырдария, Ақтөбе, Семей округтерінде күш алғанын, олардың советке қарсы үгіті қарқын алды. Олардың қызметі керісінше Бөкей, Олар губернияларында баяу екені байқалды. Мұнда шіркеуліктер өздерінің маңына кулактарды, советке қарсы топтарды жинады. ОГПУ шіркеудегі сектанттардың жұмысына да айрықша назар аударды. ОГПУ ПП (біріккен мемлекеттік саяси басқарманың өкілетті өкілі) құпия бөлімінің мәліметінше ҚССР территориясында 10 түрлі сектаны анықтаған[9,61]. Ішіндегі ең белсендісі, қуаттысы баптистер. Олардың қызметі 3 негізгі ауданға таралған (батыста Орал, Ақтөбе, оңтүстікте Сырдария, Жетісу, орталықта Қостанай, Ақмола, Семей). Олар Волга-Кама, Орта Азия өлкелік одақтарына бағынған[10,62]. Баптисттер ел аралап, жаңа мүшелерді тарту міндетін қойды. Жетісу, Сырдария губернияларында өз араларында жеке топтарға да бөлінді. Баптистер миссионерлік қызметті де жандандырып, қатарларына қазақ тілін білетіндерді тартты. Мәселен, Ақмола губерниясындағы мұсылмандар арасында 3 үгітші ұстады. Олар жұмыстарын жүргізуде евангелияның қазақшасының болмауына қатты қынжылды. Қостанайда миссионерлік жұмысқа ай сайын 50 рубль аударылды. Орал, Ақмола губернияларында жұмыс қарқынды жүрді. Шетелдерден библия және тағы басқа да әдебиеттермен қамтамасыз етілді (Германия, АҚШ, Чехиядан Жетісу, Ақмола, Қостанай округтеріне жіберілді).

Жетісу, Ақтөбе, Ақмола губернияларында миссионерлік жұмыстың бір қыры жастар арасында хор, оркестр құрып, кештер өткізуге комсомолдарды көптеп тартты. Баптистер үйірмелер арқылы да өз ықпалын жүргізді. Әйелдер арасында қол еңбегі секциясы арқылы өз қатарларын арттыруға да күш салды. Баптистер әскерге қызметтен бас тартуға да ерекше мән берді. Олар сондай-ақ кедейлерге ссуда (қарыз) беру арқылы да өздеріне тәуелді етуге күш салды. Адвентистердің (баптистердегі діни қозғалыс) ықпалы да Семей, Ақмола, Жетісу, Қостанай, Оралда таралды. Олардың Семейде ықпалы басым болды.

Сонымен ОГПУ-дың шіркеуге шабуылы айтарлықтай іске аспай, халықтың шіркеуді жабуға қарсылығына ұшырады. Мұндай жағдай биліктің уақытша тактикасын

өзгертуіне мәжбүр етті. Енді шіркеуді жабуда халық жиналысының шешімін атқару комитетінің бекітуі талап етілгенімен қарапайым халықтың басым көпшілігі дінге сенімін жоғалтпады. Шұғыл түрде әкімшілік жолымен жабу іске аспады. Сондықтан ОГПУ шіркеуді іштен ірітуді, өздеріне бағындыруды, контрреволюциялық ұйым ретінде әлсіретуге православия ағымдары арқылы күш салғанын жоғарыдағы деректер мен мәліметтерден айқын аңғаруымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Масанов Н.Э.,Абылхожин Ж.Б.,Ерофеева И.В.,Алексеенко А.Н.,Баратова Г.С. История Казахстана:народы и культуры.Алматы,2001,с.367.
2. ҚР ОММ,30-қ,2-т,138-іс,5-п.
3. Бегасилова Ж.А. Политические репрессии против религиозных организаций и священнослужителей в Казахстане в 20-30-е гг.XX века. Диссертация на соискание степени доктора PhD. Алматы,2020.с.31.
4. Безверхний А.С. Кампания по изьятию церковных ценностей из православных храмов в Семипалатинской губернии//http//vko-eparhiya.kz
5. Роккуччи А. Сталин и патриарх:Православная церковь и советская власть,1917-1958/пер. с итал.О.Р.Щелковой.М.,2016.с.73
6. ҚР ОММ,789-қ,1-т,1-іс,52-п.
7. ҚР ОММ,789-қ,1-т,37-іс,69-п.
8. ҚР ОММ,789-қ,1-т,35-іс,1-п.
9. ҚР ПА,141-қ,1-т,іс-2251,61-п.
10. Сонда,62-п.

ӘОЖ 94 (574) (045)

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ИСАТАЙ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС

Хамзеева И., студент
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. мақалада патша өкіметінің отаршылдық саясатының озбырлығы, Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістің себебі, барысы, кезеңдері, қозғаушы күші, жеңілісі және тарихи маңызы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: отарлау, көтерілістің кезеңдері, Хан ордасы, көтерілісшілер саны, жазалау шаралары.

XIX ғасыр қазақ қоғамы үшін өте ауыр кезеңдердің бірі болды. Ресей өкіметі тарапынан көрсетілген қысым экономиканың құлдырауына, халықтың көтерілуіне түрткі болды. Патша өкіметінің шектен тыс озбырлығы, ауылдық-қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына әкеп соқты. Осының салдарынан ауыл-шаруашылығының бұзылуына, хандық биліктің әлсіреуіне әкеліп соқтырды.

Осындай жағдайда қазақтың малшы-шаруалар тобының көтерілісі болып, ол 1836 – 1837 жылдар аралығында хандықты дүр сілкіндірген болатын. Халық-азаттық көтеріліс бастапқыда Каспий теңізі жағалауына жақын жерлердегі оңтүстік аумақтарда

болды. Бұл аймақтар шаруашылыққа қолайлы аумақ еді. Бұл жерлердің иелері князь Юсупов пен граф Безбородко болатын.

Көтеріліс шаруалар мен ауыл старшындарының хан саясатына және оның билік жүргізуіне қарсы болуы себебінен тез өрістеді. Көтерілістің тұтануына Жәңгірдің 1833 жылы қайын атасы Қарауылқожаны Каспий теңізі жағалауын қоныс еткен ру бөлімшелерінің билеушісі етіп тағайындауы себеп болып, бұл іркетті өз мүдделерін ойлап, жергілікті тұрғындардың еркін мүлде елемегендік деп санады. Халық Қарауылқожаны өсімқор, қатыгез саудагер ретінде әрі ол қожа тегінен шыққандықтан қазақ руларын басқара алмайтындығын алға тартты. Бұдан кейін халық бұқарасы ханға ашық қарсылық көрсете бастады.

Беріш руы оңтүстікте көшіп қонып жүрген, халқы қоғамдық ашу-ызыға толы, әрі үлкен қозғалыстардың орталығы болды. Бұл ауылдың старшыны Исатай Тайманов болды [1]. Оның халықты басқаруда үлкен тәжірбиесі болды және батыл ержүрек еді. Оған суырып-салма ақындығымен, өр мінезімен халық арасында көзге түскен Махамбет Өтемісұлы қосылған болатын. Осылайша халық мүддесі үшін Исатай мен Махамбет бірікті. Жағдайдың шиеленісе түскенін байқаған Жәңгір, ары қарай жалғаспауы үшін Махамбет пен Исатайға сыйлап, құрмет көрсетіп, маңызды жиналыстарға қатысуға шақырады. Алайда оның бұл жоспарлары іске аспай, соңында оларды ашықтан-ашық қудалауға көшеді. Жәңгір Махамбетті тұтқынға алады, оған үгіт насихат жүргізді,- деген айып тағылып, 1829 – 1830 жылдар аралығында түрмеде отырады. Исатай мен Махамбет бастаған азаттық күресі үш кезеңнен өтті. Әр кезең өзінің даму сипатымен және уақытымен сипатталады. Бірінші кезең 1833-1836 жылдар арралығын қамтиды, бұл кезең көтеріліске дайындық жұмыстары ретінде сипатталады. Екінші кезең 1837 жылдың басы мен жыл аяғына дейін созылады, бұл уақытта ханға қарсы аттанып жеңіліске ұшырайды. Үшінші кезең көтерілісшілердің Исатай мен Махамбет бастаған тобының бірігіп ұрысқа шығып соңы жеңіліспен аяқталады. Көтеріліске көбіне еңбекші шаруалар қатысқан. Белсенді қатысушылардың барлығы дерлік кедей отбасынан шыққан, бұлай айтуымызға себеп олардың мүліктерін тәркілеген уақытта ескі киіз үйлерінен басқа ештеңе болмаған.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс барысында хандық биліктің берекесі кеткен болатын. Көтерісшілер шонжарлардың үйлерін өртеп, мал-мүлкін тартып алып кетті. Бұл жағдайлардан кейін Жәңгір шекаралық өкіметтен көмек сұрайды және бұлардың барлығы Орынбор губернаторлығын алаңдатты.Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілер тобы бірнеше топтарға бөлініп, хан ордасына жақындай түсті. Олар жол үстінде хан шенеуніктерінің ауыл иеліктерін қиратып, олардың жерлерін тартып алды. Көтерілісшілер хан ордасына 60-70 шақырым жердегі Теректіқұм алқабына жеткен, [2] ал саны кейбір деректерде 1500-дей адам делінеді, ал басқа деректерде 2500-3000 адам болды, делінеді. Алайда бұл уақытта Орынбар губернаторы жоспар құрып, барлығын іске асыруды күтіп отырған еді. Бұл жоспарға арнайы әскери бөлімшелер мен қатар басқарушы ретінде Орынбор губернаторлығынан подполковник Гекке шықты. Көтерілісшілердің жолын кесу үшін барлық амалдар қарастырылып, қарулы бекеттерді күшейтті. Хандық билікке қарсы күрес жүргізуші көтерілісшілер, әскери отрядтарды күтпеген болатын. Жақсы қаруланған отрядтарға күштері жетпейдігін түсінгендіктен көтерілісшілер орданы қоршауды тоқтатқан болатын. Алайда хазалаушылардың қуғынынан ұзап кете алмады. Көтерілісшілермен Геке отряды арасында 15 қарашада Тастөбе алқабы ауданында кескілескен шайқас болады, онда көтерілісшілер 100-ге жуық адамдарынан айырылады [3]. Бұл жағдайдан кейін көтерілісшілер құрамы бытырап кетеді.

Оқиғалардың қиындауы әсерінен Исатай мен Махамбет бостандық жолындағы күрес ретінде жалғастырып, олар 1837 жылдың 13 желтоқсанынан 14 желтоқсанға

қараған түні Жайықтың арғы бетіне өтеді. Бұдан кейінде оларды түбейгейлі жойып жіберу үшін жазалаушы отрядтың санын көбейтіп жатты. Көтерілісшілер саны шамамен 500 адамдай болатын біріккен топ 1838 жылы 12 шілдеде Геке басқарған отрядпен шайқасқа түсті. Бұл кезде барлығы соңына дейін шайқасып ерлік көрсетті, бірақ күш және адам саны жағынан мүлде тең болмады. Ұрыс соңында көтерілісшілер жеңіліп, ержүрек батыр, соңғы демі қалғанша ерлік көрсеткен Исатай Таймануұлы қаза тапты. Осылайша халықтың ханға және отаршылдыққа қарсы ашу-ызасынан туындаған көтеріліс соңы жеңіліспен аяқталды. Көтеріліске қатысушылар көп уақытқа дейін жасырынып, далалық өңірлерде бой тасалап жүрді. Көтеріліске қатысушылардың ішінен ұсталғандарды ауыр жазалар күтіп тұрды. Оларға дүре соғылып, аямай ұрып-соғылды. Бұл жазалау шараларынан кейін оларды тұтқындар роталарына жіберді.Көтеріліс басшыларының бірі Махамбеттің бауырлары Ысмайыл мен Сүлеймен жазаланды, алдымен дүре соғылып, алты жылға жұмысқа айдалуға, кейін Сібірге мәңгіге қоныс аударуға, ал екіншісін ауыр соққымен дүре соғып, солдатқа жіберілетін болды. Көтерлісшілер жеңіліс тапқаннан кейін, Махамбет далалық өңірлерде бой тасалап жүреді, біраз уақыт өткеннен кейін халық арасында хандық билікті жақтайтын шонжарларға қарсы үгіт жүргізуді қайта бастайды. Халық арасында оның құрметке ие әрі сөзі өтімді екенін білетін Жәңгір оны шекаралық басқармаға жеткізеді. Кейін оны Орынбор губернаторлығы қолға түсіріп, сотқа тартады. Сот шешіміне сәйкес Махамбетті Атырау өңіріне жер аударып жібереді. Алайда Баймағамбет Айшуақұлының адамдарымен келіспеушіліктер болып, Махамбет қаза табады [4].

Исатай қазақ өмірінде хандықтан басқа құрылымды көрген жоқ, ол хандықты төңкеріп тастағанда елдің ертеңгі күні не болатынын жақсы білді. Ресей өкіметіне бағынбасқа жал жоқ еді. Оларға халық емес билік керек екеніне қарапайым бұқара халықтың көзі жетті [5]. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс қозғаушы күштері жағынан шаруалар көтерілісі болды. Бұл ордада терең әлекметтік жіктелу үрдісі болғандығын көрсетеді. Көтеріліс бағытынан, әртүрлі дәлелдерге байланысты оның шаруалар мүдделерін қорғау сипатында анықталып отыр. Шаруалар көтерілістерінде кең құлаш жайып, өріс алғанымен соңын жеңіспен айғақтайтындай дәрежеде ұйымдастырылмаған еді. Себебі, шаруалар қозғалысының әлсіздіктеріне экономикалық құлдырау, отаршылдық езгі үсті-үстіне қосылды. Қару-жарақтың жетіспеушілігі, адам санының аз болуы жеңіліс табудың себептерінің бірі болды.

Бұған дейінгі Сырым Датұлы бастаған көтеріліс секілді, бұл уақыттада екі бағыттағы қарсы күрес жүргізілді. Анығырақ айтар болсақ әрі патша өкіметіне қарсы, әрі хан билігіне қарсы бұлардың барлығы жағдайды қиындата түсті. Патша өкіметі тарапынан көрсетілген қысым кесірінен де біраз адамдар жапа шекті. Қазақстанның басқа бөліктеріндегі азаттық қозғалысымен байланысы болмады, оның үстіне бұл уақытта Ресей аумағында басқада азаттық күрестері болып жатты. Осыншама қиындыққа қарамастан олар соңына дейін табандылық көрсетіп, бостандық жолындағы күресте ерлік көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 3-том. – А., 2002. – 338-б.
2. Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 годах. – А., 1992. – С. 27, 132-137.
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – А., 2002.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.4-т. – А., 1998.
5. Аманжолов Қ.Р. Қазақстан тарихы (дәрістер курсы). – А., 1992.

УДК 94 (574) (045)

НАРОДНОЕ СОГЛАСИЕ – ГАРАНТ СТАБИЛЬНОСТИ И БЛАГОПОЛУЧИЯ

Бекжанов А.Н.
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш Есенова,
г. Актау, Казахстан

Аннотация. В 1867-1868 гг. царская администрация готовила проект реформы управления. На Мангистау «Временное положение» было фактически введено в 1870 году. Проведение «Временного положения» означало ликвидацию последнего очага независимости казахского народа. Опираясь на казачьи отряды, царские чиновники всеми силами старались привести их к полной покорности. Царская администрация потребовала от адаевцев уплаты налогов и сборов за прошедший год в новой форме.

Ключевые слова: восстание, реформа, налог, царизм, проблемы, пастбища.

Восстание 1870 года под предводительством Исы Тленбаева и Досана Тажиева было поднято на полуострове Мангистау, на восточном побережье Каспийского моря местным казахским населением против введения на полуострове царско–самодержавным правительством ряда административных реформ под общим названием — Временное положение. Но, как известно, нет ничего постоянного, чем временное. Суть колониальной политики царизма заключалась в разделении и властвовании на своих окраинах. По данным 1870 г. адаевцев насчитывалось 14 тыс. кибиток[1]. С каждой кибитки взималось за два года 8 рублей серебром. Земской сбор шел в счет жалования биев Маяева и Калбина. Царское правительство намеревалось использовать влияние этих биев на адаевцев в целях введения и дальнейшего действия Положения, но нашло «легкий» способ решения финансовой проблемы – за счет дополнительных взысканий с казахского населения. Земельный и налоговый вопросы, тесно взаимосвязанные, в еще большей степени поставили адаевцев в безвыходное положение. Чтобы попасть на пастбища - летовки, необходимо было уплатить налоги. Но где взять огромные по тем временам деньги – 8 рублей серебром, если у большинства адаевцев их попросту не было. Деньги никак не вписывались в уклад и образ жизни кочевников. Правда, всегда выручал скот. Можно было продать овец на рынке. Но на Уильской и Уральской ярмарках торговать можно было летом, когда адаевцы подкочевывали на свои летовки и овцы имели более свежий, товарный вид. Но если нет денег, то почему бы и не расплачиваться натурой, во всяком случае до реформы разрешалось часть подати вносить баранами. Но опять–таки, адаевцы были здесь в прямой зависимости от летних пастбищ, потеря которых означала в конечном итоге разорение многих хозяйств. К тому же, уральский купец Ванюшин, с которым в 1869 году был заключен контракт на принятие податных баранов, в 1870 году заявил цену в 2 рубля за крупного барана, что для адаевцев было «несравненно выгоднее самим продавать своих баранов на Уиле или в других местах… и затем, вносить уже всю подать деньгами» [2].

Бедственное положение адаевцев усугублялось тем, что лучшие пастбища–летовки были отобраны для строительства военных укреплений, первым условием при выборе мест под укрепление должна быть близость хорошей воды, так как на непредвиденные случаи «гарнизону приходится делать вылазки, чтобы добыть себе воду» [3].

Даже многие российские ученые–путешественники предупреждали своих генералов о специфике коренного населения полуострова. О том, что надо быть очень осторожными в контактах, не лезть со своим уставом, учитывать особенности менталитета и быть более дипломатичными в политике. Но высокомерие и спесь чиновников перевешивало чашу весов. «Террор против казахов Мангышлака и настоящий вооруженный грабеж вызвали возмущение общественности России» [4].

Естественно, необдуманная тактика внешнеполитического курса царизма привела к трагическим событиям на полуострове. Восстание потерпело поражение. Причины: локальность, малочисленность, слабая вооруженность, отсутствие единства, стихийность и т.д. и т.п. Самодержавие подавило восставших, но какой ценой. Жертвы были с обеих сторон. Иногда думаешь, а стоило ли затевать данную авантюру. Просто данная карательная операция пошатнула и без того неэффективную, недальновидную и несправедливую политику царизма. Население Мангистау было испокон веков полиэтничным. Здесь бок о бок дружно жили казахи, туркмены, татары, русские, украинцы, армяне. Простому рядовому жителю делить нечего, ибо у него нет амбиций. К слову, в станице Николаевской до 1870 года не было зафиксировано ни одного случая межнационального конфликта. Чего нельзя сказать о царской армии, которая бесцеремонно вторгшись в чужие земли, решила установить свой миропорядок, путем унижения коренного населения. Восстание 1870 года на Мангистау имеет огромное историческое значение. Несмотря на свою локальность, оно нашло отклик в соседних регионах и повлияло на консолидацию местного населения. В этом году наравне со 150-летием восстания на Мангистау под предводительством Исы и Досана, мы отмечаем 25 лет создания Ассамблеи народа Казахстана. Это, по-моему, очень символическое событие. Сейчас в мире происходит столько антагонистических событий, что невольно задумываешься о мирном сосуществовании народов. События в Сирии, Украине, Нагорном Карабахе лишний раз подтверждают нецелесообразность военных доктрин. Нашей Независимости в следующем году будет 30 лет.

Сакральный Мангистау, с его необычным геополитическим расположением, уникальными природными каньонами, таинственным природным ландшафтом, и главное, добрым, простым народом – хранителем сказаний, преданий и традиций, является одним из элементов создания государства Страна великой степи. У казахов есть такая прекрасная пословица: «Қолдағы бар алтынның қадыры жоқ», что в переводе означает: «Что имеем, не ценим». Уроки восстания надо учесть всем, понять, что мир и спокойствие ценны. И нарушить спокойствие может не только внешняя агрессия, но и внутренняя нестабильность, необдуманность действий чиновников, непонимание или нежелание вникнуть в проблемы простого народа. Сейчас, когда в стране мы переживаем непростое время, лозунг «Мы вместе – Біз біргеміз» должен сплотить народ, укрепить годами созидаемую стабильность и отсеить сомнения, страхи, переживания за завтрашний день. И здесь, изучая прошлое, мы размышляем, как наши предки выживали в непростых в то время ситуациях. Столкновений, протестов и кровопролития никто не хотел по доброй воле. Сейчас когда на нашей теплой и интернациональной земле царит мир и покой, мы должны изучать историю нашей страны и извлекать прогрессивные уроки созидания. В городе Форт–Шевченко, у подножия бывшей Новопетровской крепости стоит памятник предводителям восстания 1870 года на Мангистау Исе Тленбаеву и Досану Тажиеву. Возложить цветы к нему приходят не только жители Тупкаранского района, но и со всей области. Сегодня регион не узнать, кругом строятся дома, шумит автотранспорт, добывается нефть и газ, молодежь получает знания. Мангистауская область является республиканским донором для бюджета. Это, конечно, является большим богатством для страны, но мы не

должны забывать, что главным богатством является наш дружный и трудолюбивый народ, который никогда не забудет своих национальных героев.

ЛИТЕРАТУРА

1. Турсунова М.С. К вопросу о восстании казахов – адаевцев на Мангышлаке в 1870. // Известия АН Каз.ССР. Серия истории, археологии и этнографии. Алма–Ата. 1958. Вып.1(6). С.45.
2. ЦГА Республики Казахстан, ф.315. оп.1. д.21. св.1. л.25.об.
3. Юр.- Ко. Взгляд на степную войну// Военный сборник. 1872. №11. С.67.
4. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана, Астана, 2004/ https://elim.kz/article/378/

ӘОЖ 94 (574) (045)

ИСА-ДОСАН КӨТЕРІЛІСІ

Уткелбаев Б., студент
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1870 жылдың 22-наурызында бұрқ ете түскен Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған Маңғыстау қазақтарының көтерілісінің себептері, жүру барысы, нәтижесі мен тарихи маңызы, көтеріліс жайында баяндайтын деректемелердегі үзінділер туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: ақырғы айқас, «Уақытша ереже», түтін салығы, жаппай көтерілу, көтерілісшілер.

Тарихта Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс – шын мәнісінде тек Маңғыстау өлкесін мекендегендердің ғана патшалық режимге қарсы бас көтеруі ғана емес, бұл сонымен қатар, бүкіл қазақ қауымының Ресей империясының отарлаушылық тойымсыздығына қарсы мақсат еткен ең ақырғы айқас болатын. Өйткені, мұнан кейін Ресей патшалығының отарлық құрығына амалсыздан мойынұсынған бүкіл қазақ ұлысында одан әрі ел болып көтеріліп, зеңбіректі әскермен айқасардай қайрат қалмаған еді. Барлығы да елінің тәуелсіздігі мен халқының тыныштығы үшін күресті.

Бұл жергілікті халықтың патша өкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ереже» реформасына қарсы наразылығы еді. 1870 жылы Маңғыстауда болған көтеріліс – отаршылық езгіге қарсы, әсіресе салықтың өсуіне және жер, қонысқа шек қоюға қарсы шыққан шаруалар көтерілісі болды. Оның басында Иса және Досан батырлар тұрды. 1868 жылы патшаның Орынбор және Батыс Сібір облыстарын басқару жөніндегі жаңа ережесі шықты. Осы Ережемен таныстыруға Оралда екі дистанция бастықтары шақыртылды. Жаңа Ереже бойынша түтін басына 3 сом 50 тиын салық жинау (бұрын 1 сом 30 тиын), жерді мемлекеттік меншік деп тану, елдің көші-қон жерін шектеу, паспорт жүйесін енгізу іске асырылатын болды. Уақытша Ереже бойынша Орынбор өлкесі енді Орал, Торғай облыстарына бөлінді. Обылыстар уездерге бөлініп, оның бәрін орыс офицерлері мен чиновниктері басқарды. Ішкі Ресейден қоныс аударушыларға жол ашылды. Орыс патшасы қазақ халқын шын мәнінде бодан қылып орыстың әкімшілік-аумақтық билікті бекітуді нақты қолға алуға кірісті.

Сөйтіп, Досан Тәжіұлы (1835-1876), Иса Тілебайұлы (1829-1910) бастаған көтеріліс бүкіл Адай елінің орыс патшасына қарсы жаппай көтерілуі басталды. Ереже 1868 жылы қазан айында шыққанымен, оны Маңғыстауда бірден енгізуге Адайдан сескенген патша үкіметі қолайлы кезді күтті. Сол кезең мақсатында Атыраудың оңтүстігі мен Красноводскінің солтүстігінде көптеген әскер түсіріп, Адай елі жан-жақтан сығылған 1869 жылдың аяғында «сәті түсті» деп есептеді. Осы жылы қараша айында Рукин барлық Адай билерін жинап, екі жылдың салығын бір төлеуді талап етті, салық төленбей елдің жайлауға жіберілмейтінін айтты. Маңғыстау приставы Рукин 1870 жылы 15 наурызда елден екі жылдың салығын біржола жинамаққа 40-тан астам орыс-қазақ әскерін және 60-тай Адай билерін ертіп, қару-жарақтарын 35 түйеге артып жолға шықты. Орыс жасағы Каспий теңізінің «Үшауыз» деп аталатын шатқалында кездесті. Досан батыр бастаған көтерілісшілермен болған соғыста орыс әскерлері талқандалып, Рукин өзін-өзі атты. Алдыңғы күні көтерілісшілер «Орыстар жағындасың» деп бітімге шыққан би Бәймембет Маяұлын өз ағайыны Емен мергенге аттырған еді. Көтеріліс бүкіл Маңғыстау түбегін қамтып, он мың адам атқа мінді, олар Форт-Александровскіні шабуылдап, 18 зеңбірегі бар қамалды ала алмады.Маңғыстаудағы көтеріліс орыс патшасының өзіне дейін жетіп, оны басуғы мамыр айында Кавказдан Апшерон полкінің бір батальонінің екі ротасы, Дағыстан полкінің төрт ротасы және Терек қазақ-орыстарының төрт зеңбірекпен қаруланған екі жүздігі кемеден түсе жетісті. Патшаның мұздай қаруланған сансыз солдаты үш жылға созылған (1870-1873) көтерілісті елді айуандықпен қырып-жойып бастады. Ел жан-жаққа, Хорезмге, Ауған жеріне ауып кетті. Олардың ішінде атақты Қалнияз ақын да шетелде жүріп туған топырағына қайта орала алмай бақилық болды.

Көтеріліс басшысы Досан Тәжіұлын 1874 жылы патша үкіметінің есауылы Аничкин бастаған жасағы Сам жерінен ұстап әкеліп, жаралы батырды екі жыл Кетіктің (Форт-Александровск) түрмесінде азаптап өлтірді. Мүрдесін Сәттіғұл ақынның әкесі Жанғабыл бастаған елдің білікті абыздары Қаратөбе қорымына жерледі. 22 наурыз күні отрядтың маңдайы тасқа соққандай болды. Рукиннің қарулы отрядпен келе жатқанын естіген Иса, Досан бастаған адай азаматтары қарсы тұруға белді бекем буған еді. Рукин отряды оларға 22 наурыз күні ұшырасады (осы күнді көтерілістің басталған күні деп есептеуге болады). Көтерілісшілер отрядты қоршап алып, бұдан әрі өткізбейтіндерін кейін қарай Фортқа қайтуларын талап етеді. Бірақ отряд бұл талаптарына винтовкадан оқ жаудырумен жауап береді. Бірақ төрт жүздей көтерілісшіден қаймыққан Рукин отряды 23 наурыз күні Қошақ шығанағына дейін шегінеді. Көтерілісшілер отрядтың Фортқа шегінетін жолын кесіп тастайды. Амалы құрған Рукин теңізге қарай ығысуға тырысады.Осы арада бірнеше адам оққа ұшқан, отрядтан екі қазақ өлген. Көтерілісшілер Рукинді және 16 солдатты өлтіріп, қалғандарын берілуге мәжбүр еткен. Олар енді сонау Форттағы бекіністің өзін талқандауды ойлайды.

«Үшауыздағы» айқастың нақтылы көрінісін Өрісбай Алданұлы сияқты көнекөз қариялар кезінде сол көтеріліске қатысушылардан естігендерін куәлікке тарта отырып, былайша суреттейтін. Үшауызды бекінген Рукин отрядын көтерілісшілер жан-жағынан топ-топ болып қоршап алады. Олардың келіссөзге келмегендігінен-ақ, отрядты жайпап өтуге бел байлағаны түсінікті еді. Бірақ жағалай қоршаған топтың қайсысының шабуылды бастайтынын аңғара алмаған Рукин мергендердің қай бағыттан шабуылданса да баудай түсіруге бейімдеп орналастырады.

Тарихи құжаттарында «подполковник Рукин өзін-өзі атып өлтірді» деп көрсетілгенмен, 50-60 жылдарда көне көз қариялар «Досан Рукинді тірілей қолға түсіріп, ақ тастың үстіне бауыздаған екен» деп әңгімелейтін.

Тарихи деректерде Форт-Александровскінің Рукиннен кейінгі комендаты Зелениннің былай деп жазғаны қалған екен: «... Мен 20 жыл бойы тофографтар

корпусының офицері бола жүріп, қырғыз даласында жолсапарда, тіпті олармен соқтығыстарды да кездестіре жүріп, мұндай көзсіз табанды шабуылды күтпеп едім... Форттың тағдырын осындай бірнеше шабуыл шешіп кетуі шынында да мүмкін еді. Онда мұның өзінің немен аяқталатынын көзге елестетудің өзі қорқынышты болды». Оның бұл сөзіне қарағанда, Досан бастаған көтеріліс патша өкіметінің жергілікті өкілдерін қатты қалтыратып, әбден састырған болып отыр.

Ал, Кавказдан келген граф Кутаисов өзінің Дағыстан облыстық армиясының қолбасшысы генерал-майор Мелниковке берген теллеграммасында былай деген екен: «... өлке түгілімен көтерілген, қарусыз бір адам жоқ, көп шығынға ұшырағандарына қарамастан, олардың тіпті еңсесі де түскен емес. Олар төтенше күшті, үлкен шешімге келген, бірақ тек құдайға шүкір нашар қаруланған.Олармен алғаш кездескенде тіпті шошып кеттік, олардың бірде-біреуі де қаншама атсақ та құламайды, шауып келеді, өлісі қайсы, тірісі қайсы, айырып болар емес, сөйтсек, олар ердің үстіне олар өздерін таңып алады екен».

Көтеріліс басылғаннан кейінгі үш ай ішінде Маңғыстау аумағы патша әскерлерімен толды. Адай қазақтары үшін ең қаралы күндер осы кезең болды. Сонымен, көтерілісшілер жеңіліс тапты. Бірақ бұл көтерілістің тарихи маңызы зор еді. «Ол Маңғыстау даласында болған патша отаршыларына қарсы наразылықтың бір көрінісі ғана емес, Рукиннің отрядына қарсы бас көтерген адайлардың шағын тобы 6 мың адамға, артынан 10 мың адамға дейін жеткен барлық еңбекші адай тайпаларының барынша белсенді, ең ұзаққа созылған күресі болды. Оны ұйымдастырушы және басқарушы халық батыры атанған бақташы Досан Тәжиев болды. Бұл күрес өзінің мақсаты мен міндеті жағынан алғанда жұмысшы балықшылар қатысқан шаруалар көтерілісі еді. Өйткені, оған кедейлер, балықшылар, еңбекшілер белсенді түрде қатысты. Олардың бірқатары Ресейдің іскер топтарының қарамағында жұмыс істейтін. XVIII – XIX ғасырдағы Қазақстанда болған көтерілістермен салыстырғанда, бұл көтерілістің нақты шабуылдық сипатта болуы назар аударарлықтай». Көтерілстің жеңіліске ұшырауының да маңызды себептері бар. Мәселен, оның сенімді тыл болмады, экономикалық базасы да жоқ еді. Көтерілісшілер ауылдарынан қол үзіп кете алмайтын. Олардың шегінетін жалғыз жолы – патша әскерлері тұрақты басып ала қоймаған жартылай шөл аймақ Үстірт болатын. Көтерілісшілерде алдын-ала ойластырылған саяси бағдарлама да болған жоқ. Әуелі адайлар «Уақытша Ережені» қабылдаудан бас тартты. Сосын, одан жаз шығысымен жазғы жайлауға елсіз далаға көшіп кетсек құтыламыз деп есептеді. Рукин отрядын талқандауы көтерілісшілерді жігерлендіріп жіберді. Олар енді патшаның Маңғыстаудағы әскери тірегі – Форт-Александровск қамалын алсақ, езгіден құтыламыз деп есептеді. Барлық пәле Фортта отырғандардың шығып жатқандай көрді. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың нашар дамуына байланысты халықтың ауызбірлігі де мықты емес еді. Соның өзінде жалаң қылышпен, санаулы ғана ши мылтықпен қаруланған, соғыс әдістерінен мүлде бейхабар, өңкей қыр қазақтары алып империя – Ресейді дүрбелеңге түсірді, оларды басып-жаншуға Кавказдағы, Орынбордағы әскерлерін тік көтеруге мәжбүр етті. Көтерілісшілердің ерлігін олармен соғысқа түскен әскер бастықтары да еріксіз мойындаған.

Бұл көтерілістің дүмпуі Ресей шеңберінен шығып, шетелдерге тез тараған. Француз этнографы Жирар де Риал «Орталық Азия туралы жазбалар» деген кітаптарында осы көтеріліс жайлы нақтылы деректер келтірген. Отарлаушы саясаттың белсенді өкілі Рукиннің өлімі отарлаушыларға халықтың басқыншылық әрекетке көне бермей, қасқайып қарсы тұра алатындығын, ол үшін еш нәрседен де тайынбайтындығын танытты. 1870 жылғы Маңғыстау қазақтары көтерілістің орыс

патшалығын дүрбелеңге түсіріп, оның дүмпуінің Ресей шеңберінен асып, шетелдерге жетуі де осы Рукин өліміне байланысты болса керек.

Қорыта айтқанда, көтерілісшілердің жеңіліс тапқанына қарамастан, төрт жыл бойы қаруын тастамай, жазалаушыларға қарсы жанкештілік ұрыс жүргізуі – Маңғыстау адайларының қайтпас қаһармандығын, тәуелсіздік жолында табандылықпен тіреспендігін паш етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдоллаев Н.А. Қазақстан тарихы. – А., 2005.
2. Ч.Мусин. Қазақстан тарихы. – А., 2007.
3. Маңғыстау энциклопедиясы. – А., 1997.
4. О.Қосай. Алтын ұя. – А., 2007.

ӘОЖ 94(574)(045)

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Армиева А., студент
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі екендігі белгілі. XX ғасырдың басында Қазақстан, Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлы отарлық өлкесі болды. Қазақ халқының басым көпшілігі, бір жағынан, патша үкіметінің отарлау саясатының қасіретін, екінші жағынан, ауылдағы бай-шонжарлардың езгісінің ауыртпалығын көтерді. Қазақстанның экономикасы мен жер байлығына, Ресей алпауыттарымен қатар шетелдік капитал да қол сұға бастаған болатын. Мақалада қазақ елінің осындай жағдайына қарсы бас көтеруінің бір көрінісі болған XVIII ғасырдағы Сырым Датұлының көтерілісі туралы сөз болады.

Түйінді сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, Ресей империясы, Сырым батыр, Батыс Қазақстан.

Қазақстаннның Ресейге бодан болғаннан кейінгі қазақ халқының көрген зорлық-зомбылығының нәтижесінен туған көтерілістердің бірі – Сырым Датұлының қолбасшылығымен өткен 1783 – 1797 жылдардағы Кіші жүз қазақтарының көтерілісі. Академик Ә. Марғұлан бұл көтеріліске «Әбілқайыр ханның ұрпақтары мен патшаға қарсы бағытталаған көтерілістердің ішіндегі ең ірісі және белгілісі» деп баға берді. Отарлаушылардың озбыр саясатына қарсы шығып, жерінен айырылып, жайылымсыз қалған, патша әкімшілігінің езіп жаншуынан, тонауынан әбден титықтап біткен халқының наразылығына үн қосып, ұзаққа созылған саяси алауыздықтарға шыдай алмай, байбақты руынан шыққан батыр Сырым Датұлы бастаған топ қарулы күреске шығады. Сырым Датұлы жеке өз басының, ерлігі қайыспас қайсар батырлығы, ерекше ерік күшімен, өз замандастарының арасында ат құлағында ойнайтын шабандоздығымен ерекшеленетін. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ағылшын журналисі Д.Ч. Бульжер былай деп жазды: «…Сырым батыр – жігерлі, терең ойлы, қайратты, батыл, тапқыр, айлалы ерекше тұлға. Ол халықтың сүйіспеншілігіне бөленген, халық оған табынған десе де болады». Көтеріліске қарапайым көшпелі

қазақтардың едәуір бөлігі, старшындар, билер және батырлар белсене қатысты. Олардың бәрі де Кіші жүздегі барлық рулық бірлеспіктердің, әсіресе Ресеймен шектес жерлердегі рулардың өкілдері болатын. Көтерілісшілердің қойған ең басты талабы патша үкіметінің қазақ жерлерін тартып алуын тоқтату, сұлтандардың, ханның және олардың айнала төңірегіндегілердің озбырлығына тыйым салу болды. Сырым көтерілісі қазақ шаруаларының сол уақыттағы мүшкіл күйіне сәйкес отаршылдыққа және қазақ ақсүйектерінің қысымшылығына қарсы күрес ретінде ерекше сипат алды.

Сырым Датұлы (1753 1802) – Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен Кіші жүз қазақтары көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен. Шыққан тегі Кіші жүздің Байұлы тайпасының Байбақты руынан. Өзінің асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында терең танылып, әділдігімен аты шыққан «Бала би» атанды. XVIII ғасырдың аяғындағы отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің ұйымдастырушысы, әрі, көсемі. Сырым дүниеден озған кезде оның асында 2000 жылқы, 2500 қой сойылып, 5000 күбі қымыз ішілген және бірнеше жүз Ақшаңқан киіз үйлер тігілген. Бұл бір жағынан, оның байлығын, екінші жағынан, оның халық арасында беделді болғанын білдіреді. Сырым 2000 шаңырақты басқарған. Сырым Датұлы өз халқының нағыз патриоты екенін таныта білген және отарлық бұғаудан елді босатуға зор үлес қосқан. Ол Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асырған қазақтарға қарсы соғысты бастады [1, 224].

Көтерілісшілердің мақсаты – ғасырлар бойы қалыптасқан жерді пайдалану жүйесін қалпына келтіру, Орал казак әскерлерінің қазақ жерлерін басып алуын тоқтату, Кіші жүз Нұралы хан оның сарайындағы ақсүйектердің озбырлығына шек қою. Патша казлк әскерінің озбырлығына қарсылықты басқарған, бағыт бергендердің ішінде старшындар Қадыр, Садыр және басқа орта буынға жататын ру билеушілері. Алайда ұзақ мерзімге созылған патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған осы ірі көтерілістің халық таныған басшысы Байбақты руынан шыққан старшығы, батыр Сырым Датұлы болды. 1778 жылғы мәліметтерге қарағанда Орал казактарымен қақтығыстың бірінде Сырымның балалары қайтыс болған.

Бұл көтеріліс Батыс Қазақстан өңірлерінде 1783 – 1797 жылдар аралығында болып өтті. Тарихи әдебиеттерде әдетте Сырым Датұлы бастаған көтеріліс ретінде аталғанымен, мұрағаттық деректер бойынша бұл күреске белгілі батырлар Тіленші Бөкенбайұлы мен Барақ Сатыбалдыұлы, басқа да батырлар мен билер жетекшілік етіп, орыс шебіне көптеген шабуылдар ұйымдастырған. Көтерілістің туындауына отарлық езгінің күшеюі, қазақтардың Жайықтан өтуіне тыйым салынуы, орыс казактардың арғы бетке өткен ауылдарды ашық тонауы, Кіші жүздегі хан билігінің әлсіздігі т.б. себеп болған. Сонымен бірге, ықпалды билер мен Нұралы хан арасындағы қайшылықтар да әсер етті.

Көтеріліс Батыс Қазақстанның біраз жерін қамтыды. Оның негізгі орталықтары – шепке жақын орналасқан Байбақты, Табын және Тама рулары қоныстанған Елек, Шыңғырлау, Қобда өзендерінің бойлары болса, орыс шебіне шабуылдар кезінде Ойыл, Жем, Темір, Сағыз өңірлері де көтерілісшілердің ту тіккен отауларына айналды. Көтеріліске Кете, Шекті, Шеркеш, Таз т.б. рулар да қатысқан. Деректерге қарағанда, Сырымның қол астында 2700 адам, Барақ батырда - 2000, Тіленші батырда - 1500 адамдық жасақтар болган [1, 227]. Бұлардың құрамына жоғарыда аталған рулардың барлығы кірген. 1783 жылы жаз айларында қазақтар Ресей шептеріне көптеген жойқын шабуылдар ұйымдастырады. 1783 ж. желтоқсан айының соңында Сырым мен Барақ батырлар бастаған 700 сарбаз Генварцовский мен Рубежинский форпосттары арасындағы орыс елді-мекендеріне шабуылдар жасаса, тура сол уақытта Тіленші батыр мен белгілі би Елекбай Құдайбергенұлы бастаған сарбаздар да Ресей шептеріне көптеген шабуылдар ұйымдастырады. 1785 ж. ақпан айында көтерілісті басуға майор

Смирнов басқаратын жазалаушы әскер шығарылады. 237 казактан, 2432 башқұрттан және екі зеңбіректен тұратын бұл команда Елек жағалауына қарай шығып, жолда кездескен бейбіт ауылдарды тонап, 66 адамды тұтқынға алып кетеді, олардың 13-і ғана ересек ер азаматтар да, қалғандары әйелдер мен балалар болған. 1785 ж. наурыз айында Жайық казак әскерінің командирлері пен Пономарев бастаған 1250 казактан тұратын басқа топ Жем сағасында орналасқан Сырымның ордасын арнайы жою үшін шығарылады. Олар Жем бойына бармай, Каракөл маңындағы Адай және Беріш руларының ауылдарын шауып, бірнеше адамды өлтіріп, 102 адамды тұтқынға алады. 1785 ж. наурыз айында премьер-майор Назаров басқарған 405 жайық казагынан тұратын басқа жазалаушы отряд көтерілісші Табын руының ауылдарын шауып, Айшуақ сұлтанды тұтқынға алады. Өлке басшылығының мұндай шаралары бүкіл Кіші жүз руларының заңды ашу-ызасын туғызады [2, 204-210].

1797 жылдың аяғына дейін жалғасқан стихиялы көтеріліс әлсіреп, бірте-бірте бәсеңдеп, көп ұзамай тоқтады. Кіші жүз қазақтарының арасындағы үзілістерімен қоса он төрт жылдай уақытқа созылған қозғалысы сәтсіздікке ұшырады. Оның құлдырауының негізгі себептері стихиялылығы мен ұйымдаспағандығы, күрестің айқын мақсаттарының болмағандығы еді. Сонымен қатар сұлтандармен жең ұшынан жалғасқан билер мен старшындардың сатқындығы, көтеріліс басшыларының, атап айтқанда, Сырым Датұлының толқуы, күрестің ақырына дейін тұрақты болмауы да жеңіліске себепкер болды. Бұған қоса патша үкіметінің Жайық пен Еділ арасындағы жердегі жайылымдарды пайдалануға рұқсат беруі көтерілістің бір себебі болған жайылымдар туралы мәселені уақытша бәсеңсітті.

Халық бұқарасының 1783 – 1797 жылдардағы күресі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол хандық билікті көксеген көшпенділердің ұтылысынан кейін зымияндық орыс саясаты хандық билікті мүлде жойып қазақ жерлерін бөлшектеп тастап билеуге көшті. Көтерілістің ішкі қайшылығы, әлсіз жақтарына қарамастан, оның ұлт-азаттық сипаты әрі прогрестік маңызы болды. Сырым батыр көтерілісі қазақтың рухының мықтылығын, оның еркіндікті аңсайтынын көрсеткен белді белес еді. Орыстың зиялы адамдарының бірі, белгілі тарихшы М.П.Вяткин: «Тарих мынаны айқын көрсетеді. Ол – Сырымның өз халқына білдірген сүйіспеншілігі; өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтындығы; өз Отанының бостандығы үшін, оның мемлекеттігі нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескені… Қазақтар халық қамы үшін күрескен осы бір батырды ешқашан есінен шығармақ емес», - деп жазып еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-том, А., 2002.
2. Қазақстан тарихы очерктер. А.,1993.

ӘОЖ 94(574)(045)

СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ

Жұмабек А.А., студент
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ұжымдастыру қарсаңы, оның халыққа тиген әсері мен көтеріліс оқиғасы, ұжымдастыру саясатының тиімсіз, жағымсыз саясат болғаны және қазақ халқының азаттыққа қарай ұмтылуы баяндалған.

Түйінді сөздер: қазақ ұлты, Қосшы одағы, Созақ көтерілісі, отырықшылық саясат.

1921 жылы 11-і мен 18-і жұлдызының аралығында Орынбор қаласында өткен РКП Қазақстан облыстық бірінші конференциясының құжаттарында мынадай мәлімдеулер жиі кездеседі: «Ресейдің құрамында 35 миллион бұратана халық бар. Олардың 30 миллионы көшпенді және жартылай көшпенді.Біздің Қазақстан соңғысына жатады»

«Қазақ ұлты ең артта қалған халықтардың тобында»

«Қазақ ұлтының өнеркәсіптік пролетариаты жоқ»

«Хандардың аз ғана уақыт әзәзілдікпен басқарған кезеңін санатқа алмасақ ұлтының белгілі бір формадағы мемлекеттік құрылысы болған емес…»

Мұның бәрін тәптіштеу партияға не үшін керек болды? Біздіңше,бұл патшалық Ресейдің «бөліп ал да, билей бер» деген саясатын одан әрі дамыту үшін қажет болды. Яки ол бұратаналығымызды, мешеулігімізді, артта қалғанымызды, сауатсыздығымызды ұдайы санамызға сіңіру арқылы бір қазақты «қырықпышақ» етіп екіге бөлді.

Халық бай мен кедейге, буржуй мен пролетариатқа, орташа мен жарлыға, кулак пен батракқа бөлінді. Бұл бөлінуді партия «пролетариат диктатурасы», «тап күресі» теорияларымен актауға тырысты.Сонымен, 1921 жылдың аяғына таман Түркістан республикасында шаруалардың бұқаралық ұйымы-«Қосшы» одағы құрыла бастады. Алғашында ол қазақ кедейлері мен батрактарының одағы, саба кейінірек жерсіз және аз дихандардың одағы деп, ал 1921 жылды желтоқсанында «Қосшы» одағы деп аталды.

1924 жылы Қазақстанда да қазақ кедейлерінің бұқаралық ұйымы-"Жарлы" одағы дүниеге келді. Бұл одақ, негізінен қаймағы бұзылмаған қазақ ауылына іріткі салды. Бұрын бірге тұрып бірге көшіп, бірге қонып жүрген елге ылаң әкелді. Олар, компартия құжаттарының тілімен айтқанда, кедейлер шаруашылықтарының қалың бұқарасын біріктіріп, өздерінің алдына қазақ ауылдарында шаруашылық жүргізудің орнықты формаларын ұйымдастыру, таптық күресте партияны қолдау, міндеттерін қойды.

1926 жылы бұл екі одақ бірігіп, «Қосшы» одағы деп аталды.Келесі жылы оның қатарында 200 мыңнан астам мүше болды.

Олар «тап күресін» одақты тазалау деді. Яки өз арасындағы «жат элементтерді»-байлар мен кулактарды, молда мен ишандарды, атқамінерлер мен саудагерлерді, қысқасы «жолбикелер» мен «құйыршықтарды» қуып шықты.

Содан азық-түлік салығы мен салғырты батпандап кірді. Азамат соғысынан, 1921-1922 жылдардағы аса ауыр жұт пен ашаршылықтан күйзелген жұрт бұған төтеп бере алмай, беті ауған жаққа көшіп кетуге мәжбүр болды. Ақырында мұның өзі «шаруаларға тікелей қысым» екенін партия да мойындады.

РКП(б) Орталық комитетінің 1924 жылғы қазан Пленумы «деревняға бет бұру» ұранын тастады. Яки шаруалар арасындағы жік енді барынша ұлғая түсті. Бұрын дәулеттілер мен жарлыларға бөлінгендер бұдан былай партия қатарында барлар мен жоқтарға жіктеле бастады. Сөйтіп, ауыл-селодағы береке, бірлік кеміді.

Көп ұзамай көшпенділерді отырықшыландыру процесі басталды.Міне, нақ осы кезде «шаруашылық ауыл» деген термин қалыптасты.Мұндай ауылдарға шамамен 5-20 шаңырақтан топтасты. Олар жерді бірігіп өңдейтін серіктестіктер құра бастады. Бірақ қазақтың жайсаңдары мен игі жақсыларына бұлардың арасынан орын тимеді.Содан барып ел арасында дай-дай айтыс, тартыс, дау-дамай көбейді. Мінеки, И. Сталиннің ұртоқпағы - Голощекиннің «Ұлы Октябрь қазақ ауылымен жанай өтіп кетіпті, сондықтан Қазақстанда «Кіш Октябрь» жүргізбесе болмайды-мыс» деген теориясымағын кезі-нақ осы кез…[1]

Халық, оның ішінде өзбектер, көтерілісшілерді белсенді қолдады. Бабайкорған, Қарнақ және басқа қыстақтарда көтерілісшілер билікті өз колларына алды. Созақта Шолақов көтеріліс штабын және беделді 20 адамнан, оның ішінде дін қайраткерлерінен хан кеңесін құрды. Кеңестің құрамына кенінен танымал және халықтың сеніміне ие болған Қамбарбек Өтембаев, Алдияр Ыдырысов, Ибрагим Есбергенов және басқалары кірді. Аудандық мекемелердің кейбір қызметкерлері, оның ішінде аудандық милицияның бастығы Бейсембаев көтерілісшілердің жағына шықты. Шолаковтың бұйрығымен Созақта суық қару жасайтын көрік жұмыс істей бастады. 137 Көтерілісшілердің «тұрақты отрядын» құруға талпыныс жасалды, сол үшін 19 бен 36 жас аралығындағыларды әскерге шақыру жарияланды. Осы шақыруды жергілікті халық сөз жүзінде емес, іс жүзінде қолдады,оны ОГПУ кызметкерлері қолға түсірген көтеріліс штабының құжаттары толық растайды. Мәселен, бір хабарда Жаңа Тама руынан - 32 адам (фамилиялары келтіріледі), Маңғытай Санғылдан - 30 адам, Андақұлдан -18 адам, Тарақты Уақтан - 49 адам, Алшын Құлтумадан - 22 адам, Өтемістен - 30 адам, Зортымақтан - 32 адам және т.б. жазылғаны туралы айтылады. Көтерілісшілер отрядының тізімінде қанша қарудың болғаны, кімнің қандай қарумен келгені туралы да мәліметтер келтірілген. Құжатта арасында жиналған жылқының, түйенің саны, көтерілісшілерге арналған азық-түлік пен жемнің мөлшері туралы да деректер бар. Созақ алынған күні көтерілісшілер аудандық партия комитетінің, аудандық атқару комитетінің, милиция мен соттың барлық құжаттарын өртеп жіберді. Тұтқындалғандарды босатып, аудандық партия комитетінің хатшысы К. Жүнісбековті және аудандық атқару комитетінің төрағасы Л. Қандыбаевты өлтірді.[2]

Жазалау міндеті ОАӘБ әскерінің тұракты құрамдарына жүктелді. 1930 жылғы 13 ақпанда Ташкенттен Ленин атындағы әскери мектептің курсанттары мен таулы-шатқалды артиллерия батареясының үлкен отряды шықты. Қаратау шаткалдарын түн жамылыпасып өткен әскерилер 16 ақпанның шаңқай түсінде Созақты қоршады, көтерілісшілерге пулемет пен зеңбіректен оқ жаудырды. Бірақ осындай жойқын шабуылдан кейін де қарапайым қаруланған шаруалар төрт сағат бойы кар-сылық көрсетіп, көшелерде қоян-қолтық шайқасты шебер ұйымдастырды. Іле-шала Созақтың шығысындағы және Кентарал маңындағы көтерілісті басуға Алматыдан әкелінген ұлттықатты әскер эскадроны тартылды. Жоғарыда айтылған Асадулла тұрақты құрамның жақындағанын естіп, Созақ берілерден жарты күн бұрын жасырынып қалды. 20 күннен кейін Шиелі станциясында ұсталып, тергеуде ол Ташкентке жетуді, онда парсы консулдығынан қажетті құжаттар алып, өзінің отанына өтіп кетуді ойлағанын мәлімдеді. Созақты алу кезінде 316 көтерілісші мерт болды, жетеуі жараланды және 276-сы тұтқындалды. Мерт болғандар ішінде Шолақов пен оның жақын серіктестері болды. Аудандық милицияның бұрынғы бастығы Бейсембаев ұсталған жерде атылды. Көтерілісшілерден 120 әр түрлі қару, 290 жылқы, сондай-ақ штабтың құжаттары

тәркіленді. Мұндай аяусыз жазалаудың ақыры неге соғарын ауданның барлық тұрғыны дерлік білді. Олардың көпшілігі бас сауғалап, Мойынқұмға көшіп кетті, сонда барып кудаланудан жасырынуға тырысты. Алайда сол жылдың мамырында көтеріліске қатысқандардан тірі қалғандардың бәрі ұсталып, ісі сотқа берілді [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ көтерілістері және азаттық мұраты.Ж.Боранбай,Х.М.Әбжанов. 2012 жыл.

2. Қазақстан тарихы. Редакция алқасы. 4-том. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. Алматы «Атамұра» 2010 жыл.

3. Қазақстан тарихы очерктер. Редакция алқасы.Алматы «Дәуір» баспасы. 1994 жыл.

ӘОЖ 94 (574) (045)

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Асқарбеков А., студент
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқын патша үкіметінің отарлық езгісінен азат ету жолында күрескен, қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы бастаған 1837 – 1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: аумақтық тұтастық, көтеріліс, күрес, Хан Кеңесі, хандық.

Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билікті жоюы, шекаралық аймақтарда жаңа бекіністерді салып, қазақ жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы, қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуына себеп болды. Қазақтардың XVIII – XIX ғасырларда болған басқа барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгелге дерлік катысты. Бұл күрестің кең қанат жайып, бүкілхалықтық сипат алуы, Кенесары күресінің өзіне тән саяси ерекшелігі деу керек. Азаттық күреске қатысушы рулардың саны күрестің алғашқы жылдарына қарағанда 1843 – 1845 жылдары көбейе түскені байқалады. Кенесарыны анағұрлым белсенді қолдаған рулар: қыпшақ, төртқара, жағалбайлы, табын, тама, бағаналы, шекті, алшын, керей, жаппас, арғын, үйсін, дулат, т.б. Кенесары жетекшілік жасаған азаттық күресіне ру басылары мен билер және басқа да ауқатты топ өкілдері қатысты.

Кенесары бастаған азаттық күрестің мақсаты – Абылай хан тұсындағы қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіру, Ресейдің құрамына кірмеген қазақ жерлерінің тәуелсіздігін сақтап қалу болды. Кенесары Ресей отаршылдығына қарсы азаттық соғысты бастамас бұрын бірнеше дипломатиялық қадамдар жасады. 1837 жылдың көктемінде патша үкіметіне жаңа бекіністер жүйесін салудан бас тартып, салынған бекіністерді бұзуды, орыс әскерлерінің қазақ даласына ішкерілей енуін тоқтатуды талап етіп бірнеше хат жолдаған болатын. Сол хаттарының бірінде: «Ата-бабаларымыз мұра еткен Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Орал, Торғайға дейінгі жерлер қазіргі патша тұсында бізден

тартып алынып, ол жерлерде бекіністер салынып, сонысымен тұрғындарды өте қиын жағдайға ұшыратуда. Бұл тек біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен бірге бүгінгі өмір сүруімізге де қауіпті», - деп көрсетеді. Бірақ, Кенесарының бұл хаттары патша әкімшілігі тарапынан жауапсыз қалдырылды. Одан кейін Кенесары 1837 жылдың күзіне қарай ашық күреске шығады. Қараша айында Петропавлдан оңтүстікке қарай бара жатқан керуенді қорғаушы Ақтау бекінісінің казак отрядына шабуыл жасайды. 1838 жылы Кенесары әскері Ақтау мен Ақмола арасындағы шептерге шабуыл жасап, онда орналасқан Симоновтың отрядын талқандап, 10 пистолет, 9 мылтық, 13 қылыш, 7 найза, 495 мың оқ, т.б., қару-жарақ, оқ-дәріні қолға түсірді. 1838 жылдың күзінде Кенесары сарбаздары патша үкіметінің жазалаушы әскерлерімен бірнеше дүркін қарулы қақтығысқа түсті. Солардың ішінде айрықша кескілескен шайқас мықты бекіністердің бірі саналатын Ақмола бекінісі үшін болды. Оны аға сұлтан полковник Қоңыркұлжа Құдаймендиннің жасағы мен старшина Карбышев басқаратын жақсы қаруланған гарнизон қорғайтын. Кенесарының әскері бекіністі өртеп, жаудың біраз әскерлерін тұтқындап, қару-жарақтарын олжалады.

1838 жылдың аяғына қарай Кенесары Орынбор әскери губернаторлығына қарасты Ырғыз бен Торғай жаққа көшеді. Ол кездегі Орынбордың генерал-губернаторы граф В.А.Перовский алғашқы кезеңде көтерілісшілермен арақатынасты бейбіт жолмен шешуге тырысқан еді. Арадағы келіссөздер барысында В.А.Перовский Кенесарыға көмектесетін болады. Жылдың аяғында Кенесары мен В.А.Перовский арасында уақытша бітім жасауға қол жетеді. Ол бітім бойынша Кенесары бастаған көтерілісшілер шекара шебіне шабуыл жасамауға уәде береді. Бұл тыныштық 1842 жылға дейін созылды. Бірақ, уақытша тыныштық орнаған тұста Батыс Сібір генерал-губернаторлығының әскери отрядтарымен қарулы қақтығыстар тоқталған жоқ болатын.

1841 жылдың қыркүйек айында қазақтың үш жүзінің атынан жиналған ықпалды билер мен сұлтандар Кенесары Қасымұлын ата салт бойынша ақ киізге салып көтеріп, бүкіл қазақ халқына билігі жүретін хан етіп сайлады. Осылайша, Қазақ хандығы қайта құрылып, қазақ мемлекеттілігі қайтадан қалпына келтірілгендей болды. Ресей империясының билігі орныққан Ертіс, Есіл, Орал шептерінің бойындағы аудандардан басқа Қазақтың барлық жеріне Кенесары ханның билігі жүрді. Мемлекеттік құрылыс қайта ұйымдастырылды. Хан Кеңесі құрылып, оған батырлар, билер, сұлтандар, сондай-ақ, жеке ерлік көрсеткендер, дипломатиялық қабілеттері бар ақылды саясаткерлер мен сенімді жақтастары кірді. Дипломатиялық қызмет ұйымдастырылды. Хан жарлықтары мен Хан Кеңесінің шешімдерін таратып, түсіндіріп және орындалуын талап етіп отыратын арнайы басқарма құрылды. Салық жүйесіне өзгерістер енгізілді. Әскери мәселеде, Хан кеңесінің мүшелері мен атақты батырлар басқаратын қатаң әскери тәртіптегі мыңдықтар және жүздіктерге бөлінген, далалық соғыс жағдайына ыңғайлы жасақтар ұйымдастырылды.

Кенесары Орынбор губернаторымен уақытша келісімге келгеннен кейін, 1841-1842 жылдары Қоқан хандығының қол астындағы қазақ жерлерін азат ету үшін күрес жүргізеді. Бұл күрестің нәтижесінде Созақ, Сауран, Ақмешіт, Жаңақорған қалалары қоқандықтардан азат етіліп, Түркістан қаласы қоршауға алынады. Осыдан кейін Қоқан хандығы Кенесарымен келіссөз жүргізуге межбүр болды. Қоқандықтарды талқандауда Сырдария бойындағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған қазақтардың Кенесарыға қолдау көрсетіп, шайқастарға белсенді қатысуы үлкен рөл атқарды.

1842 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский Петербургке қызметке шақырылып, оның орнына Орынборға генерал-губернатор болып Обручев тағайындалады. Обручевтің Перовскийге қарағанда Кенесарымен арадағы меселені шешуде көзқарасы басқаша болды. Ондай жағдайды пайдаланған Сібір губернаторы Горчаков осы жылы Кенесарының ауылын шабуға Сотниковтың басқаруымен отряд

жібереді. Нәтижесінде, Орынбор әкімшілігімен жасалған бітім Горчаковтың тарапынан бұзылды. Ал, 1843 жылдың 27 маусымында патша I Николай Кенесары Қасымұлы бастаған күресті басу үшін қазақ даласына ірі көлемдегі әскери жорық ұйымдастыру туралы бұйрық шығарды. Сонымен қатар, Кенесары ханның басын кесіп әкелген адамға 3000 сом сыйлық тағайындады.

1843 жылдың көктемінде патша әкімшілігі қазақ даласына үш отрядты бірдей жіберуді ұйғарды. Ол отрядтарға Ор бекінісінен, Ұлытаудан және Тобыл өзені бойынан бір уақытта аттанып, Кенесары ханның жасақтарын жан-жақтан қоршауға алып, шешуші соққы беру арқылы талқандау қатаң тапсырылды. Оған қоса, Батыс Сібір генерал-губернаторлығынан старшина Лебедевтің және қазақ сұлтандары А.Жантөрин мен Б.Айшуақовтың басшылығымен құрамында қазақтардан 2000-дай адамы бар қосымша отрядтар жасақталды. Кенесары ханның әскеріне қарсы соғыс операциясын басқару генерал-майор Жемчужниковке жүктеледі. Ол кезде Кенесарының 20 мыңдай әскері бар еді. Кенесары хан патшаның жазалаушы отрядтарын бір-біріне қосылуына мүмкіндік бермей, жеке-жеке соққы беруді ойластырды. Ол өз жасақтарының бір бөлігін Батыс Сібірден шыққан отрядқа қарсы жіберді де, олар Ұлытауға қарай шегіне шайқас жүргізіп, жазалаушы отрядты басқа жаққа қарай бұрып әкетеді. Ал, кейіннен Кенесарыға қарсы шайқаста көрсеткен дәрменсіздігі үшін Лебедев Орынборға шақыртылып, қызметінен босатылып, сотқа тартылады. Кенесары болса, бұл кезде өзінің негізгі күшімен Константиновск бекінісіне шабуыл жасап, 1844 жылы шілденің 20-нан 21-не қараған түні Өлкеаяқ өзенінің бойында Ахмет Жантөриннің отрядын қоршауға алып талқандайды.

Осы 1844 жылы Ыстықкөл төңірегіндегі қырғыздар атынан Бұғы руы манаптарының бірі Боранбай Бекмұратов Ресейдің билігін мойындауға дайын екендігін патша I Николайға хабарлайды. Бірақ манаптың бұл ұсынысын Ресеймен арадағы жердің қашықтығын сылтауратқан патша жауапсыз қалдырады. Кейбір қырғыз билеушілерінің Ресей билігін мойындауға ынғай танытуы Кенесары ханды ызаландырған болатын. Ал, Кенесарының қырғыздармен қақтығысының қарсаңында қырғыз манаптары Орман, Жантай, Жанғаралы Батыс-Сібір губернаторына хат жолдап Ресей өкіметінің құрамына қабылдауды сұрайды және қазақ ханы Кенесарыға қарсы күресте қолдау көрсетуді өтінеді. Бұл жағдай Кенесарыны одан әрі ерегістіре түседі.

1846 жылдың басында Кенесары хан әскерлерімен Балқаш көлінің маңына қоныс аударады. Патша үкіметі қазақ даласындағы Кенесары бастаған көтерілісті біржола жою үшін енді генерал-майор Вишневскийдің басқаруымен үлкен отряд аттандырады. 1846 жылы Кенесары хан қоқандықтардан Әулиеата (Тараз), Мерке қалаларын қайтарады. Осы жылы Кенесарыға қолдау көрсетуші Ұлы жүздің Саурық батыры қырғыздардың батыры Жаманқораны өлтіреді. Оған жауап ретінде қырғыздар Саурық батырдың ауылын шауып, Саурық батырды жігіттерімен қоса өлтіріп, мал-мүлкін тонап кетеді. Бұдан кейін қазақ-қырғыз арақатынастары шиеленісе түсті. Патша үкіметі болса қазақ-қырғыз тартысына ашық кіріспей, Алатау өлкесін өз билігіне бағындыруды жеңілдету үшін туысқан екі халықты бір-біріне айдап салып, екі жақты да әлсіретіп барып, осы өңірге өз әскерін кіргізудің қолайлы жолдарын қарастырды. Осындай шиеленіскен жағдайлардың барысында 1847 жылы Кенесары хан 10 мың сарбазымен қырғыз жеріне басып кіріп, оларды Қоқан езгісіне қарсы қазақтармен бірігіп күресуге шақырады.

Кенесары ханның соңғы шайқасы қырғыздардың Кекілік-Сеңгір деген жерінде болады. Қырғыз манаптары мен Вишневскийдің отряды және Қоқан хандығының әскерлері «Алмалы сай» шатқалында Кенесарының сарбаздарын үш жақтан қоршауға алады. Таулы аймақ хан Кененің сарбаздарына басымдық көрсетуге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, Рүстем сұлтан мен Сыпатай батыр бастаған жасақтардың ұрыс

алаңынан кенеттен шегініп, кетіп қалуы да жағдайды қиындатқан болатын. Өздерінен бірнеше есе күші көп жаумен болған қаһармандық шайқаста Кенесары хан 32 қазақ сұлтанымен бірге тұтқынға түседі. Наурызбай батыр қаза табады. Қырғыздардың қолына тұтқынға түсіп қалған Кенесары хан патша чиновниктерінің алдауына түсіп, сыйлықтар алған қырғыз манаптарының тарапынан өлтірілді. Кенесары ханның қасіретті өлімінен кейін оның жетекшілігімен болған қасиетті азаттық күресі де жеңіліске ұшырады. Кенесары бастаған азаттық күресті кейін оның баласы Сыздық сұлтан жалғастырды.

Кене ханның отаршылдыққа қарсы күресінде Ағыбай, Ақғаш, Басығара, Жанайдар, Жәуке, Иман, Байсейіт, Сұраншы, Жоламан және т.б. батырлар қолдау көрсетіп, аянбай шайқас жүргізді. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың жеңілуінің негізгі себептері мыналар: қазақ халқының бір тудың астына біріге алмауы, кейбір ру басыларының өз бетінше билік жүргізуге ұмтылуы және де кейбір қазақ билеуші топ өкілдерінің патшалық Ресейді жақтауы, Кенесарының Ресей, Қоқан, Бұхар хандықтарымен күресте күштің тең болмауы. Сонымен қатар, ол өзін жақтамаған кейбір қазақ және қырғыз ауылдарын шабуы кері әсерін тигізді, өйткені ол халықтың наразылығын тудырып, көтерілісті әлсірете түсті.

Қорыта айтқанда, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес жеңіліс тапқанымен, қазақ халқының тарихында мәңгілік өшпес із қалдырған, Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртуға тырысқан, тарихи маңызы зор күрес болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жамантаев К., Әбдіров М. Кенесары және қазақтар. – А., 1993.
2. Дүйсәлиев Т. Қазақ тарихы. – А., 1997.
3. e-history.kz

ӘОЖ 94(574)(045)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ МАҢЫЗДЫ ОРНЫ

Мұхамбетқали Д.С., студент
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Патша бұйрығына қарсы көтерілістің басталуы, көтерілістің шығу себебі, феодалдардың жергілікті халыққа зорлық-зомбылығы, көтерілістің негізгі ошақтары, Торғайдағы көтеріліс, Жетісудағы көтеріліс және оның қорытындысы.

Түйінді сөздер: Көтеріліс, патша үкіметі, халық наразылығы, көтеріліс ошақтары

Көтерілістің шығу себебі - әлеуметтік, экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Яғни отарлық езгінің соғыс кезінде барынша күшеюі, жерді тартып алу, орыстандыру саясаты және т.б. Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 маусымда армияның қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды.

Шілденің басында қазақ даласында көп кешікпей қарулы көтеріліске айналған стихиялық бас көтерулер басталды. Ол біртіндеп ұйымдасқан сипат алды: Торғай мен

Жетісуда оның танылған жетекшілері А. Иманов, Ә. Жанкелдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ө. Саурықов басшылық еткен ірі ошақтары пайда болды.

Қазақ қоғамында патша жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас бір мәнді болған жоқ: бай-феодалдардың бір бөлігі, жергілікті әкімшіліктің кейбір шенеуніктері патша жарлығын қолдап, оны орындауға шақырды. Қазақ интеллигенциясының кейбірі (Бокин, Ниязбеков, Жүнісов) жарлыққа қарсы шығып, оны орындауға қарсыластық көрсетуге шақырса, «Қазақ» гәзеті төңірегіндегі зиялылар (Ә. Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, М. Дулатов және т.б.) күші басым үкіметке қарсы шығудың халықты қырғынға ұшыратарын ескертіп, сабыр сақтауға шақырды.

Көтерілістің аса ірі ошақтары Жетісу, Торғай болды. Жетісу облысында қарулы қарсыластық шілде-тамыз айларында жаппай қарқын алды. Шілденің 17 Жетісу мен Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланды. Патша үкіметі мұнда ірі әскери күштерді жібере бастады. Қыркүйек, қазан айының басында жетісулық көтерілісшілер шегініп, Шығыс Түркістанға өтіп кетуге мәжбүр болды.

Торғай көтерілісі (басшылары А. Иманов, Ә. Жанкелдин) 50 мыңдай адам қамтыған ірі қозғалыс болды. А. Иманов көтерілісшілерді ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөлді. Арнайы мергендер бөлімшесі құрылды. А. Иманов бас сардар болды. Оның жанында әскери кеңес жұмыс істеді.Торғай облысындағы көтеріліс патша үкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтады.

1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында маңызды орын алды. Ол отарлауға және империалистік саясатқа қарсы өрбіді. Патшалық Ресейдің XX ғасырдың басында Орта Азияның шығыс аудандарын отарлауы өте күшті қарқынмен жүргізілді. Тек 1907 – 1912 жылдары империянның еуропалық бөліктерін бұл жаққа 2 млн 400 мың адам келіп қоныстанды. Әсіресе, Қазақстанда отарлау кең ауқымда жүргізілді. Қазақтардың жерлерінде патша өкіметі шаруаларды қоныстандыру үшін жер қорын жасап, 1916 жылға дейін олардың 45 млн десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алды, сөйтіп жергілікті халықтар таулар мен шөл далаларға ығысуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде не су, не мал жаятын жеткілікті шабындық болмады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында бұрынғы Түркістан аймағында (Хиуа мен Бұқараны қоспағанда) 941 жаңадан қоныстанған поселкелер пайда болды. Бұл кезде Түркістанда орыс посекілерінің әрбір тұрғынына 3,17 десятина егін егетін жерден келсе, жергілікті тұрғындарға (қазақ, өзбек, қырғыз, және т.б.) 0,21 десятинадан ғана жер келді. Сөйтіп, ешқандай жері жоқ қазақ–қырғыз тақыр кедейлерінің үлкен тобы құрылды. Жетісу губерниясында көшіп келген орыс кулак шаруашылықтарының 90 процеттен астамы қазақ кедейлерінің жалдамалы еңбегін пайдалнады.[1] Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс–украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды шиеленістерді, жер мәселесі жөніндегі күштеу саясаты шеткі аймақтарда да кеңінен тарады.

1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да асар ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдерінің және байлардың зорлық–зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнетілді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3 – 4 есе көбейді, шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді. Осынның бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басынның азаюына әкеп соқтырды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты. Қалалар мен ауылдардағы еңбекші бұқараның жағдайы күрт төмендеді.

Соғыс жылдары тек Түркістаннан майдандағы әскерлердің қажеті үшін 40, 899, 044 пұт мақта, 38 мың шаршы метр киіз, 3 млн пұт мақта майы, 229 мың пұт сабын, 300 мың пұт ет, 473,928 пұт балық, 70 мың жылқы, 12797 түйе күштеп алынып, майдан аймақтарына жіберілді. Қазақ шаруаларын кәсіпорындарға, кулак шаруашылықтарына жалдап жұмыс істету күшейді.

Дүниежүзілік империалистік соғыс елде өнеркәсіптің қирауына, ауыл шаруашылығының тоқырауына (дағдарысына), халық арасындағы аштыққа алып келді. Жергілікті жерлерде шенеуніктер мен әкімшіліктердің зорлап алымсалық жинауы өсті, халықтар арасындағы ұлттық бөлунішілік күшейді. Қазақ даласында жалпы ұлттық дағдарыспісіп жетілді.

Соғыс ауртпалығы Қазақстанда жұмысшылар мен шаруалар қозғалысының өуіне түрткі болды. 1915 жылы маусым айында Екібастұз, Байқоңыр көмір кендерінде, Спасск мыс кен руднитінде, Орынбор –Ташкент темір жолында жұмысшылардың қозғалысы бой көтерді.

Соғысқа қарсы, қымбатшылыққа және етек алып келе жатқан аштыққа қарсы қалалар мен деревняларда қала кедейлері мен майданға кеткен солдаттардың әйелдері ереуілге шықты. 1916 жылы қаңтар айында мұндай тоқулар Верный, Семей қалаларында болды.

Орынбор облысы Ақ Бұлақ поселкесінің, Жетісу облысы Лепсі уезінің бірқатар селоларының кедейлері мен майданға кеткен әскерлердің әйелдері жергілікті саудагерлер мен көпестердің дүкендерін талқандады. Сөйтіп, қоғамдағы қанаушы таптар арасындағы қарама–қарсылық, бір–біріне қарсы шығу жалпы бұқаралық сипат алды. Кәсіпорын иелерінің, жергілікті буржуазия мен феодалдардың зорлық – зомбылығы. 1916 жылы 25 мусымда патша өкіметінің «Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже» қабылдауына байланысты тіпті күшейе түсті. Жұмыстан немесе әкімшілік ережелері мен талаптарын орындаудан бас тартқан жұмысшыларды түрмеге отырғызуға, немесе үш ай мерзімге тұтқынға алуға, болмаса айып ретінде ақша өндіріп алуға кесетін болды. Азық – түлік екі – үш есе қымбаттауы да халықтың наразлығына өршіте түсті.

Қазақ жастарын майданға тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерліуіне себеп болды. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан – 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттері майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосты», ал феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25 – 30 жастағы бай балаларды 50 жастағы болып болып жазылды.

Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразлығына тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатігез байларды өлтіру, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым–салық қағаздарын т.б. жойып жіберу секілді ашу–ыза әрекеттері кең орын алды. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетеуі жиілей түсті.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарында ұлт–азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалстік соғысқа және жергілікті жерлерде патша өкіметінің сүйеніш болып отырған феодал – байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалыста еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласында қазақ жастарын

Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда – Жалау Мыңбаев, Ақтөбе даласында - Әділбек Майкөтев, Жетісуда – Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов т.б. басқарды.

Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол – 1916 жылы қазақ интелегенциясының көсемдері, яғни ұлт–азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне көрсете алмай, тағыда қырғыеға ұшырайтынын сезді. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны – халық көтерілісін тоқтату мүнкін болмады. «Қазақ» газетінің ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады.

Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жыл 27 ақпанда бас–аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кейінгі зерттеушілер тарапынан болашақ « Алаш » партиямының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары жалған сөздер айтылды. Алашордалық көтеріліс кезіндегі тактикасын түсінбеді.

Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас – көз болып, кейін аман–есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары (оқытушылар, заңгер т.б.) серіктерімен бірге майданға (реквизициаланғандармен) аттанды.[2] Бұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігітерінің елге оралуыекі талай еді.

1916 жылғы шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын қамтыды. Оны басу үшін патша өкіметі жазалаушы отрядтар жіберді. Оның құрамында жақсы қаруланған әскер бөлімдері, казак – орыс шоғырлары кірді.

Көтерілісті басу үшін патша үкіметі өзінің ескі «бөліп ал да билей бер»деген тактикасында кеңінен қолданады. 1916 жылғы 23 тамызда Түркістан генерал–губернаторы Куропаткиннің жарлығымен майдан жұмыстарына шақырылуларудан қанаушы таптардың бірқатар өкілдері босатылды. Олар: Басқару органдарының (облыстық, ауылдық) қызметкерлері, жергілікті (бұратана) халықтың төменгі полицияда істеп жүргендері, имамдар, молдалар, медреседе істейтіндер, мекемелерде қаражат мәселесімен айналасатын бухгалтерлер мен есепшілер, мемлекеттік мекемелелерде қызмет істеп жүрген бұратана әкімшілігінің бұратана халықтың өкілдері, дворян және құрметті азаматтар әулетінен шыққан бұратана халықтық қозғалыстан бұратана әкімшілігінің, байлар мен мұсылман діні өкілдерінің аздаған тобын бөліп алуға мүнкіндік берді.

1916 жылғы ұлт–азаттық көтерілістің аса ірі орталығы Жетісу болды. Жағдайдың шиеленісуіне байланысты 1916 жылғы 20 шілдеде генерал Куропаткин Түркістан өлкесінің генерал–губернаторы болып тағайындалды. Ол кезде орасан зор аймақты түгелдей халық революциясының от–жалыны шарпыған еді. Мәселен, шілденнің 12–сінде Верный уезі Қорам болысының 68 жігіті А. Абдурасуловты, ал шілденің 16–сында көтерілісшілер Құрам болысының болысын өлтірді. Тамыздың 3 – інде Асы өзенінің аңғарында көтерілісшілердің 2 мың адамнан тұратын отряды уезд бастығының көмекшісі Хлыновскийдың отрядына шабуыл жасады . Тамыздың 6 – сында самсы аңғарында Ботбай, Шығыс және Батыс Қастек, Тайторов, Ырғайты болыстарының 5 мың адамдық көтерілісші жігіттері жазалау торядын қоршап алды.

Сол күні Самсы станасасы көтерісшілердің қолында болды,тамыздың 8 – нде Ақсу жайлауында қазақ – қырғыз сьезі өтті. Олар Қордай көтерілісшілерін қолдауға, нарындықтарға ұран тастауға, қазақ көтерілісшілері көмекке өздерінің қарулы жігіттерінің жартысын жіберуге шешім қабылдады. Қазақ және қырғыз еңбекшілері қимылдары патша әкімшілігін мазасыздандырмай қоймайды.

Генерал Куропаткин «Қандай амалды болса да қолданудан тайынбай, көтерілісшілерді бағындыруға», «Лаң салушыларға қарсы күресу үшін байырғы халықтың рулық немесе тайпалық араздығын» пайдалануға бұйрық берді.[3]

Өз кезеңінде Жетісу болысының генерал – губернаторы М.А. Фольбаум жергілікті казактардан жазалау отрядтарын ұйымдасытру үшін казак станциаларына асығыс түрде винтовкалар мен патрондар жіберді. Мұнымен шектелмей, генерал Куропаткинің тамыздың 12 – сіндегі нұсқауы бойынша қоныстанушылар ауылдарындағы орыс кулактары қаруландырылды.[4]

Жазалау отрядтарының жанынан, облыстың уездік қалаларында әскери дала соттары құрылды. Азғана уақыт ішінде көтеріліс Шу өзені мен Ыстықкөлге жаспарлас жатқан бүкіл аумақты қамтыды. Көтерілісшілер Қастек тауы өңіріне, Үлкен және кіші Кебен, Асы, Шілік, Сусамыр өзендерінің аңғарына, Талас өзенінің жоғарғы ағысына топталды. Олар телеграф желілерін қиратып, почта стансаларына, болыс ауылдарына шабуыл жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.
2. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. М.Қозыбаев – Атамұра баспасы 2010 жыл
3. Қазақстан тарихы (ХХ ғасырдан бүгінге дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 3-басылымы, Алматы: Атамұра, 2013.
4. e-history.kz сайты

2-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕР: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

UDK 902/904 (574.51) (045)

DEVELOPMENT AND FUTURE OF ARCHEOLOGY IN INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Serhan ÇINAR
Ankara University, Ankara, Turkey

Abstract. Kazakstan, occupying ninth place in the world in terms of land area, offers a multicultural and matchless work field to the researchers, in the archeological and historical surveys, due to its vast size. In the Turkistan geography, which has an age old and multifaceted past Scythian, Hsienpi, Kangly, Wusun, Hsiongnu, Kokturk, Turgish, Karluk, Kimek, Oghuz, Seljuk, Kipchak and Golden Horde have ruled through the historic process.

As per the directives of Nur Sultan Nazarbayev, the founder President of Kazakhstan, in his paper 'The Seven Features of the Steppe,' the Archive 2020 project was initiated, in order to gather the sources regarding Kazakhstan and Kazakh history, from the archives and lybraries around the world. In this work, within the frame of Archive 2020 project, we detected information about the archaeological excavations and publications in the Turkestan basin were examined in the light of domestic and foreign sources in the context of Turkish history research. In order to carry out the research in a wide perspective, excavation reports and special monographs of the archaeologists of the region were used to provide information on the artifacts found during the archaeological excavations conducted in the Turkistan geography.

Key words: Kazakhstan, Archeology, Urbanism, Monument, Kurgan, Petroglyphs, National Archeology of Kazakhstan

Introduction

The research process on Turkestan region's ancient history was launched with European Orientalistm's translations of Chinese annals. The studies were carried out with Russian archeology's devoted field researches and archeological excavations. In light of these researches, Turkestan history's outline started to be revealed for the scientific community. Starting from the early stages where archeology became acknowledged as a science, the studies continued for a rather lengthy period of nearly 150 years. On account of such dedicated studies by mostly Russian archeological delegations, across various parts of the Turkestan basin, many crucial historic monuments, kurgans and settlements of archeological quality that will shape region's history have been reached. The nature of these selfless efforts to enlighten Turkish history's archaic stages was revised per the Marxist theory that dominated throughout the Soviet Union era upon the Bolshevik Revolution in Tsarist Russia. Excavations and examinations to shed light on Turkestan basin's historic geography continued uninterruptedly despite the two great world wars in 1920-1950 and particularly the massacres carried out against Turkestan's Turkish intellectuals based on their nationalist and bourgeois discourses. Following the independence of Turkic Republics upon the disintegration of the USSR in 1990, the essence and approaches of these researches were revised in line with the nationalist Turkish historical perspective which became influential during the Republican era in the Turkish archeology.

Enlightening the political and socio-political aspects of Turkestan in the 19th and 20th century and issues such as hunger, exile and repression were prioritized by the researches

conducted in the Turkic World. As a result, the studies on the Turkestan region (Central Asia) and archeological field studies and anthropological researches were not properly recognized and cannot be used by the scientific circles of the Turkish historiography. Thus, transferring the multi-disciplinary studies of the global archeology circles to the researches on the Turkish cultural history is essential. This study features a general overview of the archeological studies that are conducted in the Turkestan region in Tsarist Russia and USSR eras yet are not used in the studies on Turkish cultural history of archaic ages.

I. An Overview of Archeology Studies in Independent (Republican) Period Kazakhstan

The course of the studies on history and archeology in post-Soviet Kazakhstan covers a period in which the unpublished works that remained in the archives under the Soviet official ideological rule came to light. In this period where the newly founded nationalist state was being shaped against Marxism and Communism, Kazakhstan's archeology gained ground in the efforts for creating a new sense of identity in the nation. Often historical figures and archaeological findings have been used as references when the Kazakhs were imbued with the idea that they were the heirs of a deep-rooted steppe civilization. For instance, when creating the national symbols of the Kazakh Republic, various archaeological findings from the prehistory of Kazakhstan such as the Golden Man were included. These efforts elevated the historic mission of the archaeological finds and monuments to a critical level within the scope of national historiography studies (Baypakov, 2009).

Creating an objective picture of the past was among the main factors promoting the national unity and sovereignty of the Republic of Kazakhstan. In line with this new direction, studies on history and archeology studies in the country have also developed with the support of the state in this period. Kazakhstan adopted various programs such as Development of the History of Consciousness project in 1995, the Republic of Kazakhstan state program again in the historic center of the Silk Road Revitalization and the Turkish Speaking States on the Protection of Cultural Heritage in 1998. The year 1999 was celebrated as the Year of National Unity and History in Kazakhstan. In 2004, Cultural Heritage conservation initiatives were included in the state programs. This process was supported by articles and projects written by the president, such as the Celebrations of the 400th anniversary of the establishment of the Kazakh Khanate in 2014 and the Spiritual Awakening of the Great Steppe and the Seven Features of the Steppe in 2017. Particularly, in his last article titled "Seven Characteristics of the Steppe" written in November 2018, Kazakhstan's President, the origins of the steppe civilization were defined while the essential and functional nature of archeology in historical studies were underlined. Remarkable resources were allocated for researches on history and archeology along with these projects developed broadly based on building a new identity. Nevertheless, such state-sponsored projects that are usually applied after political crises may be regarded as Kazakh administration's reactive manoeuvres for maintaining the territorial integrity of the country. In this context, the frequent termination of such projects before achieving their goals is observed (Baypakov (2009).

Archeology studies in the Republic period continue with various excavation studies in a total of 112 historical regions. The studies are carried out mainly in the following regions; Mankyshlak Plateau, the northern parts of the Aral Sea, the Eastern and Northern Balkash regions, the Yedisu and Sirderya Basin and in the east the Kazakhstan Altais. Within the scope of these studies, hundreds of monuments of different types were unearthed, and dating from the Stone Age to the Middle Age many settlements, burial sites, kurgans, monumental works, rock paintings and balbals were discovered. It should be noted that many other already identified kurgans and settlements are waiting to be excavated as they could not be unearthed due to financial bottlenecks and concerns of lack of protection facilities (Baypakov 2009).

The main points that stand out in the examination of the Republican Period Kazakhstan Archeology studies are as follows:

- First of all, the 70-year Soviet past has been an agonizing period which affected every aspect of Kazakhstan. The socio-economical and political changes emerging with the collapse of the Soviet Union have resulted in numerous imbalances in society, including the ideological sphere. Surely, in no one could have thought that "all things were to change" all of a sudden after 1991. Indeed, the early Republican period Kazakh archeology research and methodology were also affected by this complexity. (Baypakov 2009).
- The progress of Republican era Kazakh archeology and the actualization of international scientific projects in Kazakhstan failed to achieve the intended level. It could be seen when the SSR and the Republican periods are compared that there were no remarkable changes in foreign participation in scientific studies. Throughout this period, studies were continued mostly with a substantial amount of governmental support. (Baypakov 2009).
- As Kazakhstan's archeology failed to exceed its traditional framework, archeologists capable of keeping up with the innovative approaches and studies of Europe and the Far East could not be trained within this period. Due to these factors, Kazakh's archeology studies' scope and direction could not be freed from the Soviet's approach towards archeology. In this context, the studies were maintained in a traditional and rather limited scope.
- In the Republic Period, though certain legal regulations on the conservation of the archeological sites for preventing their destruction caused by natural conditions, anthropogenic factors, illegal excavations, none have been sufficiently deterrent. In an article published by the leading archaeologists of Kazakhstan in the newspaper Egemen, which was directly sponsored by the Presidency of Kazakhstan in 2018, it was stated that there was no legal basis to impose sanctions on metal detectors used in the detection of historical objects of tangible value in the country, therefore, historical sites were easily plundered.

REFERENCE

1. CHEREJNAYA Kniga Sibiri, (1882). Sostavlennaya Sınom Boyarskim Semenom Remezovim v 1770, Redaktor Malov, Saint Peterbug.
2. İZVESTİA Russkavo Geograficheskavo Obşestva, (1865). Seriya I, Saint Petersburg.
3. İZVESTİA Turkestanvkogo Otdela İmpetarosko Russko Geographiceskogo Obwestva (1890), Saint Petersbug.
4. KASTAGNE, J. (1921). " Les Tamgas Des Kırghızes (Kazaks)", Reouve Di Monde Musulman, Vol. XI VII, Paris.
5. KASTAGNE. J. (1923) "Travaux archeologiques executes au Turkestan", Journal Asiatica
6. LERH. P. (1970). Arxeologicheskaya Poezdka v Turkestanskiy Kray, Saint Petersburg.
7. OTCHETI Tsarskoi Arheologicheskoi Komissi 1850-1917 gg. (1921). İzdatelvsvo, S.I. S.Peterburg.
8. PROTOKOLI Zasedanniy Krujok Lyubiteley Turkestasnkoi Arheologii, 1884-1918 goda (1900). S.I, Moscow.
9. RADLOV W. (1895). Die Alttürkichen İnschriften der Mougolei, SSR, Saint. Petersburg.
24. Yüksel Oğuz, Montreux’den Günümüze Türk Boğazları (Uygulamalar, Sorunlar, Çözümler), Basılmamış Yüksek Lisans Tezi, Ankara 2007

ӘОЖ 94 (574)

ӘБДІҒАПАР ХАН ЖӘНЕ ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ

Рақымжан Н.Р.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының ғасырдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Баяндамада ХХ ғасырдың басында орын алған ұлт-азаттық көтерілістің шығу себебі, маңызы және өткен ғасырда есімі елеусіз қалған, тек тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеле бастаған Торғай өңірінің ханы болып сайланған Әбдіғапар хан жайлы және оның Торғай көтерілісінде алатын орны қарастырылады.

Түйінді сөздер: патша жарлығы. ұлт-азаттық көтеріліс, Торғай көтерілісі, Әбдіғапар хан.

Қазақ жерін Патша үкіметі жаулап алғаннан бері қаншама уақыт бойы қазақ халқын қанап, шұрайлы жерлерін тартып алып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпынан айырмақшы болып көптеген реформалар жүргізді. Қазақ халқының басым көпшілігі, бір жағынан, патша үкіметінің отарлау саясатының қасіретін, екінші жағынан, ауылдағы бай-шонжарлардың езгісінің ауыртпалығын көтерді. Патша үкіметінің отарлау саясаты өзінің шырқау шегіне жетіп, отарлау саясаты өзінің шарықтау шегіне жетіп, отарлау саясаты күшейген сайын халықтың қарсыласу қозғалысы да арта түсті. Соның бірі — 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы еді.

Көтерілістің шығуына 1916 жылы 25 маусымда Патша өкіметінің Қазақстанның, Орта Азияның және Сібірдің 19 жаспен 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер-азаматтарын тыл жұмыстарына «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды. «Реквизиция» сөзі «жеке адамның мүлкін зорлап алу» деген мағынаны береді.

Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар: жерді тартып алу, отаршылық езгінің күшеюі, салықтардың шамадан тыс көбеюі, халық жағдайының күрт нашарлауы болды.

Патша жарлығы жарияланған соң шілде айының бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің басты ірі ошақтары – Жетісу мен Торғайда болды.

Деректемелерге қарағанда, көтерілістің Торғай ошағы шырқау шыңына жеткен кезінде (көтерілісшілер Торғай облысының Торғай, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе уездерін және көршілес облыстардың бірқатар уездерін басып алған) көтерілісшілер саны 50 мың адамға жуық болған. Көтерілістің орталығы Торғай уезі болды. Көтерілістің басталуына қарай Торғай уезі негізінен қыпшақ және арғын рулары шоғырланған 13 болыстан тұрды. Көтерілістің бастапқы кезеңінде толқулар қыпшақтар мекендеген Қайдауыл, Аққұм, Қараторғай, Сарыторғай, Қарақопа болыстарын, сондай-ақ негізінен арғындар мекендеген Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, екінші Наурызым болыстарын қамтыды. Осы көтерілісте Әбдіғапар Жанбосынов қыпшақ көтерісшілерінің ханы болып, ал Шолақ Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болып сайланды [1, 647 б.]. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде хандық биліктің жаңғыруына негізгі себеп – халық санасында хандық биліктің дәстүр ретінде сақталуы болып табылады. Әбдіғапар хан есімі мұрағат құжаттарында кездеседі. Ж. Ибрагимовтың «1916 жыл – Хандық биліктің жаңғыруы» атты еңбегінде былай көрсетілген: Архив құжаттарында мынадай дерек берілген: «Үрпекке келіп, хан ордасын орнатық. Бұл жерде бүкіл ел жиылып, екі ту бие, 10 қой сойып, Әбдіғапарды хан сайлады, Амангелді сарбаз басы сардар болды...» [2, 164 б.].

Осындай деректер кездескенімен Кеңес үкіметі кезінде 1916 жылғы оқиғаларды сипаттап жазғанда тек Аманкелді Имановтың атын дәріптеп айтты. Ал Әбдіғапар ханның аты аталмай қалды. Себебі, Кеңес уақыты кезінде барлық оқиға коммунистік идеологияға бағындырылды. Осыған орай тарих бұрмаланып, коммунист Аманкелді Имановтың аты ғана аталып, ал сол кезде халық арасында беделі орасан зор болған Әбдіғапардың аты ескерусіз қалды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Әбдіғапар хан туралы айтыла бастады. Осы бір уақытта орын алған әділетсіздік туралы халық жазушысы – Шерхан Мұртаза қысқаша былай деп айтқан: «1916 ж. Ұлт-азаттық көтерілісі біздің советтік тарихнамада қатты бұрмаланып көрсетілді. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс десе, көпшілік тек Торғай көтерілісін ғана, Амангелді батырды ғана біледі. Өйткені үгіт-насихат жұмысы солай өрбіген еді. Соның өзінде де Торғай көтерілісін көрсетуде де рабайсыз көріністер көп. Мысалы, Амангелдіден аруағы асып-түспесе, кем емес Әбдіғапар туралы не бідеміз? Немесе өмірі өкінішті Кейкі батыр туралы тарихта там-тұм да болса, бірдеңе бар ма?» [3, 5 б.].

Әбдіғапар хан 1970 жылы Торғай уезіндегі Қараторғай болысында туған. Ата тегі жағынан алғанда қарақыпшақтан тарайды. Арғы атасы Жоңғар шапқыншылығына қарсы талай жорықтарға қатысқан Тілеулі батыр (1695-1760) [3, 13 б.]. Ал Тілеулінің кенже баласы Нияз (1735-1783) Абылай хан өмірінің соңғы кезеңдерінде Ордада билік жүргізген, Қара-өткел маңайын билеген. Халық оны Нияз хан деп атаған. Әбдіғапардың әкесі (Нияздың 5 ұрпағы) Жанбосын (1847-1885) Қара-Торғай өлкесінде біраз жыл болыс болған.

Әбдіғапардың анасы Алуа (1840-1934) арғын Ақтас руынан шыққан, Ахмет Байтұрсыновтың апалары. Әбдіғапардың әкесі өлген соң Қарасудан Көртоғайға

Жалмағамбет (1853-1923) әкесінің аулына көшкен, осы жерде 4 бөлмелі қызыл үй салдырған. Кейін бір бөлмесін екі кластық мектепке айналдырған. Өзі мал өсірумен қатар, егін шаруашылығымен айналысқан. Әбдіғапар мұсылманша оқып, дінге өте берік адам болған. Оның жастайынан әрі арабша, әрі орысша сауат ашып, зиялы адам болып қалыптасуына ағасы Жалмағамбет көп септігін тигізді.

Жастайынан әделеттілік үшін күресіп, әділетсіздікке қарсы болған. Әділетсіздікпен күресу, халқына барынша өз пайдасын тигізу мақсатында 1908 жылы болыс болды. Болыс болып жүргенінде халқы үшін даулы мәселелерді шешуге тырысып, әділдік үшін күресті. Көбінесе мал дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты істердің ақ-қарасын шешуге араласып, осы арқылы халық арасында беделі көтерілген. Міне, осындай жағдайлар Әбдіғапар ханның келешекте тарих беттерінде өшпестей із қалдыруына өз септігін тигізді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісті басу үшін арнайы жазалаушы әскер қарашаның орта кезінде Оспан ханның, Айжарқын ханның сарбаздарын талқандап, Торғайға бет талды. Ал бұл кезде Әбдіғапардың маңайына келіп қосылып жатқан адамдар күннен күнге көбейе берді. Осындай жағдайда халықтың алдында мынадай міндеттер тұрды: барлық ұйымдастырушылық істерді реттеу, халықты қорғау, жазалаушы әскермен күресе алатын әскерді дайындау. Осы істерді атқаратын, билік жүргізетін қазақ халқының дәстүрлі қоғамына сай хан сайлау керек деген шешімге келді. Айта кетерлік жайт, көтерілістің ерекшеліктерінің бірі – қарадан шыққан адамдардың хан сайлануы. Бұл жөнінде Ж. Ибрагимов 1916 жылғы хан сайлауында тегіне қарамай, оның парасаты, тәжірибесі мен халық арасында беделінің жоғары болуы сияқты принциптерге қарай отырып сайланғанын айтады. Сөйтіп, 1916 жылы 21 қарашада үлкен құрылтай жиналысы өтті. Бұл құрылтайда Торғай уезінің ханы болып Әбдіғапар хан сайланды. Бірақ қазақ халқының дәстүрлі қоғамына сай ертеден таққа Шыңғыс ұрпақтары отыруға тиісті болатын. Ал қарадан шыққан Әбдіғапардың хан сайлануы себептеріне тоқтала кетсек:

1). Ерте кездердегідей емес, бұл уақыт ел басына күн туған сәт болатын. Сондықтан бұл уақыт шенқорлықтың уақыты емес, ең бастысы халықтың сенімін ақтау болғандықтан, хан болып халық мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, халқына адал, данагөй адам сайлануы керек болды. Сондықтан құрылтайда өзінің батырлығымен, батылдығымен, парасаттылығымен, әділдігімен көзге түскен Әбдіғапар ханның есімі ерекше аталған болатын. Бұл жөнінде академик М. Қозыбаев: «Даналық иесі халықтың мұң-мұқтажын терең түсінген Әбдіғапар тақ үшін, бақ үшін күреспеді, таласпады, халық өзі қалап, хан көтерді. Бұл хандық ел аласапыран болып, ер басына күн туған кезде берілді. Халықтың ол билікті бүгін біреуге, ертең екіншісіне берер уақыты жоқ-ты. Ендеше, халық ол билікті тек ең жанкүйер, күрескер, табанды, ақылгөй данасына аманат етті. Әбдіғапар халық шешімін солай ұғынды» [2, 49 б.],-дейді. Әбдіғапардың халық ортасында беделі күшті болғанын К. В. Харламповичтың Әбдіғапар туралы: «восточная половина уезда, возглавляемая умным, проницательным и авторитетным Абдулгафаром» [4, 116 б.], – сөздері дәлел бола алады.

2). Әбдіғапардың хан болып сайлануына әсер еткен тағы бір себеп – Әбдіғапардың атасы Нияз Абылай хан кезінде қыпшақ тайпасына көсем болып, би болған. Оның беделінің күшті болғаны соншалық Абылай Ниязды хан дәрежесінде ұстанды. Сондықтан қыпшақ өңірі Ниязды «хан» деп атаған. Әбдіғапар осы Нияз ханның ұрпағы болатын.

3). Әбдіғапар қарапайым халықтан шығып, хан атанғанына ризашылығын білдіріп, өзін «әмір» атауды жөн көрді. Осы жағдайдың өзі оның адами қасиеттерін көрсетеді, яғни атаққұмар, шенқұмар емес, қарапайым адам болған. Ол барлық істі халықпен ақылдасып, елмен бірге шешуді дұрыс көрді. Бұл туралы 1926 жылы Торғай көтерілісінің 10 жылдығы қарсаңында профессор К. В. Харлампович: «...ол хан деген

атақтың керегі жоқ, жеке өзім басқару емес, халықпен, атап айтқанда соның адамдарының көмегімен, әмірші ретінде басқаруды дұрыс көрді. Оның қасында болыс-болыстардан сайланған 20 адамнан құрылған кеңес болды...» [2, 50 б.], – деп жазды. Әбдіғапар ханның ордасы Үрпекке 15 шақырым жердегі Дүкенбайұлы Сейдіғазымның қыстауында орналасты. Әбдіғапар Хан кеңесінде талқылап, шешкен, атқарған қызметтеріне келетін болсақ:

– Ең алдымен Хан кеңесі құрылды. Хан кеңесінде барлық мәселелер шешіліп отырды.

– Хан жарлығын орындау үшін әр болыста елбегілер сайланып отырды. Міндеттері: мал, жанның санын анықтау, әскер, қару-жарақ, тамақ жинау мәселесін шешу.

– Қазынашы тағайындап, Халықтың жағдайына қарап, әділеттік түрде салық салды. Мәселен, 40 қойдан 1 қой, 5 қарадан 1 қара зекет салынды.

– Ұрлық-қарлықты жою үшін арнайы хан жарлығы шықты, осы арқылы елде біршама тәртіп орнатуға тырысты.

– Бұйрықтарды, жедел хабарларды жеткізу үшін әрбір 15-20 шақырым сайын қызыл кірпіштен салынған «қызыл бекеттер» орнатылды.

– Әскери тәртіп орнады. Әскери жасақ мәселесіне көп көңіл бөліп, ежелден келе жатқан әдіспен, яғни құрамалар ондыққа, жүздікке, мыңдыққа бөлінді.

– Торғай даласындағы барлық ұсталарды бір жерге жинап, әскерге керек қару-жарақтар жасатты.

Кеңестің шешімін Әбдіғапар хан бекітіп отырды, үкім қағаздары заңды болу үшін ханның мөрі басылды. Ол өз мөріне «Торғай өлкесінің әмірі», -деп жазғызған болатын. Көтерілісшілердің жазалаушы әскерге қарсы тұра біліп, қорғана алуы, көтеріліс барысында көптеген жеңістерге жетуі Әбдіғапар хан мен Аманкелді Имановтың елі, жері үшін жүргізген барлық іс-әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. 1917 жылы Патша үкіметі құлаған соң, бәріне кешірім берілді деген хабар келген соң, көтерілісшілер еліне тарай бастады. Ал Әбдіғапар жаңа үкіметке қарсы еместігін білдіріп, Торғайға адам жіберді. Ал Қазан төңкерісі кезінде Әбдіғапар Орынбордағы Торғай облыстық съезіне барып қайтады. Осыдан кейін ол саясатқа араласпады. Большевиктерге де, Алашқа да қосылмады. 1919 жылы мамырдың 18-інен 19-ына қараған түні Амангелді жау қолынан қаза тапты. Батырдың өлімін тексеру 10 жылға созылды. Осы уақыт аралығында көптеген адамдар күдікті есебінде танылды. Соның бірі Әбдіғапар хан болды. 1919 жылы желтоқсанда қызыл әскердің арнайы отряды Батпаққараға келіп, Әбдіғапар Жанбосыновты бірге алып кетті. Зәуре қопасы жанында арнайы бұйрық алған отряд сотсыз, дәлелсіз қайран ерді атып кетті.

1916 жылғы көтерілістің басшыларының бірі Әмір Әбдіғапар туралы еліміз тәуелсіздігін алған соң ғана айтыла бастады. Сол қиын-қыстау кезде халық өзі таңдап сайлаған соң, ол ешқандай даңқ үшін емес, халқының мұң-мұқтажын ойлап, елінің үмітін ақтау үшін, Отан үшін жанын пида етті.

«Бар ғұмырын қазағына арнаған,
Туған жердің топырағын қорғаған.
Әбдіғапар – қаһарманы халықтың,
Азаттықтың қыраны боп самғаған»! [2, 161 б.] – деп Хамитбек Мұсабаев айтып кеткендей, халқымыздың адал перзенті, ел басына алмағайып ауыр күндер туғанда халық қамын ойлап, саналы ерлікке барған, замандар бойында езіп келген дүлей күшке қарсы тұрған Әбдіғапар Жанбосыновтың есімі жас ұрпақтың есінде мәңгі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 768 б.
2. Ибрагимов Ж. 1916 жыл – Хандық биліктің жаңғыруы. Монография. – Жезқазған: ЖезУ, 2001. – 205 б.
3. Мырзағалиұлы М. 1916-1917 жылдардағы Торғай қазақтарының көтерілісі. – Алматы, 2005. – 168 б.
4. Сүлейменов М. Әбдіғапар хан. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 144 б.
5. Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 б.

ӘОЖ 94(574)(045)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ СЕБЕПТЕРІ, МАҚСАТТАРЫ, ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Утепова Г.А., студент
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1916 жылғы патшаның жарлығы,19-43 жас аралығындағы ер азаматтарды жаппай қара жұмысқа шақыруы,жердің тартып алынуы мен орыстандыру саясатының жүргізілуі,Торғай мен Жетісудағы ірі көтеріліс орталықтары,Торғай көтерілісінің бас сардары А.Иманов,1917ж. ұлт-азаттық көтерілісінің жеңілу себептері мен тарихи маңызы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Ұлт-азаттық көтеріліс, бұратана, реквизиция, салық, ұлттық автономия, революция, демократия, позиция.

1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалысының бірі. Бірінші дүниежүзілік соғыс елде өнеркәсіптің бүлінуіне,ауыл шаруашылығының дағдарысына,халық жағдайының нашарлауына әкелді. Қазақтардың жерін жаппай тартып алу нәтижесінде көшпелілер мен қоныстанушылар арасында қақтығыстар көбейді. 1916 жылы патша әкімшілігі ресейлік отаршылдар үшін 40 млн.га жер алынды. Тартып алынған жерлер патша офицерлеріне, шенеуліктерге, дін басыларын, қазақ әскерлері мен Ресейден және Украиндан қоныс аудрған шаруаларға үлестіріліп берілуі Қазақстанда ұлттық қатынастың шиеленісуіне әкелді. Осының бәрі патша саясатына наразы бұқараның ашық бой көрсетуіне әкелетін еді.

1916 жылы 25 маусым күні «бұратана» халықтардың 19-43 жас аралығындағы ер-азаматтарын соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстарын салу мен тыл жұмыстарына алу жөніндегі патша жарлығы жарияланды.Аталған жарлық қазақ даласын өте ауыр жағдайға қалдырды. Соғыс ауыртпалығы,патша өкіметінің қазақтардан жерді тартып алуды жалғастыруы экономиканың тоқырауына әкелді.Елде аграрлық мәселе ушығып кетті.Іс жүзінде жұртшылық аштан қырылуға душар болды.Байырғы халықты тыл жұмыстарына шақыру халықтың ашу - ызасын тудырды.Орталық Азия халықтарының Ресей отаршылдығына қарсы қуатты көтерілісінің басталуына себепші болды. Көтерілістен сескенген өкімет орындары 20 шілдеде әскерге шақыруды егін өнімдерін жинағанға дейін,ал 30 шілдеде 1916 жылдың

15 қыркүйегіне дейін кейінге қалдыра тұру жөнінде хабарлады.Бірақ өкімет орындары отарлық езгіге қарсы көтерілісті тоқтата алмады.

Көтерілістің негізгі әлеуметтік - экономикалық және саяси себептері бар еді . Олар – отарлық езгінің күшеюі,жердің тартып алылнуы, салықтар мен алымдардың көбеюі, еңбекшілерді аяусыз қанау, күштеп орыстандыру саясаты, қалың бұқараның жағдайының күрт нашарлауы. Әсіресе ежелгі қазақ жерлерін жаппай, күштеп тартып алу мен өлкені басқарудың отаршылдық жүйесінің күшейтілуін ең басты себеп ретінде қарастыру қажет.

1916 ж-ғы көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттық болды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші қазақ шаруалары, жергілікті жұмысшылар, қолөнершілер болды. Сондай-ақ көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуына байланысты қазақ халқының барлық топтарының өкілдері (байлар, болыс басқарушылары, билер) және демократияшыл зиялылардың жекелеген өкілдері де қатысты.Негізінен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс құрамы жағынан бір ұлттың қозғалысы болды.

Патша жарлығына көзқарас әртүрлі болды.Феодалдық басшы топтар және жергілікті әкімшілік жарлықты қолдады.Революцияшыл топ өкілдері (Ә.Жангелдин, А.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов) қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды. Либералдық-демократиялық зиялылар (Ә.Бөкейханов,А.Байтұрсынов,М.Дулатов) патша үкіметімен келісімпаздық бағыт ұстанды. Олардың мақсаттары:

-Қазақтарды тыл жұмысына шақыртуды дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асырып, уақыт ұту.

-Қарусыз халықты патша жазалауының құрбаны етпеу.

-Ұлттық автономия құру.

1916 ж. шілденің басында Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталды.Халық ашу-ызасының алғашқы соққыларына тыл жұмыстарына алынатындардың тізімдерін жасаған болыс басқарушылары,ауыл старшындары,патша өкіметінің т.б. төменгі билік иелері ұшырады.Қазақтарда метрикалық куәліктің болмағанын пайдаланған олар жас шамасына қарамастан кедейлерді тізімге енгізіп, ал байдың балаларын пара алып шақырудан босатты.

Қолына түскенімен қаруланған еңбекшілер патша өкіметінің өкілдеріне: болыс басқарушыларына,ауыл старшындарына,полицейлерге,казактарға, шенеуніктерге бас салып, «адам бермейміз!» деп айқайлап, ұрып-соқты. Көтерілісшілер болыс басқарушыларының, ауыл старшындарының кеңселері мен үйлерін өртеді. Тізімдерді жойды, аңғалдықпен, осылайша, тыл жұмыстарына адам алудан құтыламыз деп санады.

Стихиялық қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласа бастады: ірі ошақтары Жетісу мен Торғайда пайда болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды,ол әскери-отаршылдық пен орыстандыру саясатына және белгілі бір дәрежеде ауылдың бай-феодал үстем-топтарына және империалистік соғысқа қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты.

Торғайдағы көтеріліс. Торғай уезінде Амангелді Иманов бастаған ірі көтерілісшілер жасағы құрылды.Көтеріліске дейін Амангелді даладағы халық бостандығын жақтаушы, отарлық тәртіптің бітіспес қарсыласы ретінде танылған еді. Торғай уезінің қазақтары Нияз бидің немересі Әбдіғапар Жанбосынды өздерінің ханы етіп сайлады.Әскердің бас сардарбегі болып Амангелді Иманов,оның көмекшісі етіп Оспан Шолақов тағайындалды. Амангелдінің әскері көтерілісшілердің басқа жасақтарынан ұйымдасқандығы және тәртібімен ерекшеленді. Сарбаздар ондықтар,жүздіктер мыңдықтарға бөлінді.

Басқару жұмысы штаб міндетін атқарған Әскери Кеңес арқылы жүзеге асырылды. 1916 жылы 22 қазанда А.Иманов басшылығымен 15 мың көтерілісші

Торғай қаласын қоршады. Оған қарсы генерал Лаврентьевтің 9 мың адамдық жазалаушы тобы жіберілді. Көтерілісшілер қоршауды тоқтатып, 1916 жылы қарашада Түнқойма почта станциясының маңында подполковник Катоминнің отрядына шабуыл жасады. 1916 ж-ң қарашасы мен 1917 ж. ақпанда көтерілісшілердің негізгі бөлігі А.Иманов штабына орналасқан Батпаққара жазығы мен Аққұм құмының маңына шоғырланып, партизандық күрес әдісіне көшті.1917 жылы Торғай көтерілісі талқандалды.

Жетісудағы көтеріліс. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстанның барлық аймақтарында қатаң басып-жаншылды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 атты әскер жүздігі, 11 күшейтілген жаяу әскер ротасы қимыл жасады,ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патша өкімте орындары 17 атқыштар ротасын, 18 казак жүздігін, 4 атты әскер эскадронын, 18 зеңбірек, 10 пулемет және т.б. әкеп төкті. Алайда жазалаушылар Қазақстанның бірқатар аудандарында көтерілісті Ақпан революциясына дейін баса алмады. Мәселен, Торғай облысында көтерілісшілер патша өкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтатылды. Жетісу облысында ондаған қазақ және қырғыз ауылдары жойылып жіберілген. Патша өкіметі қудаланған 300 мыңнан астам халық Жетісудан Қытайға көшуге мәжбүр болды.

Көтерілістің тарихи маңызы: 1916 ж. көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Көтерілістің басшылары халықты тәуелсіздік жолындағы күреске көтерді. К.Қасымұлы басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916 жылғы көтеріліс бірінші рет өлкенің барлық аймақтарын әртүрлі дәрежеде қамтып, бүкілқазақтық сипат алды. Осы көтерілістің айрықша ерекшелігінің бірі: Қазақстанның оңтүстігі мен оңт-шығысында қазақтармен қатар оған қырғыз, ұйғыр, өзбек т.б. халықтардың қатысуы болды.Көтеріліс отаршылдыққа және империализмге қарсы бағытталды. Көтерілістің басты міндеті – халықты отаршылдық езгіден ұлттық және саяси жағынан азат ету болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).3-Том.Алматы: «Атамұра», 2010.

2. Абдурахманов Н.А, – Алматы,2020 .

УДК 94 (574)

НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ВОССТАНИЕ 1916 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ

Кильдякова Е.Н.
Каспийский университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается история изучения национально-освободительного восстания 1916 года в Казахстане, показаны основные подходы к трактовке событий 1916 года, отмечаются попытки современной историографии выявить круг нерешенных научных проблем в истории 1916 года.

Ключевые слова: история, война, революция, национально-освободительное восстание, историография.

За годы независимости историческая наука Казахстана подняла значительный пласт отечественной истории, ранее невостребованной или забытой в угоду политической системы. Советская историография рассматривала каждое освободительное выступление народов окраин, как явление региональное, внутригосударственное. Доминировал избирательный подход к фактам и их тенденциозная интерпретация. Это обусловливало деформирование представлений по определенным проблемам. Поэтому, необходимость изживания фальсификации в освещении вопросов отечественной истории, допущенной в советское время, обусловливает актуальность современных исследований.

Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане явилось результатом обострения капиталистических отношений, выразившихся в разжигании первой мировой войны и кризиса русского царизма.

Первая мировая война до предела обострила все противоречия в обществе, привела к резкому упадку сельскохозяйственного и промышленного производства, значительному снижению жизненного уровня населения. Архивные документы позволяют увидеть глазами современников военных лет бедственное положение народа, страдающего от тяжелого бремени налогов, повышения цен в 3-4 раза, по сравнению с довоенным периодом, на продукты первой необходимости.

В годы первой мировой войны экономический кризис охватил всю страну и ускорил процесс созревания революционной ситуации. Массовое изъятие земель у кочевников царскими чиновниками, усиление колониальной системы управления, грабительская налоговая политика царизма, захват феодальной верхушкой аула общинных земель, сосредоточение в ее руках большого количества скота и ряд других факторов привели казахских шаруа к борьбе за свое социальное и национальное освобождение.

После обнародования царского указа 25 июня 1916 года отдельные народные выступления переросли в антиколониальное, антифеодальное национально-освободительное восстание.

В советской историографии в оценке событий 1916 года преобладал классовый подход, как это было принято. Хотя в научных исследованиях ученых учитывался и антиколониальный, освободительный характер народного движения 1916 года. Основным достижением советской историографии, не смотря на доминирующие политические оценки, был всесторонний и значительный уровень изученности многих аспектов этого восстания и публикация многочисленных сборников документальных источников.

В постсоветский период опубликовано множество ранее неизвестных документальных источников, материалов по 1916 году и в связи с этим появилась возможность по-новому взглянуть на эти трагические события, переосмыслить противоречивые, сложные моменты освободительного движения.

В изучении национально-освободительного восстания вклад внесли ученые Козыбаев М.К., Нурпеисов К.К., Есмагамбетов К.Л., Касымбаев Ж.К., Койгельдиев М.К., Алдажуманов К., Ермуканов Е.Н., Ибрагимов Ж.И. и другие.

М.К. Козыбаев подвергает пересмотру концепции III тома «Истории Казахской ССР» в пяти томах[1]. Если в советской историографии восстание 1916 года рассматривали с позиции классового подхода, как «крестьянское восстание», то академик М.К. Козыбаев дает новую трактовку национально-освободительному движению, как «революции». М.К. Козыбаева считает, что в 1916 году шла народная освободительная антиколониальная война против царизма. Казахстан стал краем вооруженного, сражающегося народа. Образовался общенациональный фронт против колониализма. Это дает основание характеризовать события 1916 года как

национально-освободительную революцию. Движение надо рассматривать в связи с мировой империалистической войной и вместе с тем как революцию равноправную и предшествующую Февральской революции. Движение 1916 года должно рассматриваться как всемирно историческое событие. Академик М.К Козыбаев был вообще против термина «восстание», потому как оно подразумевает мятеж, а исследуемые события выходят за рамки мятежа.

Первый президент РК Назарбаев Н. А. в работе «В потоке истории» отмечает, что «массовость, широкий охват всех слоев общества, выдвижение общенациональных лозунгов, широкий охват всех слоев общества, создание институтов государственной власти позволяют оценивать его как национально-освободительную революцию, одну из первых революций подобного типа, происходивших в колониях царской России» [2].

Но восстание в отдельных районах носило стихийный характер, точнее только в некоторых районах оно приобретало организованный характер.

В 1996 году началась публикация статей, посвященных 80-летию восстания 1916 года. На международной конференции прошедшей в городе Алматы М. Козыбаев, К. Нурпеисов, К. Усенбаев, Н. Бекмаханова, К. Алдажуманов и многие другие ученые изложили основные положения о причинах, движущих силах восстания.

В 1998 году был издан сборник документов и материалов «Грозный 1916-й год». По мнению составителей сборника, значительным достоинством двух томов стали опубликованные документы, в происхождении которых активное участие принимали представители казахской интеллигенции, и эти источники отражают сущность и содержание взглядов на события 1916 года А. Букейханова, А. Байтурсынова, М. Дулатова, М. Тынышпаева и других. Таким образом, благодаря такому сборнику, можно в полной мере увидеть картину их практической деятельности в годы подъема национально-освободительной борьбы казахов против царизма.

Ряд ученых предлагают пересмотреть хронологические рамки восстания 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Как известно, нынешняя историография ограничивает восстание хронологическими рамками: 4 июля - ноябрь 1916 года. Таджикский исследователь Мамадалиев И. А. предлагает пересмотреть дату начала восстания: он считает, что восстания началось 3 июля в Ходженте, где 2-3 июля скопились жители окрестных кишлаков, в это же время началось составление списков рабочих на тыловые работы. Первое выступление недовольных набором рабочих произошло 3 июля.

Мажитов С. утверждает, что восстание не закончилось в ноябре 1916 года, оно продолжилось до весны 1917 года, что существует большой пласт документальных источников, которые это подтверждают: в январе 1917 года повстанцы Тургая предприняли новое наступление, против которых в феврале была проведена карательная экспедиция под руководством генерала Лаврентьева. Во время отступления в глубь степей до восставших доходит весть о Февральской революции. И на 1917 год приходится период расправы над восставшими. Мажитов С. настаивает, что изучение национально-освободительного движения казахского народа в рамках 1916-1917 годов открывает новые возможности в изучение этого восстания, позволяет по-новому взглянуть на ряд событий, которые происходили весной и осенью 1917 года в Казахстане и Средней Азии.

В 2016 году вышел сборник документов и материалов «Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии», подготовленного усилиями Института всеобщей истории РАН и исторического факультета МГУ им. М. В. Ломоносова. Автор-составитель книги старший научный сотрудник Института истории РАН Татьяна Котюкова. Сборник включает в себя 122 документа, помогающих оценить начало и ход восстания, его подавление, бегство восставших киргизов, казахов,

дунган в Китай и их дальнейшую реэвакуацию советской властью. На взгляд авторов, восстание 1916 года в Азиатской России – «это крайняя форма проявления так называемого «мусульманского» вопроса. Именно «мусульманский вопрос», вернее, его нерешенность, стал камнем преткновения для проведения успешной интеграционной и модернизационной политики в крае» [3]. Возможно, это еще один новый подход к трактовке событий столетней давности.

Восстание было вызвано целым комплексом сложных социально-экономических, политических процессов, в том числе и переселенческой политики, и аграрной, и налоговой политики царизма. Однако, в изучении источников и причин восстания, следует избегать политизированного подхода, надо отказаться от каких-либо конфронтационных аргументов для доказательства своей позиции. Одновременно стоит задача вывести исследование восстания на уровень нового теоретического осмысления и определить пути его дальнейшего изучения на основе новых исторических источников.

ЛИТЕРАТУРА

1. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. - Алматы: Атамұра, 2000. –Т 3. - С.40.

2. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы: Атамұра, 1999. - С.166.

3. Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сб. док. и материалов. М.: Марджани, 2016. –С.102.

ӘОЖ 94(574)(045)

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Бекенжанова А.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының еркіндік, бостандық жолында күресте 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысуы, ұлт қамын ойлаған қазақ зиялыларының ұлт-азаттық көтеріліске көзқарастары қарастырылады.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік, ұлт-азаттық көтеріліс, ұлттық сана, қазақ зиялылары, ұлттық мемлекеттілік, патша жарлығы.

XX ғасырдың басы қазақ халқының ұлттық санасының көтерілуімен ерекшеленді. Сол кезеңде Қазақстан тағдырында болған түбегейлі өзгерістердің бірі тарихтың алдыңғы қатарына қазақ зиялыларының шығуы, олардың ұлт-азаттық қозғалыстың бастауларында болуы.

Қазақ зиялылары қоғамдық-саяси күреске қатыса отырып, саяси және әлеуметтік-ұлттық теңдік үшін күрес бағдарламасын жасап, өзінің басты мақсатына - ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіруге тырысты. Нағыз қазақ зиялыларының жетекшілері қазақ халқының тәуелсіздігіне саяси тәуелсіздік жолымен, заңды, конституциялық тәсілдермен қол жеткізуге ұмтылды.

Қазақ халқы өз тарихында көптеген азаттық көтерілістерді бастан кешіріп, өз елдігін, ерлігін таныта білген. Сол көтерілістердің ішінде бүкіл Қазақстан аумағын

қамтып, ұлттық мемлекеттілікті сақтау үшін талпынған ең ірі көтеріліс ретінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс белгілі.

Қазақстанның барлық жерлерін қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс еліміздің саяси және рухани өмірінде өшпестей із қалдырды. Қазақ халқы патша жарлығына бірлесе қарсы шығып, еркіндік, бостандық жолында күресті.

1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығына және оған қарсы болған көтеріліске халық арасында көзқарас бірдей болған жоқ. Ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты ұлт қамын ойлаған қазақ зиялылары екіге бөлінді: оның бірі патша жарлығына батыл қарсы шығуды талап етсе, екіншісі, қан төгіске әкелуі мүмкін деген жорамалмен мойынсұнуға шақырды.

Қазақ зиялыларының кейбірі (Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, А.Жүнісов) жарлыққа қарсы шығып, оны орындауға қарсыластық көрсетуге шақырса, ал «Қазақ» газеті төңірегіндегі зиялылар (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б.) патша әкімшілігін адам алуға асықпауға, қайта әуелі дайындық шараларын жүргізу керектілігіне көздерін жеткізуге талай рет әрекет жасады. Сонымен бірге олар қарусыз халық патша өкіметінің аяусыз жазалау шараларының құрбанына айналады дегенді орынды санап, жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды [1].

Сол кездегі қазақ зиялыларының жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов ешбір қарсылықсыз патша жарлығын орындау керек деп санады. Бұлай етпеген жағдайда деді олар, патша үкіметі елді жазалаушы қарулы жасақтар шығарып, елді қан-төгіске душар етеді. Олар 1916 жылғы «Қазақ» газетінің 192-ші санында «Алаштың азаматы» деген мақала-хат жариялап, онда қан-төгіс болдырмау халықты патша жарлығын орындауға шақырды [2].

1916 жылғы дүрбелең кезінде қатарында М.Тынышбаев бар зиялылар «Қазақ» газеті арқылы оқығандарға үндеу тастап, оларды өз ауылдарынан майданның қара жұмысына алынғандардың қатарына қосылып, майдан шебіне баруға, оларға рухани көмек беруге, өзге ұлттарға басындырмауға, офицерлерге қорлатпауға шақырды.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов жетекшілік еткен ұлт зиялылары жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа басқаша сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, мемлекеттік дума жанындағы мұсылман фракциясы жұмысына, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игерді. Аталған қозғалыстардың барлығы отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Қазақтан соғыс үстінде солдат алынбасын; солдат алудан бұрын метірке түзеу үшін муфтилікке қарасын; лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, қазақ-орыспен жер-су һәм правода теңгерілу» [3].

Қазақстандық тарихнамада, М.Қ.Қозыбаевтың пікірінше, бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі, әсіресе, Алаш қозғалысының қазақтарды тыл еңбектерін ұйымдастырудағы және шақырудағы рөлі мен орны туралы сөз болғанда, дұрыс түсіндірілмейді. Патша жарлығының «Алашты» сөзсіз қолдауы туралы тарих ғылымында қалыптасқан пікірге қайшы, көптеген фактілер қозғалыс жетекшілері қазақ халқының шақыруын әзірге кейінге қалдыруды ұсынғанын көрсетеді. [4].

1916 жылғы көтеріліс бірінші рет кең-байтақ өлкенің барлық аймақтарын әр түрлі дәрежеде қамтып, бүкілқазақтық сипат алған көтеріліс болды. Ол Ресейдің басқару жүйесінің іргесін шайқалтып, шығыстағы халықтардың отарлау саясатына қарсы XX ғасырдың басында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігі болды. Көтерілістің қазақ тарихындағы тарихи маңызы зор, бүкіл қазақ халқын біріктірген айтулы көтеріліс ретінде тарихта белгілі. Қазіргі тарихнамада ұлы тұлғалардың қоғамдық көзқарастары мен тарихи зерттеулері жаңа көзқарастар тұрғысында жаңадан бағалана басталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): 3 том; - Алматы: Атамұра, 2002 .
2. Дулатов М., Дума һәм қазақтың мәселесі. -Алматы,1998
3. Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда. -Алматы,1995
4. Козыбаев М.К., Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки. Алматы, 1996

ӘОЖ 94(574)(045)

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Ізтілеуова Д.Ғ., студент
Ғылыми жетекшісі: Сидешова Р.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі елдің жағдайы, патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы «19-43 жас аралығындағы ер-азаматтарды қара жұмысқа алу» жарлығы, қазақ зиялыларының қазақ халқына жариялауы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, тарихи маңызы туралы айтылады.

Түйінді сөздер: 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық, ұлт-азаттық көтеріліс, қазақ зиялылары, жазалау шаралары.

Бірінші дүниежүзілік соғыс елде өнеркәсіптің бүлінуіне, ауыл шаруашылығының дағдарысына халық жағдайының нашарлауына әкелді. Соғыс жылдары халықтан әскери салықтар алынды. Оның әр түтінге шыққандағы көлемі 1 сом 84 тиын мөлшерінде белгіленді. Соғыс ауыртпалығы Қазақстандағы жұмысшылар мен шаруалардың қозғалысының өршуіне алып келді. Шаруалар көтерілісі ең алдымен Солтүстік Қазақстанды қамтыды [1]. Мәселен 1916 жылы 21 наурызда Торғай облысы Ақтөбе уезінің Ақбұлақ селосында отыз адам болатын солдат әйелдердің тобыры көпестер - Невановтың, Пряткиннің дүкендерін қиратады. Халық бұқарасын мұндай бой көтерілулерінің толқыны Қазақстанның басқа да аймақтарында орын алды. 1916 жылы жұмысшылардың үкіметке ашынуы үдей түсті. Нәтижесінде, бұл жағдайлар қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысына зор ықпал жасады.

Қазақстандағы көтерілістің негізгі әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлары отарлық езгінің күшеюі,жерді тартып алу,салықтар мен алымдардың көбеюі,еңбекшілерді аяусыз қанау,күштеп орыстандыру жөніндегі патша саясаты,ұлт араздығын қыздыру,еңбекші бұқараның соғысқа байланысты жағдайының нашарлауы. Міне,осының барлығы халықтың ашу-ызасын келтіріп,жер-жерде бұрқ еткен көтерілістер мен ереуілдерге толуына себепші болды.

Бірақ отарлық езгіге қарсы үкімет органдары еш қарсылық көрсете алмады. Сондықтан да көтерілістер барған сайын ушығып кетті.

1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан,Орта Азия,Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтарын тыл жұмыстарына алу туралы жарлығы шықты. Бірқатар жергілікті тап өкілдері мен байлары патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығын қолдап шықты. Қазақ зиялыларының батыл өкілдері (Бокин,Ниязбеков,Жүнісов) патша жарлығын орындамауға, халықты қарулы

көтеріліске шақырды. «Айқап» журналының редакциясы қазақтарды қара жұмысқа алуға қарсылық білдірді. Қарсыласуға шақырған үшін журнал жабылды [2]. «Үш Жүз» партиясы да отаршыл әкімшілікке қарсы қарулы күреске үндеді.

Неғұрлым дәйекті позицияны «Қазақ» газетінің редакциясы ұстанды. Міржақып Дулатов 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықты «қанқұйлы» деп жариялады. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов кез-келген қарсылықтың орасан адам шығындарына әкеп соғатынын түсініп,11 тамызда қазақ халқына үндеу жариялады. Онда тыл жұмыстарына адамдар жіберу майдан мұқтажына шақырылғандардың отбасы мен шаруашылықтарын толық күйзелуімен жазалаушылардың жойып жіберуінен сақтайтыны айтылды.

Бірқатар интеллигенция өкілдері далада өсіп келе жатқан толқулар мен Ресей империясы тарапынан болатын қырып-жоюға қатты алаңдады. Зиялылардың бір бөлігі- Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейітқазым Қадырбаев, Мұхамедияр Тұнғаншин тағы басқа тұлағалар Торғай және Ырғыз уездерінің халқын қарулы көтеріліске қатысудан бас тартуға шақырды. Олар патша самодержавиесінің даладағы толқуларды басуға қарулы отрядтарды міндетті түрде пайдаланатынын ашып көрсетті. Жазалаушы экспедициялардың алғашқы құрбандары әйелдер мен балалар болып, шарушылықтың күйрейтіні,жергілікті тұрғындарға ату мен қорқытып-үркітудің басқа түрлерін аяусыз қолданатын әскери соттардың іске кірісетіні ескертілді.Үндеуге қол қоюшылар халықтың қайғысы мен алаңдаушылығына ортақ екендігін жазды. Үндеудің соңында зиялылар өкілдері көтерілісшілерді патша жарлығына бағынуға шақырды [3]. Бірақ Торғай мен Ырғыз уездеріндегі көтерілісшілер саны азаймады.

Осы кезде Бақытжан Қаратаев патша үкіметіне қара жұмысқа адам алуды тоқтату мен Қазақстаннан жазалаушы әскерді қайтару жөнінде тілек білдірді. Ол көтеріліс басшылар мерзімінен ерте, дайындықсыз әрекеттерімен қазақтарды жеңіліске ұшыратады, саяси хал-ахуалды түсінбейтін арандатушылар ретінде санады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі орталықтарының бірі - Жетісу болды. Орасан зор өлкені түгелдей халықтық көтерілістің жалыны шарпыды. Аз уақыт ішінде қозғалыс Шу өзені мен Ыстықкөлге жақын жатқан аумақты қамтыды. Көтерілісшілер телеграф желілерін қиратып, почта станцияларына,болыс аудандарына,жазалаушы әскерлерге шабуыл жасады. 10 мыңнан астам көтерілісшілер Тоқмақты қоршады. Жаркент уезіндегі көтерілісшілер Таврия, Владислав, Мещеры, Краснояр, Новокиев қоныстарын басып алды.

Көтеріліске шыққан халықтың қалауымен көтеріліс басшылары Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, Жәмеңке Мәметов, Ұзақ Саурықов т.б басқарды.

1916 жылғы қозғалыстың ірі оқиғаларының бірі-Торғай облысында орын алды.Мұнда қазақ шаруаларының көтерілісі мейлінше табанды болып,ұзаққа созылды.1916 жылы қыркүйекте Торғай уезінде Амангелді Иманов көтерілісшілердің үлкен жасағын құрып, көтерілісшілерді әскери өнерге өзі үйретті. Олардың жалпы саны 20 мыңға жеткен. Қазан айының соңында Амангелді Иманов бастаған көтерілісшілер Торғай қаласын қоршады.

Осыдан соң патша жазалаушы әскерлерді жіберді. Оларға көтерілісшілерді тұтқынға алып, дала сотына беріп, дарға асуға бұйрық берілді. Жазалушы отрядтар көтерілісшілерді аяусыз қырды. 3000-ға жуық адамдар жазаланды. Жүздеген ауылдар өртеніп, көптеген бейкүнә адамдар атылды.

Көтеріліс отаршылдыққа қарсы сипатта болды. Антифеодалдық сипаты да болды. Көтерілістің жеңілуінің басты себептері - оның бытыраңқылығынан, ұйымшылдықтың жетіспеушілігінен, арақатынастың тұрақты болмауынан еді. Шын мәнінде қарапайым қарумен қаруланған халық сол кездегі толық қаруланған патша армиясымен соғысқан еді.

1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы өте зор. Көтеріліс қазақ халқының сана сезімінің өсендігін көрсетті. Отаршылдық егзінің көп жылдарынан соң, олар өздерінің патша үкіметіне қарсы күресе алатындарын тағы да бір рет түсінді,дәлелдеді. Ұлттық мүдденің ортақ екендігін түсінді. А.Иманов, Ә.Жанбосын, Т.Бокин мен көтерілістің басқа да басшылары халықты ұлттың азаттығы үшін күреске жұмылдырды. Бұл көтеріліс Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Наурызбай бастаған тәуелсіздік жолындағы көтерілістердің жалғасы еді. Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістен кейнігі қазақ даласын түгелдей қамтыған, қазақтардың әлі де күшті екенін көрсеткен көтеріліс болды.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов көтеріліс туралы: «Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекке қандай ел екенін көрсетті. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды» - деп пікір білдірді.

Шын мәнінде, 1916 жыл - қазақ халқының қолы жеткен тәуелсіздігі мен ұллтық мүддесі үшін күрестің бір белесі болып, тарих беттерінде өз орнын алды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы, 3 - том.Алматы «Атамұра» 2010.
2. Қазақстан тарихы,оқулық.Алматы «Атамұра» 2013.74-бет
3. М.Қозыбаев «Қазақстан тарихы», 2009.24-25 бет

ӘОЖ 94(574) 045

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯ

Бегасилова Ж.А., магистр
Ғылыми жетекшісі: Ермұқанов Е.Н.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда 1930-1940 жылдары дін қызметкерлеріне қарсы жүргізілген саяси репрессия барысы архив деректері негізінде таладанады.Әсіресе, «Құран шынжыры» ісі бойынша қуғындалғандардың тағдыры бұрын ғылыми айналымға тартылмаған тың мәліметтер арқылы зерделенеді.

Түйінді сөздер: саяси репрессия, дін қызметкерлері,ишан, мүрид,баптист, шіркеу-сектант ұйымы,ОГПУ, НКВД, «Құран шынжыры» ісі, «Құдайсыздардың жауыққан одағы».

1920 жылдардың ортасында большевиктер конфессиялық саясатын өзгертіп, мұсылмандарды алдарқатудан бас тартуына мәжбүр болды. Енді ислам діні негізінде оқытуға мүмкіндік беріп, 1923 жылы саяси бюро ислам дінін мектептерде ұйымдастыруға рұқсат етеді. Ол уездік, губерниялық, облыстық атқару комитеті рұқсатымен мешіттерге жол ашады. Бірақ жалпы білім беретін пәндерге рұқсат етілмеді. Большевиктер дін қызметкерлеріне кертартпа күш деп қарады. Ал басқарманың мешіттерде ықпалды мударисттерге тәуелділігі сақталды. Діни басқарма имамдарды тағайындауды өз қолдарында ұстады. Діни мекеме ауылдар мен қышлақтарға ықпалын сақтап, республикалық деңгейде орталық құруды көздеді. Сондай-ақ діни білім ошақтарын уақыт талабына бейімдеу де алдыңғы кезекке шықты. Советтік билік болса діни мекемелердің қызметін бақылап, мешіт имамдары мен діни

басшылық арасындағы қайшылықты, олардың бастамаларын қолдамай, алауыздығын пайдалануды көздеді. Алайда 1927 жылы ОГПУ-дың ұстанымы жағдайдан жағдайға дейін жалғасты. Айқын бағыт партияда да болмады. Белгілі бір науқан жергілікті парткомдарға жүктелді. Діни мекемелердің ықпалы жекелеген аудандарда ғана күшті болды.

1929 жылы 8 сәуірдегі қаулымен діни құрылымдардың құқықтық мәртебесі айқындалып, атқарушы органдардың рұқсатымен сиынатын үйлерді ашты. Діни бірлестіктер тіркелді. Діни бірлестіктер құрамы 20 адамнан кем болмады. Тіркеу атқару комитеттерінің комиссиясында қаралды. Бірлестіктің өз кассасы, мүлкі болуға тыйым салынды. Діни жиналысқа да шектеу қойылды. Қаулыда дінге қарсы насихат жүргізуге ерекше мән берілді. Осы орайда идеялық күрескер «Союз воинствующих безбожников»(құдайсыздардың жауыққан одағы) болды[1]. Арнай газет, журналдары («Безбожник») да жарық көріп, түрлі фельетондар, т.б. материалдар жариаланды. Басылымдарда шіркеуді әжуалауға басымдық берілгенімен атеистік насихат орын алмады.Тек ағартушылық бағытқа мән берілді. «Құдайсыздардың жауыққан одағы» советтік билікті қолдады. Дінге қарсы күрес өндірісте, жатақханаларда түрлі бұрыштар ұйымдастыру, әңгімелесу, газет-журналдар арқылы күшейтілді. Алайда СВБ-ның жауапты хатшысы 1936 жылы Қазақстанда өлкекомның дінге қарсы насихатының мардымсыздығын, кей өңірде жауапты хатшылар тағайындалмағанын, бөлінген қаражаттардың (30 мың рубль) жетімсіздігіне қынжылады.

Алматыда мұны музей ғана жүргізіп, қалада конференция ұйымдастырады, СВБ-ның қалалық жоспарын жасайды. Ал аудандарда (Шелекте) мұндай да жұмыс қолға алынбай, халықтың діни сенімінің сетінемей, діни рәсімдер жалғасып келе жатқанына (Қорамда үйде құрбан айт өткізеді) қапаланып, Шелекте аудандық партия хатшылары СВБ басшылығына сайланады. Алайда ауылдарда діни рәсім әлі де сол қалпы сақталды[2,179].

Өлкелік СВБ кеңесі белгілі бір жұмыс жоспарын қабылдағанымен оның іске асқандығы туралы мәліметтер кездеспейді. 1937 жылғы санақ сауалында КСРО-да 30 млн. сауатсыз адамның 84%-ы дінге сенім білдірсе, сауатты 65 млн. адамның 45%-ы сенетінін айтқан[3,77]. Бұл дінге, шіркеуге қарсы күрестің сәтсіздігін көрсетеді. Қазақстанның Шымкент, Түркістан аймағы өзбек ишан мүридтерінің, Алматы, Семей, Петропавл татар молдаларының, Семей Хоззатолланың, қалған аймақтар молда, ишандардың ықпалында болған.

1930 жылы Қазақстанда дін қызметкерлеріне қарсы саяси репрессия 1929 жылғы қаулыға сәйкес күш алды. Күрес әдістері түрліше болғанымен белгілері ортақ еді. Ерікті көмек алаяқтық, әскерден бас тарту кеңеске қарсы әрекет, құранмен емдеу, емшілік діни үгіт ретінде пайымдалды.Оларға түрлі контрреволюциялық, советке қарсы айыптаулар да тағылды. Ел арасында советтік саясатпен келіспейтін қарсылар да болды. Кеңеске қарсы ұйым, топтардың ішінде монархиялық сипат алды делінген баптистер НКВД-ның (Ішкі істер халық комиссариатының) айрықша назарында болды. Әсіресе олар 1930-1931 жылдары Алматы облысындағы баптистердің (Қытаймен байланысы бар делінді) Алматы, Талдықорған, Үржар, Жаркент ұяшықтарын назарда ұстады. Баптистер Қытайға кете бастады[4,8]. 1932 жылдан бастап қауым мүшелерін тұтқындай бастады. Оған себеп олардың совет билігіне наразылығы, Қытайға көшуді ұйымдастыруы болды. Сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді мойындамауы да көңіл аудартты. Шындығында баптистер мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндірген, мемлекеттік құрылысты өзгертуді көздеген емес. Бар болғаны биліктің дінге қарсы күресін қателік деп бағалады. Олардың тұтқындалуына басты себеп кассаларының болуы, өзара көмектері, «колхозға зиянкестігі мен кеңеске қарсы үгіт жүргізді» деген желеулер еді.

1930 жылы саяси репрессия қоғамда сауатты өздеріне қарсылас саналған дін қызметкерлерін жау санаудан туындады. Оның үстіне әр аймақтағы діни ұйымдар арасында өзара тығыз байланыс болмады. Сырдария, Алматы округтерінде дінге берілгендер, ишандардың көп болуынан аудандарда олардың ықпалы басым болды, партия-совет ықпалы әлсіз округтерде де осындай жағдай қалыптасты. Олар діни мектептер ұйымдастырып, мешіттерді көбейтіп, төменгі кеңес аппаратына да ықпал еткен.

1928 жылы Сырдария округінде 276 заңсыз мектепте 5115 оқушы, Төрткүлде 207 мектепте 1090 оқушы болған[5,50]. Қыздарды да көптеп тартқан. Бір жағынан совет мектептерінің жетіспеушілігі, партия-совет аппаратының әлсіздігі, мұғалімдердің төмен даярлығының да ықпалы болмай қалған жоқ(кей жерлерде кеңестік ұйымдарды ишандар да басқарған). Осы кезде ишандар діндарлардың арасында ғана емес, билік өкілдеріне де ықпалы басым болды. Бірнеше жүздеген мүридтерді тәрбиелеген ишандардың рөлі қоғамда ерекше еді. Оларға қарсы қуғындау 1930 жылдың қаңтарында Аппақ ишанды, бауырларын, балаларын тұтқындаудан басталып, 1932 жылы Қадыберді ахун бастаған 25 ахун-ишандарды атумен жалғасты.

1937 жылы ВКП(б) ОК пленумында ОК хатшысы А. А. Жданов СВБ қызметін сынап, репрессияның қажеттігін мәлімдеді, ал Л. Мирзоян Республикада молдалар белсенді, жаңа мешіттер ашуға қол жеткізуде деуі де тиісті органдардың назарын аудартты. Жазалау органдарын Райымбек батыр бейітінде 1938 жылы Қожахмет деген молданың емші болып ақша тапқаны алаңдатады. Сыйынып келгендерге бейіт маңындағы кірпіш, ағаш сынықтарын оны ақшаға сатқан деп айыптайды[6,3]. Сонымен дін қызметкерлерінің қызметі халыққа қарсы, контрреволюциялық, шіркеулер ұлтшыл-буржуазиямен ауыз жаласқандар деп сипатталды.Ел басшылығы жазалау органдарына шіркеу-сектанттардың белсенділерін жоюды тапсырды. Мыңдаған дін қызметкерлері саяси репрессияға ұшырап, атылды. Сыйынатын үйлер өртеліп, мәдени қажеттіліктерге алынды.

НКВД-ның №00447 жедел бұйрығы негізінде Қазақстанда «шіркеу-сектант» ұйымдары мен топтарын репрессиялау басталды. Қоғамда белсенділігі артқан шіркеу-сектант ұйымдарына НКВД агентурасы іріткі салып, шіркеудің материалдық базасын әлсіретуге, сайлауға қатысуын қиындатуға күш салды. Олар НКВД-ң №00447 бұйрығын басшылыққа алды. Осы бұйрықпен 1937-1938 жылдары Республикада 33 мың адам репрессияланды[7,11]. 1937 жылы Шымкент, Алматы, Мирзоянда, Қостанайда аталған ұйым жойылды. Құпия монастырлар (Шымкент, Манкент, Жаңақорған, Алматы) орталықтармен (Могилев т.б.) өзара байланыста болып хат алмасқаны, контрреволюциялық ұяшықтары анықталып, 51 адам репрессияланған. Оларға тағылған айып «кеңеске қарсы насихат жүргізді, қауесеттер таратты» делінді. Қарағанды облысында шіркеуліктердің контрреволюциялық ұйымы анықталып, 19 басшысы репрессияланған[8,10-11]. Сектанттар НКВД бақылауында, есебінде болғандықтан, оларды тұтқындауға барлық негіз қолдарында болды. Жалпы операция барысында 1184 адам сотталды, оның 795 шіркеулік, 18 епископ, 345 поп, 99 монах, 384 сектант. Сектант-шіркеу ұйымдары мен топтарына қарсы іс чекистердің дін өкілдеріне қарсы репрессияны бастауға негіз болды.

Қазақстанда мұсылман діні қайраткерлерінің тағдырындағы «Құран шынжыры» ісі[9,13] тарихының алар орны ерекше. Бұл мәселе күні бүгінге дейін зерттеушілер назарынан тыс, ашық күйінде қалып келді. Ғылыми айналымға тартылған іс Орта Азия республикаларындағы мұсылман халықтарын репрессиялау тарихы туралы түсінігімізді кеңейтеді. «Құран шынжыры» ісінде де панисламизм мәселесі көтеріледі. КСРО-да осындай айдармен қорқыту кеңестік әдебиеттерде кең етек алғаны белгілі. НКВД панисламизм терминін өз мақсаттарына жетуде еппен пайдаланды. «Құран шынжыры»

ісі бойынша агентураның жедел тергеу жұмыстары туралы баяндаухаты ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отыр. Бұл құжат ҚР ҰҚК-нің ведомстволық архивінен табылды.

ОГПУ-дың шығыс бөлімі материалдарынан советтердің шығыстағы ішкі саясаттарының ерекшеліктері байқалады. Екі бөлімнен тұратын іс бойынша Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан және шетелдік, барлығы 242 адам күдікті деп танылды. Бұл туралы мәлімет әдебиеттерде кездеспейді деуге болады. Тіпті қазіргі кезде де кітапхана, мұрағаттардан кездестіре алмайсың. Зерттеулерде панисламизм қозғалысы 1937 жылы аяқталған болып саналады. Ал аталған іс 1940 жылмен аяқталады. 1940 жылы 14 октябрде ҚазССР КП(б) ОК Н. Скворцовқа танысу үшін берілген түсіндірме хатта осы іс туралы болатын. Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарының УНКВД қызметкерлері панисламизмді жасырын анықтаған. Операция «Табын» жедел ісіне қатысушы ұсталған адам арқылы анықталады. Оның ұйымның байланысы, қызметі, басшылары, ұйымның рөлі туралы айтқандары агентура материалдарымен айғақталады. Іс бойынша Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Гурьев облыстарының наркоматтарына жедел топтар көмекке жіберіледі. Панисламистік қозғалыс Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Иран, Ауғанстанмен байланыс орнатқан. 242 адамның негізгі бөлігі Қазақстанның облыстарынан.Күдіктілердің барлығы тексеріліп, анықталды. 119 адам Оңтүстік Қазақстаннан, 68 Ақтөбеден екені анықталды. М.Қойгелдиев саяси репрессияның шарықтау шегі 1937-1938 жылдар, бұл қозғалыстың орталығы Ташкент деп түйіндесе, бұл істе ұйымның 1940 жылдары репрессияланып, орталығы Қазақстан(Оңтүстік Қазақстан) екені анықталып отыр[10,117]. Іске негізінен Оңтүстік Қазақстан облысы материалдары арқау болып отыр.

Бұл іске қарап саяси репрессияның толқыны 1937-1938 жылдары басталып, одан әрі 1940 жылдары да орын алғанын көреміз. Қаз ССР Ішкі істер наркомының органдары 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Гурьев облыстарында панисламистік ұйым анықталып, жойылғанын айтады[11,1]. Тағылған айып:совет мемлекетіне қарсы қарулы күрес жүргізді, қазақ халқын қарулы күреске дайындады, Иран, Ауғанстан эмигранттарымен байланыс орнатуға тырысты, барлық күдіктенуші топтар мұсылман халықтарын (панисламизмге) біріктірмек болды делінді. Яғни, қозғалыс бірыңғай мұсылман мемлекетін құрып, «шариғат» заңын қалпына келтірмек болды-мыс. ОГПУ-дың шығыс бөлімі құжаттарында панисламизмді былайша түсінгендей: дін қайраткерлері елдегі барлық мұсылман көпшілігін біріктіруді жақтап, барлаушылар көзіне панисламистер болып көрінген.

Істі жүргізу тыңғылықты, ұзақ ойластырылған. Алғаш 1940 жылы 1 қазанда 56 адамды ұстап, оның 31-і мойындаған. Негізі панисламизм ұйымы большевиктердің Орта Азияға орнығуымен қалыптасқан ұғым. Сонымен іс бойынша ұсталғандар 58 баптың 2,4,6,9,10 пункттерімен, яғни «советке қарсы насихат, күреспен» айыпталды[12]. Бұл іс КСРО территориясында мұсылман элитасына қарсы ең ірі репрессияның бірі. Сотталғандар 1959 жылы 27 тамызда қылмыс құрамы болмағандықтан ақталды.

НКВД сыртқы күш, ислам бірлігі идеясын басқарушы элитаны қорқыту үшін, ішкі саяси міндеттерді шешу үшін қолданды. Бұл орайда «Құран шынжыры» таптырмас жоба болды. Ауқымы мен дайындығы Москвада ойластырылған аталған жоба жергілікті жерде осылайша «сәтті» жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Сарматов В.Союз воинстующих безбожников:исторический опыт и современность /https://zabolshevizm.wordpress.com/2013/05/28/post582/

2.РФММ,5263-қ,2-т.12-іс,179-п.

3.Бегасилова Ж.А. Политические репрессии против религиозных организаций и священнослужителей в Казахстане в 20-30-е гг.XX века. Диссертация на соискание степени доктора PhD.Алматы,2021.с.77.

4.ҚР ҰҚҚД Алматы қ.мұрағаты, 2-т,556-іс,8-п.

5.ҚР ПМ,141-қ,18-т,121-іс,50-п.

6.ҚР ОММ,1648-қ,1-т,5-іс,3-п.

7.Жанбосинова А.С.,Потапова Н.А. Маштабы и региональные особенности «национальных» операций в Казахской ССР // Исторический курьер.2019.№1.с.11.

8. ҚР ҰҚҚД Алматы қ.мұрағаты,557-қ,2-т,557-іс,10,11-пп.

9. ҚР ҰҚҚД Алматы қ.мұрағаты ,1-т,702-іс,13-пп.

10.РФММ,Р5325-қ,4-т,117-іс

11. ҚР ҰҚҚД Алматы қ.мұрағаты ,1-т,703-іс,1-пп.

12.Миннуллин И.Р. Мусульманское духовенство и власть в Татарстане. 1920-1930-е гг.Казань,2006.

ӘОЖ 930.85

1900 – 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ДАМУЫ

Муратказин М.М.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы деректер негізінде сараланады.Әсіресе, облыстағы арнайы орта және орта мектептердің сауатсыздықты жоюдағы және білім деңгейін көтерудегі роліне талдау жасалады.

Түйінді сөздер: сауатсыздықты жою,білім беру жүйесі, училише,техникум,мектеп, Кенді Алтай, Шығыс Қазақстан қалалары.

Жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда арнаулы орта және жоғарғы білімді ұлттық мамандарға сұраныс күшейді. Бұл тұста қазақ халқының сауатсыздығын жою міндеті республикадағы ең өзекті мәселелердің бірі болатын.

Экономикасы, мәдениеті өркен жайған еліміздің шырайлы – шығыс аймағының өткені, бүгіні, келешегі туралы, қалалық білім беру мәселерінің жетістікті және олқы жақтарын салыстыра отырып, зерттеу мақаламызға негіз болып отыр.

Бүгінгі күнде Шығыс Қазақстан қалалары тарихынан көшелерге есімі берілген білім берудің қалыптасу мен даму жолында еңбек еткен ардагерлер қызметінен алынған материалдарды саралай отырып, олардың ағарту саласы қызметін қиын да күрделі кезеңде дамыта білгендігінен аталған аймақтағы қалалар да өз тарихында білім берудің күрделі жолынан өткендігін көрсетеді [1, 4 б.].

Патша үкіметі кезеңінде білім беру жүйесі тоқырау сипатында болған еді. Аталған уақытта білім берудің талапқа сай мектеп мекемелері, оқу құралдары мен жабдықтары және оқытушылары жетіспеді. Қазан төңкерісінен кейінгі қалыптасқан ірі

саяси - шаруашылықты бетбұрыстар халықтың мәдени дамуының жоғарлауын талап етті. Партия мен өкімет мәдени қайта құруларды жүзеге асыра отырып, қараңғылық пен сауатсыздықты жоюды алға қойды. Мәдени дамуға қол жеткізудің басты табысы – халыққа білім беруді дамыту болды. Халыққа білім берудің мәселелерін шешуде Шығыс Қазақстандағы кеңес үкіметі көптеген қиыншылықтарды басынан өткізді [2, 5-7 бб.]. Революциядан кейін халықтың кедейленген топтары балаларына білім беру тегін жүйеге көшіріле бастаған. Сонымен қатар мемлекет бұл жылдары мектептерге жеткілікті көлемде қаржы бөле алмады. Елде ақ гвардияшылармен қақтығыс әлі де болса түбегейлі басылмаған еді және партия мен үкімет халықтың мәдени деңгейін көтерумен социализмді құру бөліп қарастыруға болмайтын мәселе деп түсінді.

Өскемен қаласында кейбір кезеңдерде яғни 1920-130 жж. білім беру төменгі деңгейде болды. Тіпті жалпы сауаттандыру мәселесі де дұрыс жолға қойылмады. Сапалы педагог кадрларды қала халқына білім беру үшін даярлау барысында қаланың және уездің мұғалімдерінің арасынан топ құрды. Олардың қатарында әсіресе ауылдық қазақ мектептерінің мұғалімдері болды. Оларды Семей қаласына үш айлық педагогикалық курстарға жіберді және мектептен тыс білім беру секциясы құрылды. Халық үйінің жанында қалалық кітапхана жұмыс істеді [3, 12-14 бб].

Оқулықтар мен оқулыққа көмекші құралдарының жетіспеушілігі оқытудың біршама әдістерін қолдануды талап етті. Материалдық қиыншылықтар мектептердің үнемі қысқарып отыруына себепші болды. 1921-1922 оқу жылындағы Өскемен қалалық халыққа білім беру орталығының есебі бойынша: «... қалалық мектептер алдыңғы оқу жылына қарағанда 13-тен 8-ге дейін қысқартылды. Оған негізгі түртті болған мәселелер тұрақты мектеп мекеме орындарының болмауы және жөндеуден өткізетін қаржының жетіспеушілігі».

Өскеменде 1930 жылдарға дейін бірнеше ғылыми зерттеу институттары жұмыс істейді. Сирек кездесетін мәдениет мұрасында он кітапша болып, бұдан 43 жыл бұрын араб әрпімен Ташкент қаласында басылған оқулықтар Өскемен қаласының музейінде сақталған. Аталған оқулықтар алғашқы кезеңде сол мектептер үшін оқулық ретінде пайдаланылып келді.

Қазан ревоюциясы мәдени революцияның жүзеге асу мүмкіндіктеріне жол ашты. 1920 жылы П.П. Бажовтың негіздеуі бойынша қалада Алтайлық шаруалар университеті ашылды. 1921 жылы Варовский атындағы педагогикалық техникум ашылды [4].

Өскемен қаласында білім беру төменгі деңгейде болды. Тіпті жалпы сауаттандыру мәселесі де дұрыс жолға қойылмады. Сапалы педагог кадрларды қала халқына білім беру үшін даярлау барысында қаланың және уездің мұғалімдерінің арасынан топ құрды. Олардың қатарында әсіресе ауылдық қазақ мектептерінің мұғалімдері болды. Оларды Семей қаласына үш айлық педагогикалық курстарға жіберді және мектептен тыс білім беру секциясы құрылды. Халық үйінің жанында қалалық кітапхана жұмыс істеді [5].

Қазақстанда 1920-1940 жылдарындағы жүзеге асырылған мәдени шаралардың бірі халыққа білім беру мәселесі маңызды орын алды. Халыққа білім беру саласында жүзеге асырылған негізгі шаралардың бірі халықтың сауатсыздығын жою үшін күрес болды. 1930 жылы қазақ АССР орталық атқару комитеті сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы декрет қабылдады. Декрет бойынша әрбір сауатты адам бірден аз емес адамның сауатсыздығын жоюға міндетті болады. Сауатсыздықты жою үшін әрбір ауылда, мемлекеттерде сауат ашу мектебі, үйірмелер орнады.

Оқулықтар мен оқулыққа көмекші құралдарының жетіспеушілігі оқытудың біршама әдістерін қолдануды талап етті. Материалдық қиыншылықтар мектептердің үнемі қысқарып отыруына себепші болды. 1921-1922 оқу жылындағы Өскемен қалалық

халыққа білім беру орталығының есебі бойынша: «... қалалық мекетептер алдыңғы оқу жылына қарағанда 13 – тен 8 - ге дейін қысқартылды. Оған негізгі түрткі болған мәселелер тұрақты мектеп мекеме орындарының болмауы және жөндеудеуден өткізетін қаржының жетіспеушілігі».

Кенді Алтайдың орталығы - Өскеменнің өзіне тән есею, өркендеу тарихы бар. 1930 жылдарға дейін бірнеше ғылыми зерттеу институттары жұмыс істейді. Сирек кездесетін мәдениет мұрасында он кітапша болып, бұдан 43 жыл бұрын араб әрпімен Ташкент қаласында басылған оқулықтар Өскемен қаласының музейінде сақталған. Аталған оулықтар алғашқы кезеңде сол мектептер үшін оқулық ретінде пайдаланылып келді. 1923-24 оқу жылында Өскемен қаласында тұңғыш рет қазақ балалары үшін жетіжылдақ мектеп ашылған болатын. Бұдан кейін Өскемен уезінің басқа жерлерінде де осы типті мектептер ашыла бастаған. [2, 4 б.].

Қазан ревоюциясы мәдени революцияның жүзеге асу мүмкіндіктеріне жол ашты. 1920 жылы П.П. Бажовтың негіздеуі бойынша қалада Алтайлық шаруалар университеті ашылды. 1921 жылы Варовский атындағы педагогикалық техникум ашылды [6, 14-15 б.].

1923-24 жылдары Өскемен уезінде 246 мұғалім сабақ берді. Олардың 5 - жоғарғы оқу орынын бітіргендер еді. 175 маман арнайы педагогикалық білім алған. Олардың 71 пайызы арнайы педагогикалық курстарда білім алған [7, 46 б.]. 1929 жылға дейін қалада бір екінші баспалдақты А.В. Луначарский атындағы мектепте балалар оқытылды. Онда балалар негізінен ақылы оқытылды. Кейіннен кедей балаларының 60 % мектепте ақысыз оқытылды. 1930 жылы жалпыға білім беру талаптары бойынша бастауыш білім беру ақысыз болып ауыстырылды. Осы жылдары қалада мұғалімдер мектептегі жұмыстан тыс сауатсыздықпен күрес жұмыстарын атқарып отырды.1934жылы Өскеменде орта жастағылар сауаттандыру мен барлық мүмкіндіктегі кешкі білім беруге тартылды.

1922 жылдың 4-желтоқсанында IУ-губерниялық съездің шешімі бойынша Халыққа білім берудің практикалық институты мен 9 айлық қаақ педагогикалық курсының базасында Семей мұғалімдер даярлайтын қазақ техникумына айнылдарылды. Оның директоры Қазақстандағы халыкка білім берудің көрнекті ұйымдастырушысы, тамаша педагог А.З.Сәтпаев еді. Алғашқы жылы техникумның 12 оқытушысы, 100 оқушысы болды. Болашақ мұғалімдерді іс жүзінде дайындау мақсатымен техникумда 1-дәрежелі мектеп ашылды. Маманданған ұлттық кадрдың жетіспеуінен сабақ көпшілігінде орыс тілінде жүргізілді. Жоғары педагогикалық білімдері бар Ленинград университетінің студенттері М.О. Әуезов, Т.А. Кошкина, М.Ф. Виноходов, Ш.Көкімбаев осы кезеңде өздерінің педагогикалық және ғылыми қызметтерін бастаған болатын. Сонымен қатар Н.Н. Белослюдов, Мінән Тұрғамбаев, Әміржан Ситдықов, кейіннен республика мектебінің еңбек сіңірген ұстазы, педагогика ғылымның кандидаты атағын иеленген И.Я. Малахов, Қалиақпар Төребаев, О.Н. Рутковский, Т.И. Лялюков, Ф.Д. Шныров, В.Н. Рябов, Ғафур Ғадуллин сынды белгілі педагогтар дәріс берді.

Семей педтехникумының шәкірттері кейіннен көрнекті ғалым, партия және Кеңес қызметкерлері болып, республиканың мәдениет пен халық шаруашылығын дамытуда орасан зор үлес қосты. Олардың қатарында филология ғылымының докторы, професор, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Ә.Х.Марғұлан, көрнекті ғалым, тіл маманы, қазақ диалекгологиясы бойынша ғылым кандидаты, Совет Одағының батырлары - Айтықов, В.А. Шулятников, педагог-социалситік еңбек ерлері- Ж.Шайжүнісов, М.Носова, Д.М. Парий, КСРО-ның корреспондент-мүшесі, республика білім беру министрі, Алтынсарин атындағы тылыми зерттеу институтының директоры, педагогика ғылымының докторы - Әбдіхамит Сембаев, Ішкі істер министрі, милиция

генерал-лейтенанты Ш.Қабылбаев сынды азаматтар оқыған. Техникум оқушыларының ғылыми творчестволық ізденістерін дамытуда Мұхтар Әуезовтың сіңірген еңбегі зор. Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдары Семей өңірінің тұңғыш фольклорын жинаушы және зерттеушісі болды. Ол осы мақсатында 1925 жылы Семей халыққа білім беру бөлімінің методикалық кеңесінде педтехникум оқушыларын жазғы каникулдарында қазақ халқының тарихын құрастыру, халықтың ауыз . әдебиеті бойынша деректер жиыстыру үшін пайдалану жөнінде ұсыныс жасайды

1922-1923 жылдары Семейдің қазақ педагогикалық техникумында даярлық курстармен қоса есептегенде 400-ге жуық оқушы оқыды. 1925 жылы техникумның 11 тұңғыш түлегі бітіріп шықты.

1930 жылы 9-қараша Семейде орталау және орта мектептерге арналған мұғалімдерге арналған кешкі педагогикалық институт ашылды /286/. Институтта " қоғамтану, тіл-әдебиет бөлімдері болды. Сол кезеңдегі білікті, жоғары білімді педагогикалық кадрмен" қамтамасыз ету қиындығынан институт оқытушыларының 30% ғана жоғары білімді болды. Институттың тұрақты ғимараты болмауынан, дәріс бөлмелері мен оқулық жетіспеуі сияқты қиыншылықгар көп болды. 1932 жылға дейін оқу мерзімі 4 жыл, сол жылдың 15-мамырынан бастап 3 жылдыққа көшірілді.

1932 жылы Семей облысындағы жоғары оқу орны болып есептелінген Семей қаласындағы Бүкілодақгық геология комитетінің шешімі негізінде геологиялық барлау комитеті құрылды. Алайда инстнтут көп өмір сүре алмады, материалдық базаның, ғылыми педагогикалық кадрлардың жетіспеуіне байланысты Семей геологиялық барлау институты Алматыға көшірілді; [8].

1936 жылы 10 қаңтарда қала халқының 450 адамы сауатсыздықты жою орындарында білім алды. Бір ай өткеннен кейін олардың саны 700 – ден асты. Жалпы қалада білім берудің салыстырмалы деңгейін төмендегі кесте сараптайды.

Кесте 1 – 1936-1937 оқу жылдарында Өскемен қаласында жұмыс істеген 12 мектеп

№	Мектеп атауы	Мектептегі сын сыныптар	Оқушылар
1	Ушанов атындағы Орта мектеп	28	1064
2	Ж. Жабаев атындағы қазақ орта мектебі	8	294
3	В.Ленин атындағы орта мектеп	20	811
4	Бастауыш негіздегі білім беру мектебі	4	176
5	№ 2 Бастауыш мектеп	2	12
6	№ 3 Бастауыш мектеп	10	436
7	№ 4 Бастауыш мектеп	10	410
8	№ 5 Бастауыш мектеп	8	354
9	№ 9 Бастауыш мектеп	6	264
10	№ 10 Бастауыш мектеп	4	168
11	Октябрьдің Х жылдығы атындағы бастауыш мектеп	4	191
12	Бастауыш татар мектебі	4	86
Бар-лығы	Қала бойынша жалпы 12 мектеп	108	4256

Жоғарыда аталған Ушанов атындағы орта мектеп 1936 жылы алғашқы он жылдық түлектер шығарды. Осы түлектер Луначарский атындағы педтехникумның 1930 жылы алғашқы бірінші курсына қабылданды. 1937 жылға дейін педучилищелер педтехникумдар деп аталған. Осы атлаған кезеңде орта білімді тек техникумдар ғана берді. Келісім шарт бойынша мектептегі жұмыс үшін көмек ретінде қалам, дәптер және т.б. оқу құралдары аз көлемде болса да берілген. Алғашқы кзеңде қазақ мектептеріне қазақ тіліндегі мұғалімдер жетіспеді. Оларды орыс тілді мектептердегі қазақ тілін білетін мұғалімдер алмастырды. Бұндай қиыншылықтарға қарамастан халыққа білім беру мәселесі өзіне жол сала білді.

1937 жылы Өскеменде кешкі мектептер ашыла бастаған. Кешкі мектепте сол жылы 130 адам оқытылды. Ол негізінен кейінгі № 1 мектеп ғимараты мекемесінде орналасты. Білім беру мен сауатсыздықты Ұлы Отан соғысы біраз кешеуілдетті. Қалада 1943 жылы кооперативтік техникум ашылды. 1945 жылы тамыз айында агромектептің негізінде ауылшаруашылық техникум ашылды. Қалада оқытушы кадрлар жетіспеушілігі орын алмаса да, кітап пен оқу құралдары жетіспеді. Оқытушылар көбіне жау тылынан азат етілгендер яғни сырттан келгендер қатары еді. Алайда мұғалімдер мен жергілікті ағартушы өкілдер ұжымы бұл қиындықты да жеңе білді.

Қорытындылай келе, тарихымызда бұрын біржақты қарастырылып келген ХХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы оқу орындарының қалыптасуы мен даму жолын, әрі оның әлеуметтік-саяси сипаты бойынша жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан бағаланды және қоғамның рухани негізі ретінде ұлттық білім беру, халық-ағарту жүйесін қалыптастыруда зиялы қауымның ұйымдастырушылық, педагогикалық-шығармашылық қызметтерімен танысып, сипаттама берілді. Шығыс Қазақстан жеріндегі ұйымдастырылған алғашқы білім беру желілерінің қалыптасуы және даму тарихына зерттеу жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өскемен және өскемендіктер // Коммунизм туы- 4 қыркүйек -1976. – 4 б.

2 ШҚОММ қор 631, т. 1, іс 36, 5-7 бб.

3 Штрихи к портрету города. Усть- Каменогорску 250 лет (1920-1990) Усть-Каменогроск, 1990. – 12-14 бб.

4 С. Сейфоллаұлы. Қазақ арасындағы сауатсыздықты жою.

5 Сирек кездесін мұра // Коммунизм туы - 16 маусым -1967.

6 Штрихи к портрету города. Усть- Каменогорску 250 лет (1920-1990) Усть-Каменогроск, 1990. 14-15 с.

7 ШҚОММ қор 273, т. 1, іс, 14 с 46

8 Каирханова А.Д. Создание и развитие сети культурно-просветительных учреждений в Казахстане (1920-1932 гг.). Исторический опыть и проблемы. -Автореф. дисс. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук. Алматы. 1993. -24 с.

УДК 314.5

СУПРУЖЕСКИЕ КОНФЛИКТЫ И СТАБИЛЬНОСТЬ БРАКА

Абилова М.Б., магистрант
Научный руководитель: Бермухамедова Г.Б.
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются виды супружеских конфликтов, проблемы укрепления брачно-семейных отношений, которые являются весьма актуальными в нашей стране. На бракоразводных процессах проявляются разные черты характера. Проведены примеры конфликтов, как правило, ведущие к разводу.

Ключевые слова: конфликт, потребность, дефекты характера, супружеское взаимоотношение, психиыеские напряжения, депрессия.

Для анализа устойчивости супружеских взаимоотношений необходимо выяснить прежде всего основные причины конфликтов и разводов и попытаться привести их к определенной системе. Создание классификации явилось бы удобной схемой систематизации материалов бракоразводных дел и более улгубленного изучения процессов дезорганизации супружеской жизни.

Дело в том, что в любом конфликте, размолвке, разногласии, ссоре между супругами проявляются непосредственно черты их характера. При том на бракоразводных процессах ссылка разводящихся мужчин и женщин «не сошлись характером» занимает третье место. Об этом свидетельствуют и данные исследований, проведенных в различных городах разными исследователями. Естественно, что одни черты характера, например, терпимость, уступчивость, добродушие, доброжелательность и целый ряд других, способствуют супружескому сотрудничеству и кооперации, взаимному пониманию и общению. Такие, как властность, грубость, жестокость, подозрительность и целый ряд отрицательных черт характера препятствуют установлению нормальных супружеских взаимоотношений. Как уже отмечалось, в той или иной степени у каждого из супругов могут быть определенные дефекты характера, обусловленные воспитанием или прошедшей жизнью. Под дефектами характера и воспитания мы понимаем недостаточное развитие в личности тех или иных нравственных качеств, неумение быть тактичным и внимательным к другому, неумение войти в душевный мир другого человека, отсутствие чувства сострадания, соучастия, сопереживания, недостаточное развитие альтруистических чувств, а также эгоизм и эгоцентризм. Естественно, дефекты характера, воспитания и отрицательного прошлого опыта общения с любьми указанными признаками далеко не исчерпываются. Пока что мы только ставим проблему о влиянии характера человека на супружеские взаимоотношения, так как социологической и психологической литературе работ на эту тему нет, однако можно предположить, что большая группа супружеских конфликтов связана именно с определенными дефектами характера человека и его нравственного развития [1].

Следующая группа супружеских конфликтов, также совершенно не изученных, на наш взгляд, возникает на основе значительного расхождения во взглядах на жизнь, ее смысл и цель жизни, то есть на базе коренных различий в жизненных позициях, установках, мировоззрении, то есть речь идет о коренных различиях в личной жизненной философии супругов или в их ценностных ориентациях, другими словами, на какие материальные и духовные ценности ориентированы супруги. Размолвки,

несогласия, конфликты, основанные на почве разделения труда в семье, несовпадения взаимных представлений об обязанностях мужы и жены, представляют еще одно основание, ведущее к супружеской конфликтности.

Как правило, к разводу ведут острые и хронические конфликты, на основе которых может лежать сразу несколько оснований. Поэтому в целях более полного комплексного анализа дезорганизации сурпужеской жизни необходимо создание теории супружеских конфликтов. Полагаем, что такую работу можно начать с определеннной систематизации тех знаний, которыми мы располагаем по этому вопросу. Итак, конфликты, разнообразные по форме, источнику, содержанию, мы предлагаем объединить в три большие группы:

1. Конфликты, возникающие на базе неудовлетворенных потребностей супругов.
2. Конфликты, в основе которых лежат недостатки и дефекты воспитания, характера и нравственного развития супругов.
3. Конфликты, возникающие в результате несогласия супругов о взаимных правах, обязанностях, на почве разделения труда в семье, ухода за детьми.

Создание теории супружеской конфликтности имеет первостепенное значение для понимания причин семейной дезорганизации для понимания того, как складывается и развивается современная брачная жизнь. Создание этой теории является одним из направлений развития и формирования психологии брачно-семейных отношений. Более того, мы полагаем, что развитие такого направления имеет первостепенное для организации брачно-семейных консультаций в нашей стране. А теперь перейдем к более подробному анализу конфликтов первой выделенной нами группы, то есть конфликтов, возникающих на базе неудовлетворенных потребностей супругов [2].

Как уже отмечалось раньше, потребность является источником деятельности человека и может психологически модифицироваться в желания и намерения, мотивы и интересы человека.

Те или иные неудовлетворенные потребности нарушают психическую устойчивость личности, создают ощущение психического дискомфорта, глубокой неудовлетворенности. Для поддержания нормального физического и психологического здоровья человеку необходимо сбалансированное и пропорциональное удовлетворение всех потребностей. Другое дело, что более полное удовлетворение одних потребностей, их приоритет перед другими зависит от иерархии потребностей, которая сложилась у данного конкретного человека. В данном случае речь идет о том, какое значение и смысл имеет ты или иная потребность личности вообще, каковы ее жизненные установки.

Нельзя не сказать и о том, что все почти без исключения потребности человека могут иметь преувеличенный характер, в дальнейшем выливаясь в сильную страсть, способную буквально поработать человека. Такие потребности носят гипертрофированный характер.

В обыденной жизни та или иная страсть может также приобретать не менее драматический характер, например стойко сформироваашаяся потребность к алкогольным напиткам, страсть-привычка к азартным играм и т.д. Обычно этот тип потребностей называют ложными (квазипотребностями). Эти отрицательные с социальной точки зрения потребности могут быть самого различного характера и содержания, создавая базу дурных привычек и склонностей. Такие ложные потребности, как алкоголь, курение могут совершенно поработать человека, а иногда может возникнуть необходимость даже в специальном медицинском лечении [3].

Преувеличенная роль удовлетворения тех или иных потребностей, характерная для того или иного человека, может и не носить какого-либо антисоциального

характера. Это уже сфера личных склонностей и увлечений. В реальной жизни мы можем наблюдать людей, когда какой-либо одной потребности отдается особое предпочтение и в этом нет ничего плохогого.

Сильные страсти и увлечения, возникшие на базе какой-либо потребности могут повлиять на удовлетворение других потербностей, сильно их ограничивая. Более того, у одного и того же человека могут возникать душевные конфликты, когда одна потребность вступает в конфликт с другой. Например, человек может мучительно решать такую, казалось бы, простую задачу: посидеть сегодня вечером дома над важным докладом, который предстоит сделать завтра на представительном собрании или пойти на решающую встречу, хочется завоевать любовь и признание любимой дочери, а с другой стороны необходимо наказать ее за проступок и т.д.

Если конфликты на базе удовлетворения тех ли иных потребностей развертываются душевной жизни человека, то нет ничего странного в том, что они могут быть мотивом конфликтов между супругами. Одни и те же потребности у разных людей имеют разную разную интенсивность своего проявления, разную силу влечения.

Разумеется, что эта классификация супружеских конфликтов не охватывает всего их многообразия, но она дает возможность систематизировать основную их часть.

На наш взгляд, на оснований этой классификации можно проводить дополнительные конкретно-социологические исследования брачно-семейных отношений. Более того, это первый шаг на пути постановки диагноза развития супружеских взаимоотношений, когда в семейно-брачную консультацию обратятся конфликтные семьи.

ЛИТЕРАТУРА

1. Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я. Социально-психологические методы исследования супружеских отношений. – М., 1997.

2. Сысенко В.А. Супружеские конфликты. – М., 1999.

3. Андреева Г.М. Психология социального познания. – М., 2000.

УДК 336

МОЛОДЕЖЬ НА РЫНКЕ ТРУДА В КАЗАХСТАНЕ

Нұрланова Ә.Н., магистрант
Научный руководитель: Бермухамедова Г.Б.
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассмотрены основные проблемы молодежи на рынке труда в Казахстане. На фоне общей положительной тенденции сокращения молодежной безработицы выделены проблемы, связанные с высоким уровнем молодежной самозанятости, ростом доли группы NEET, замедлением роста охвата высшим образованием, несоответствием подготовки кадров потребностям рынка труда.

Ключевые слова: молодежь, население в возрасте 15-28 лет, молодежная безработица, NEET, молодежная самозанятость.

Повышение конкурентоспособности национальных кадров и развитие человеческих ресурсов являются приоритетной задачей и условием для стабильного экономического развития Казахстана. Реализация Третьей модернизации Казахстана

обусловливает наличие высоких требований к качеству трудовых ресурсов, обладающих значительным образовательным, профессиональным, квалификационным потенциалом.

Существующие диспропорции между потребностями рынка труда в специалистах усиливают необходимость особого внимания к молодежи на рынке труда. Из 2,1 млн. занятой молодежи в возрасте 15-28 лет 95,0% принадлежит к возрастной группе 20-28 лет и составляет более четверти экономически активного населения Казахстана. В первом полугодии 2019 г. самый низкий уровень молодежной безработицы наблюдался в Атырауской (2,4%), Жамбылской (2,4%) и Актюбинской (2,5%) областях, самый высокий уровень в г. Алматы (6,3%), в Карагандинской области (5%) и в г. Нур-Султан (4,5%). В этот же период было создано 186 тысяч рабочих мест в торговле, строительстве и сельском хозяйстве, что на 7% больше, чем за аналогичный период 2018 г. Около 30% созданных рабочих мест приходится на г. Алматы, Алматинскую и Мангистаускую области, 42% или 77 тысяч рабочих мест - на сельскую местность [1].

Следует отметить проблемы в формировании качественного и конкурентоспособного класса самостоятельно занятой молодежи, недостаточные опыт и навыки ведения собственного бизнеса. Это проявляется, в частности, в сокращении численности работодателей среди продуктивно занятой молодежи.

В 2012-2018 гг. был отмечен отраслевой переток занятых молодых людей. Так, если в 2012 г. 28,9% молодежи было занято в секторе «сельское хозяйство», то в 2019 г. наиболее востребованным видом экономической деятельности является сфера оптовой и розничной торговли (388,8 тыс человек)[2].

Наименьший уровень занятости – в таких отраслях, как горнодобывающая промышленность (56,8 тыс. человек), в сфере водоснабжения, канализационной системы, контроля над сбором и распределением отходов (12,8 тыс. человек). Низкий уровень занятости молодежи в наукоемких и сервисных отраслях - информация и связь (47,1 тыс человек), в сфере искусства, развлечения и отдыха (42,6 тыс. человек) [3].

Одним из важнейших показателей рынка труда является группа NEET (Not in Education, Employment or Training). Доля этой группы с 2012 г. по 2018 г. возросла в Казахстане с 8% до 8,7% [4]. Рост доли NEET имел место в большинстве регионов Казахстана. Так, в Актюбинской области ее доля возросла с 3,0% до 7,8%. Высока доля молодежи NEET в таких областях, как Жамбылская (10,7%), Карагандинская (12,4%), Кызылординская (10,6%) и Мангистауская (11,5%), Туркестанская (10,8).

Высокому риску попадания в группу NEET подвержена безработная молодежь без шансов на повышение квалификации и сельская молодежь, для которой непреодолимо высоким барьером могут быть издержки миграции. Не случайно во внутренней миграции около 80% приходится на внутриобластную миграцию.

Для снижения численности NEET-молодежи разработана Дорожная карта по социализации молодежи категории NEET. Она позволит работать с молодежью NEET по восьми категориям: безработная молодежь, сельская молодежь, молодежь с ограниченными возможностями, занятая молодежь со средним образованием, молодежь с доходами ниже прожиточного минимума, образованная молодежь без опыта работы, молодые женщины, имеющие малолетних детей, асоциальная молодежь и шести направлениям: профориентация, профессиональное обучение, обеспечение занятости, развитие молодежного предпринимательства, социализация молодежи, организационно-методические мероприятия.

Трудоустройство не по специальности и непродуктивная самозанятость молодежи ведут к снижению уровня человеческого капитала и «потенциально упущенной» выгоде от трудоустройства молодежи и выплат ими налогов. Так, 15,5%

безработной молодежи находится в поисках работы от 6 до 12 месяцев, 27% - от 3 до 6 месяцев, 20% экономически активного населения Казахстана трудятся в отраслях, не соответствующих полученному образованию, а среди молодежи данный показатель достигает 40%.

Таким образом, проведенный анализ позволил выявить следующие особенности молодежного рынка труда и занятости: положительная динамика основных индикаторов молодежного рынка труда Казахстана, в том числе рост уровня занятости молодежи; высокий показатель уровня безработицы в городах Алматы и Нур-Султан (Астана); сохранение в течение длительного периода высокой доли самостоятельно занятой молодежи в возрасте от 15 до 28 лет, особенно значима эта проблема для Жамбылской и Туркестанской областей; почти не меняющаяся картина преобладания доли сельской молодежи в составе самозанятых; преобладание мужского контингента в гендерной структуре молодежной занятости, как и в занятости всего населения Казахстана всех возрастных категорий.

В последние 10 лет изменилось соотношение выпускников вузов и ТиПО. Если до 2009 года преобладал выпуск студентов вузов, то с 2010 года самой многочисленной категорией стали выпускники ТиПО. Такая динамика может отражать тенденцию замедления роста охвата высшим образованием и недостаточности усилий по развитию высшего образования. Так, по данным Всемирного банка расходы на высшее образование в наиболее развитых странах более 1% к ВВП. В России и Беларуси около 0,8%. В Казахстане этот показатель почти в 3 раза ниже.

В Казахстане уровень охвата высшим образованием вырос с 2000 г. с 31% до 52% к 2018 году, что соответствует уровню стран с доходом выше среднего. Однако динамика этого показателя была невысокой. Например, в Китае этот показатель также достиг 51% к 2018 г., но в 2000 г. его уровень составлял всего лишь 7%. Усилилась дистанция по этому показателю с партнерами по ЕАЭС. Если в 2000 г. разрыв по уровню охвата высшим образованием с Россией и Беларусью составлял примерно 24%, то к 2018 году он достиг 35-40% [5].

Преобладание в структуре занятого молодого населения лиц с высшим образованием говорит о всевозрастающем стремлении молодежи к получению образования и повышения своей квалификации и профессиональных навыков. Прием и подготовка кадров в Казахстане осуществлялся преимущественно за счет покупки образовательных услуг из средств населения и предприятий. В целом 70% студентов вузов обучались за счет собственных средств и средств предприятий, из них лишь 1,2% обучается за счет средств предприятий.

ЛИТЕРАТУРА

1. В каких регионах Казахстана больше всего безработной молодежи: [Электронный ресурс], https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kakih-regionah-kazahstana-vsego-bezrabotnoy-шо1оае)1-379183/

2. Занятость в Казахстане за 2014-2018 гг. Статистический сборник.- Нур-Султан. 2019.- 231 с.

3. Жусупова А. Дело молодое / Эксперт Казахстан от 27.08.2019. [Электронный ресурс]. URL: http://expertonline.kz_

4. Основные индикаторы рынка труда молодежи (в возрасте 15-28 лет) по регионам РК и уровню образования за 2001-2018 гг. [Электронный ресурс]. URL:https://stat.gov.kz

5. World Bank, Education Statistics. URL:https://databank.worldbank.org

МАЗМҰНЫ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТАРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ҚАРСЫ КӨТЕРІЛІСІ
Абланова Э.А. **4**
KAZAKİSTAN'DA TARİH VE KİMLİK ALGISI
Abdullah GÜNDOĞDU **9**
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Бердіғожин Л.Б. **19**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ
Ермұқанов Е.Н., Әуелбеков Ө.С. **26**
РЕСЕЙЛІК ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТҚА ҚАРСЫ ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ: ЖЕҢІЛУ СЕБЕПТЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ
Құрманалин С.Б. **32**

1-СЕКЦИЯ.
1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ КӨТЕРІЛІСІ ХАҚЫНДА
Бақытова Н., Исаева Л.Н. **38**
КАРЕЛИН ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ
Ағниязова А. **40**
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ XIX АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДА БӨКЕЙ ОРДАСЫ ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗДІҢ БАТЫС БӨЛІГІНДЕГІ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ
Бекешов С.С. **43**
ҚАЗАҚСТАНДА ДІНИ ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРГЕ ҚАРСЫ КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ЖАЗАЛАУ САЯСАТЫ (XX Ғ. 20 ЖЫЛДАР)
Бегасилова Ж.А., Ермұқанов Е.Н. **46**
БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ИСАТАЙ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС
Хамзеева И., Қамиева Г.Б. **50**
НАРОДНОЕ СОГЛАСИЕ – ГАРАНТ СТАБИЛЬНОСТИ И БЛАГОПОЛУЧИЯ
Бекжанов А.Н. **53**
ИСА-ДОСАН КӨТЕРІЛІСІ
Уткелбаев Б., Қамиева Г.Б. **55**
СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС
Армиева А., Исаева Л.Н. **58**
СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ
Жұмабек А.А., Сидешова Р.А. **61**
КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС
Асқарбеков А., Қамиева Г.Б. **63**
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ МАҢЫЗДЫ ОРНЫ
Мұхамбетқали Д.С. Сидешова Р.А. **66**

2-СЕКЦИЯ.
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕР: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

DEVELOPMENT AND FUTURE OF ARCHEOLOGY IN INDEPENDENT KAZAKHSTAN
Serhan ÇINAR **71**
1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ
Исаева Л.Н. **74**
OSMANLI DEVLETİ'NİN PAYLAŞILMASI İÇİN YAPILAN GİZL ANTLAŞMALAR
Turlybek A., Zhumatayeva D. **81**
ӘБДІҒАПАР ХАН ЖӘНЕ ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ
Рақымжан Н.Р. **87**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ СЕБЕПТЕРІ, МАҚСАТТАРЫ, ТАРИХИ МАҢЫЗЫ
Утепова Г.А., Сидешова Р.А. **91**
НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ВОССТАНИЕ 1916 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ
Кильдякова Е.Н. **93**
1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ
Бекенжанова А.А. **96**
1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ
Ізтілеуова Д.Ғ. Сидешова Р.А. **98**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚАРСЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯ
Бегасилова Ж.А.,Ермұқанов Е.Н. **100**
1900 – 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ДАМУЫ
Муратказин М.М. **104**
СУПРУЖЕСКИЕ КОНФЛИКТЫ И СТАБИЛЬНОСТЬ БРАКА
Абилова М.Б. Бермухамедова Г.Б. **109**
МОЛОДЕЖЬ НА РЫНКЕ ТРУДА В КАЗАХСТАНЕ
Нұрланова Ә.Н., Бермухамедова Г.Б. **111**

Пішімі 60х84 1/12
Көлемі 115 бет
Шартты баспа табағы 10
Таралымы 50 дана
Есенов университетінің
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты
130003, Ақтау қ., 32 ш/а